

ISSN 1607-2782

Республикалық
ғылыми-әдістемелік
журнал

Республиканский
научно-методический
журнал



Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
мемлекеттік университетінің

1999 жылғы наурыздан бастап
жылына екі рет шығады

№ 2 (34) 2012

ХАБАРШЫСЫ

Бас редактор	– БИСЕНОВ Қ.А. техника ғылымдарының докторы, профессор
Бас редактордың орынбасары	– ШАЛБОЛОВА Ү.Ж. экономика ғылымдарының докторы, профессор
Жауапты редактор	– ОМАРОВ Қ.Ө. география ғылымдарының кандидаты, профессор

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Аруова Л.Б.	– техника ғылымдарының докторы, профессор
Баканов Ғ.Б.	– физика-математика ғылымдарының докторы, профессор
Досжанов М.Ж.	– техника ғылымдарының докторы, профессор
Ибадуллаева С.Ж.	– биология ғылымдарының докторы, профессор
Кәрібозұлы Б.	– филология ғылымдарының докторы, профессор
Қарлыханов Т.Қ.	– техника ғылымдарының докторы, профессор
Қожақұлы Ө.	– тарих ғылымдарының докторы, профессор
Қошқаров С.И.	– техника ғылымдарының докторы, профессор
Майгелдиева Ш.М.	– педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Нұрахметов Е.Н.	– филология ғылымдарының докторы, профессор
Сәдуақасұлы Ж.	– филология ғылымдарының докторы, профессор
Сәтбай Т.Я.	– тарих ғылымдарының докторы, доцент
Сейсенов Б.	– философия ғылымдарының докторы, профессор
Тоқтамысов Ә.М.	– ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, доцент
Үдербаев С.С.	– техника ғылымдарының докторы, профессор
Шомантаев А.Ә.	– ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор
Кеншінбай Т.Ы.	– филология ғылымдарының кандидаты, доцент

«БІЛІМ – ҒЫЛЫМ – ИННОВАЦИЯ» ПОСТИНДУСТРИАЛДЫ ҮШТІГІ АЯСЫНДА ИНЖЕНЕРЛІК КАДРЛАР ДАЯРЛАУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қ.А. БИСЕНОВ,

*техника ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының академигі,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті*

Инновацияларды экономиканың барлық салаларына ендіру, оны заман талабына сай индустрияландыруды жүзеге асырудағы рөлін әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Сондықтан да Қазақстан білім мен ғылымды және инновациялық өндірісті ықпалдастыру бағытында түбегейлі реформаларды жүзеге асырып келеді. Бұл қатарда «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарының, елімізде білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының [1-4] және тағы да басқа стратегиялық құжаттардың маңызы зор. Ойдағыдай орындалып келе жатқан Үдемелі индустриалды-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы елімізді бәсекеге қабілеттіліктің жаңа белестеріне шығармақ.

Қазақстанда инновациялық даму мәселесі ең алғаш рет 1997 жылғы Елбасының «Қазақстан – 2030» Даму стратегиясында айқындалған болатын. Содан бергі уақытта индустрияландыру мен инновациялар елдің экономикалық дамуының қозғаушы күшіне айналды. Нәтижесінде Қазақстан дәстүрлі экономика салаларында серпінді қадамдар жасап қана қоймай, жаңа сапалы даму бағыттарын да игере бастады. Іске қосылып жатқан өндіріс орындарының жаңа технологиялармен жабдықталуы осының жарқын көрінісі. Мұндай өндіріс орындарында жұмыс істеу үшін маманның ерекше білікті, білімді болуы қажет екені де белгілі. Сондықтан ұлттық экономиканың одан әрі дамуын қамтамасыз ететін инженер мамандар даярлаудың өзектілігі жоғары.

Жоғары оқу орындары экономиканың барлық салаларында инновациялық шешімдердің нәтижелерін іс жүзінде қолдану үдерісіне белсене атсалысуда. Бұл орайда жоғарғы мектептің басымдықтары ретінде ғылым, білім, өндірісті ықпалдастыру мәселесі алға шығуы заңдылық. Бұл еліміздің интеллектуалдық капиталының дамуын, жаңа білім мен жаңалықтардың жинақталып, қорытылуын және олардың жаңа өнімге, қызметке, технологияға айналып, капиталдануын қамтамасыз етеді [5-7]. Осы мақсатта инновациялық экономика үшін инженер мамандарды даярлау сапасын жетілдіру, нақты айтқанда, инновациялық типтегі инженерлер даярлауды жолға қою күн тәртібіндегі мәселе.

Айтылғандар мына міндеттердің шешілуін қажет етеді:

Бірінші, әлемдік тәжірибеге сәйкес инженерлік мамандықтарға арналған жаңа мазмұндағы білім беру бағдарламаларын жасау және ендіру;

Екінші, ақпараттық ресурстарды пайдалана отырып жаңа технологияларды енгізу;

Үшінші, тәжірибе алмасу және халықаралық деңгейде одан әрі ықпалдасу мақсатында шетелдік жетекші университеттермен бірігіп, халықаралық білім беру бағдарламаларын жасау мен оны жүзеге асыру;

Төртінші, ұлттық және халықаралық аккредиттеуден өту арқылы білім беру бағдарламаларының қоғамдық-кәсіптік тұрғыда танылуын қамтамасыз ету;

Бесінші, жоғары оқу орнының қызметін түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші арқылы бағалау – таяу болашақтың ісі. Осыған байланысты жұмыс берушілермен ортақ іс-әрекеттің жаңа әдіс-тәсілдерін дамытудың маңыздылығы арта түспек;

Алтыншы, отандық жоғары оқу орындары оқытудың жаңа қағидаларына сүйене отырып, өнеркәсіп индустриясына мамандар даярлау және қайта даярлау бойынша білім беру қызметін көрсетумен үнемі айналысып отыруы керек;

Жетінші, Назарбаев Университетін үлгіге ала отырып, интеллектуалдық-инновациялық кластер құру арқылы инженер мамандарды даярлайтын материалдық-техникалық базаны, белгіленген ғылыми басымдықтар бойынша оқу-ғылыми зертханаларын одан әрі дамыту;

Сегізінші, түлектердің кәсіби шеберлігі мен дағдыларын қалыптастыру бағытында әлемдегі жетекші технологиялық университеттердің тәжірибелерін зерделеу;

Тоғызыншы, ғылыми әзірлемелерді алға жылжыту және коммерцияландыруға арналған, сондай-ақ жоғары оқу орындарының қатысуымен әр түрлі инновациялық белсенді компанияларды құру;

Және, соңғысы, елімізде инженерлік білім беруді дамыту тұжырымдамасын әзірлеу қажет. Онда аталған міндеттерді жүзеге асыру стратегиясы анықталып, инженерлік мамандықтардың мәртебесін көтеру, сондай-ақ осы мамандықтарға мемлекеттік білім беру грантын теңгермелі бөлу, т. б. мәселелер қамтылған арнайы шаралар көрсетілуі тиіс.

Соңғы уақытта отандық инженерлік білім беру құрылымында инновациялық экономика талаптарына сай көптеген өзгерістер болды.

Атап айтқанда:

– оқытудың кредиттік технологиясы енгізілді;

– білім алушыларды арнайы дайындығы мен қабілет деңгейіне қарай жеке сараланған бағалау қамтамасыз етілді, бұл үшін жоғары кәсіптік, техникалық және кәсіптік білім беру деңгейлерінің оқу бағдарламалары мен жоспарлары үйлестірілді;

– жұмыс берушінің талаптарына және болашақ мамандықтың жеке сипатына сай оқытуды дербестендіру және мамандандыру жүзеге асырылып келеді. Бұл үшін жоғары оқу орындарының, оқытушы-профессорлардың барынша академиялық еркіндігі, сондай-ақ қазіргі заман талабына сай оқу-зертханалық база, оқу үдерісіне әдістемелік ілеспенің үнемі жаңартылып отырылуы талап етіледі.

– оқу үдерісін ұйымдастыру мен оқытудың инновациялық технологиялары енгізілуде, бұл қатарда мультимедиялық дәрісханалар мен виртуалды зертханаларды айтсақ та жеткілікті.

Жақында жарияланған Бүкіләлемдік экономикалық форумның бүкіләлемдік рейтингінде Қазақстанның 51 орынға көтерілгені үлкен жетістік. Рейтинг бойынша Қазақстан биыл тұңғыш рет экономикасы тиімді даму кезеңінен инновациялық даму кезеңіне өткелі тұрған елдер қатарынан көрініп отыр [8]. Әрине, бұл соңғы жылдарда шикізаттық экономикадан білімге негізделген инновациялық экономикаға бет бұруға бағытталған жүйелі жұмыстардың нәтижесі. Биік межеден тұрақты орын алу және одан әрі көтерілу тек білім, ғылым мен инновацияны тиімді ынтымақтастыру арқылы ғана мүмкін болмақ. Университеттік білім беру мен ғылымды дамытудың жаңа деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі Елбасы тапсырмасы аясында ашылған Назарбаев Университеті негізінде нарық сұранысына бағдарланған жоғары оқу орнының инновациялық моделі қалыптастырылуда [9]. Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындары осы оқу ордасының озық тәжірибесінен үлгі алып, білім – ғылым – бизнесті ықпалдастыру жолындағы алғашқы қадамдарын бастап кетті.

Аталған үдерістен Арал аймағындағы жетекші білім және ғылым ордасы саналатын Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті де тыс қалмақ емес. Соңғы жылдарда жүргізілген жоспарлы жұмыстар заман талабына сай материалдық-техникалық базаны жасақтауға, жоғары білікті ғылыми-педагогикалық әлеуетті қалыптастыруға мүмкіндік берді. Университеттің даму стратегиясы қалыптастырылып, құрылымдық өзгерістер жүргізілді, келешегінен үміт күттіретін жас мамандарымыз шетелдерде оқытылуда, шетелдік әріптес оқу орындары мен ғылыми орталықтарынан шақырылған белгілі ғалымдар біздің базамызда ғылыми зерттеулер орындап қана қоймай, білім

алушыларға дәрістер оқуда. Соңғы жылдардың көлемінде университет профессор-оқытушыларының біліктілігін арттыру, ғылым магистрлері мен докторларын даярлау және қос дипломды бағдарлама бойынша білім алуды жүзеге асыру мақсатында бірнеше шетелдік жоғары оқу орындарымен байланыс орнатты. Бұл жұмыстар инженер мамандарын даярлау бағытын да қамтиды. 2011-2012 оқу жылында Ресейдің жоғары оқу орындарының магистратурасына сол елдің білім тапсырысы бойынша университетте бакалавриаттың мұнай-газ ісі, технологиялық машиналар мен жабдықтар мамандықтарын бітірген 17 түлек, Қытайдың мұнай-газ университетінің магистратурасына 6 түлек қабылданды. Сонымен қатар, университетте ғылым, білім, өндірістің келелі мәселелерін шеше алатын жаңа мазмұндағы ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлау жүйесі құрылды. Мамандар даярлау сапасын аттыру үшін университет басқару жүйесін жетілдіріп, бірыңғай ғылыми-инновациялық цикл құруға ықпал етуде.

Бүгінгі күні оқу орнында 9 мыңға жуық студент, 300-ден аса магистрант білім алуда. 6D081000 – «Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау», 6D073000 – «Құрылыс материалдары, бұйымдарын және құрастырылымдарын өндіру», 6D072900 – «Құрылыс», т.б. докторантура мамандықтары бойынша білім беру қызметі жүргізілуде.

Университет Австрияның Вена қаласында Еуразия – Тынықмұхит университеттері желісіне ену туралы Декларацияға (UNITET) қол қойды. Сонымен қатар Жоғары оқу орындары Еуропалық Ассоциациясының (EVRASHE), Университеттердің Ұлы Хартиясының, Университеттердің Еуразиялық ассоциациясының толыққанды мүшесі.

Болон үдерісінің негізгі ұстанымдарының бірі жоғары оқу орындарында академиялық ұтқырлықты қамтамасыз ету болып табылады. Бұл – білім алушының бір оқу жылына немесе бір семестрге басқа жоғары оқу орнының базасында білім алып келуіне, сол сияқты профессор-оқытушының сол мерзімге басқа жоғары оқу орнында дәріс жүргізуіне жағдай туғызу деген сөз. Академиялық ұтқырлықты дамытуға еліміздің қаржылық қолдау жасауы әлемнің ешбір елінің тәжірибесінде кездеспеген. Біздің бүгінгі алдымызда тұрған міндеттердің бірі білім алушылардың ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлығын жүзеге асыру болып табылады. Академиялық ұтқырлықты, әсіресе, инженерлік бағыттағы мамандықтарда жүзеге асырудың маңызы зор.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында университеттерде мамандар даярлауды өндіріспен байланыстыра отырып жүзеге асыруға ерекше мән берілген. Осыған байланысты жоғары кәсіби білім беру бағдарламаларының мазмұнын жұмыс берушілермен бірлесе отырып даярлау қолға алынуда. Бұл болашақ маманның ертеңгі күні өндіріс орындарының талабына сай келетін, бәсекеге қабілетті маман болып шығуына зор ықпал етеді. Университет осы мақсатта элективті пәндер каталогын даярлауды аймақтағы 50-ден астам жұмыс беруші мекемелермен, өндіріс орындарымен бірлесе отырып жүзеге асыруда. Инженерлік-техникалық мамандықтар студенттерін аймақтағы ірі өндірістік және мұнай компаниялары базасында іс-тәжірибеден өткізу де жолға қойылған.

Инновациялық типтегі инженерлерді сапалы даярлау үшін жоғары оқу орнының ғылыми құраушысы да ықпал етеді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасымен біздің елімізде алдыңғы қатарлы жаңалықтар мен инновациялар үшін өзіндік ғылыми база құрылғаны белгілі. Ұжымдық қолданыстағы 5 ұлттық зертхананың және 15 инженерлік бейіндегі университеттік зертхананың құрылуы мен жабдықталуы заманауи зерттеулердің белсенділігін арттыруға мүмкіндік беруде. Университет базасында ашылған осындай инженерлік бейіндегі «Физика-химиялық талдау әдістері» зертханасында мұнай химиясы саласында жүргізілетін зерттеулердің ауқымы кең.

Қызылорда облысында ауыл шаруашылығы, құрылыс индустриясы, жол-көлік инфрақұрылымы қарқынды даму үстінде. Ғылыми болжамдардың нәтижесіне сәйкес аймақта алтын, күміс, мыс, мырыш, қорғасын, ванадий, уран, темірдің айтарлықтай мол кеніші бар. Арал ауданында мұнай мен газдың, кварц құмы мен тұздың қорлары жеткілікті. Осы табиғи байлықтар кезең-кезеңімен игеріліп, ел игілігіне айналууда. Университет тек аймақ экономикасына қажетті мамандарды даярлап қана қоймай, жоғарыда аталған салалар үшін зерттеулер жүргізіп, инновациялық технологияларды әзірлеуге де бел-

сене қатысады. Техникалық, ақпараттық, аграрлық салалардағы зерттеулерді дамыту үшін ашылған агробиологиялық және қолданбалы зерттеулер ғылыми орталығының, халықаралық энергоресурстар және ақпараттық-сараптама орталықтарының жұмыстарына тартылған білім алушылар қатарын көбейтуге де ерекше назар аударылып келеді.

Соңғы екі оқу жылында ізденістер нәтижесі бойынша 17 патент алынып, 11 монография және 40-тан астам жаңа жоба енгізілген инновациялық жұмыстар каталогы баспадан шықты. Шетелдік импакт-факторлы басылымдарда 30-дан астам ғылыми мақала жарық көрді.

Еліміздің Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» мақаласында [10] көрсетілген мәселелердің шешілуі үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасының ойдағыдай орындалуына тікелей тәуелді. Бүгінгі күні Қазақстан экономикасының үдемелі индустриалды-инновациялық дамуын қамтамасыз етуге бағытталған ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру ісінде Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясы белсенді қызмет етіп келеді. Академия – еліміздегі жоғары инженерлік білімді жетілдіруге септігін тигізетін аса маңызды қолданбалы ғылыми зерттеулердің де ұйытқысы. 1998 жылдан бастап академияны оның қалыптасып, дамуына үлкен үлес қосқан белгілі ғалым-математик, мемлекет, саяси және қоғам қайраткері, отандық білім мен ғылым саласының ірі ұйымдастырушысы – Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұлов басқаруда.

Үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы аясында Қызылорда облысында тау-кен металлургия саласын, мұнай-газ секторын, аграрлық индустрия мен химиялық өнеркәсіпті дамытуға арналған жобалар жүзеге асырылуда. Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясы Қызылорда филиалының көптеген мүшелері осы жобалардың орындалуына атсалысуда. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің базасында 1992 жылы ашылған Қызылорда филиалына Ы. Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының және «Ақмешіт» гуманитарлық-техникалық институтының ғалымдары ұжымдық мүше құқына ие.

Өткен ғасырдың 90-шы жылдарының басында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде аймақта енді негізі қалана бастаған мұнай және газ өндірісіне қажет жоғары кәсіптік білімі бар инженер-мамандар даярлау қолға алынды. Осы кезеңде Инженерлік академия мүшелері – академиктер Абдуллин Айтжан Абдуллаұлы, Надилов Надир Каримұлы және тағы басқа да көрнекті ғалымдар университетке жан-жақты ғылыми-әдістемелік көмек көрсетіп, жаңа мамандықтарды игеру ісіне елеулі үлес қосты.

Ғылым мен білімді дамыта отыра инновациялық зерттеулер нәтижелерін өндіріске енгізу Қазақстанның экономикасы барынша өркендеген мемлекеттер қатарынан көрінуіне мүмкіндік беретін шешуші факторлар санатында. Осынау келелі жұмыс бағыттарын және инженерлік мамандар даярлауды жаңа мазмұнда жүзеге асыру жоғары оқу орындарының алдындағы жауапты міндет болмақ.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы // «Егемен Қазақстан». – 2011. 25 ақпан.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (24.10.2011. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).
3. Қазақстан Республикасының «Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Заңы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 9 қаңтардағы № 534-IV Жарлығымен бекітілген.
4. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығымен бекітілген.
5. Жумағұлов Б.Т. Ключевые проблемы развития науки и инженерной деятельности // Вестник НИА РК. – 2012. – № 2. – С. 5-10.

6. Костюк С.Г. Актуальные проблемы подготовки инженерных кадров в вузе для инновационной экономики /science-bsea.narod.ru|2011|econom_2011_1/kostuk_akt.htm.
7. Сарсенбаева Г.М. Перспективы развития инженерного образования для индустриально-инновационного развития Казахстана // Инженерное образование. – 2012. – № 6. – С.102-106.
8. Пугасов М. Динамика созидания и прогресса // Казахстанская правда. – 2012. – 18 сентября.
9. Жумагулов Б.Т. Траекторией инновационного развития // Казахстанская правда. – 2012. – 26 сентября.
10. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның элеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам // Егемен Қазақстан. – 2012. 10 шілде.

Резюме

В статье рассмотрены современные пути развития системы подготовки инженерных кадров в Республике Казахстан. Проведен анализ проделанных работ по изменению содержания инженерного образования, согласованию учебных планов и программ дисциплин колледжей и вузов, использованию инновационных методов и информационных технологий в обучении. Отмечены роль и место Национальной инженерной академии Республики Казахстан в совершенствовании высшего инженерного образования и реализации научных исследований, обеспечивающих форсированное индустриально-инновационное развитие экономики Казахстана. Изложены основные направления деятельности КГУ имени КORKYT Ата по организации и повышению качества подготовки инженеров инновационного типа.

Summary

The article describes modern ways of development for training engineers in the Republic of Kazakhstan. There has been done the analysis of the work for modifying the content of engineering education, matching the curricula with discipline programs of colleges and higher institutions, using innovative methods and information technologies in education. It is noted the role and place of the National Engineering Academy of the Republic of Kazakhstan for improving higher engineering education and implementing scientific researches to ensure accelerated industrial-innovative development of Kazakhstan's economy. There were formulated main directions of Korkyt Ata KSU activities in organizing and increasing the quality of training of innovative type engineers.

БҰҚАРБАЙ БАТЫР ЖӘНЕ XVIII Ғ. II ЖАРТЫСЫ МЕН XIX Ғ. I ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІ МӘСЕЛЕСІ

Б.Б. КӘРІБАЕВ,

*тарих ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

Тарихта белгілі бір тарихи тұлғаның өміріне, оның қоғамдық қызметіне, еліне сіңірген еңбегіне қатысты зерттеулер жүргізіп, қалам сілтегенде, әрине зерттеуші үшін ең алдымен назар аударарлық нәрсе, ол – сол тұлғаға қатысты деректер. Ал одан кейінгі нәрсеге сол тұлға өмір сүрген заман немесе дәуір, оның сипаты мен ерекшелігі, сол замандағы қоғам мен мемлекет, сондай-ақ елдің жағдайы және тағы басқа осындай маңызды мәселелер жатады. Тарихи тұлғалардың қарапайым тұлғалардан ерекшелігі сонда – олар өздері өмір сүрген дәуірдің ағымдарына белсене араласып, ел атынан, халық атынан өзіндік үндерін қосып отырады. Мұндай тұлғалар қай дәуірде болмасын ел тарихында жетерлік. Еліміз өз тәуелсіздігін алғаннан бергі өткен 20 жылдан астам уақыт ішінде қаншама тұлғаларымыз тарихымыздың төрінен орын алды, алып та жатыр. Міне, сондай тұлғаларымыздың қатарында есімі мен ерлік істері, батырлығы мен шешендігі ел арасында кең тараған Бұқарбай батыр Естекбайұлы (1812-1898 жж.) да бар.

Ат жалын тартып мінген кезінен бастап ар мен намысты, дін мен иманды ту етіп ел мен жер үшін күресіп өткен Бұқарбай батырдың заманы, сол кезеңдегі қазақтың қай бір тұлғаларын алып қарасақ та, маңдайларынан сипай қоятын заман емес болатын. Ел мен жердің тұтастығын сақтайтын, бостандығын қамтамасыз ететін, қоғамдық-қатынастарын реттеп отыратын саяси құрылым мемлекет екендігі баршаға мәлім. Ал Бұқарбай батыр заманында Қазақ мемлекеті мен мемлекеттілігі қандай күйде болған еді деген мәселеге біз осы жерде ерекше назар аудармақшымыз. Біз осы мәселеге қысқаша болса да жауап табу арқылы қарастырып отырған Бұқарбай батырдың тұлғалық бейнесінің ел тарихында алатын орнын бағамдауға мүмкіндік ала аламыз.

Қазақ жеріндегі мемлекеттіліктің қалыптасуы мен дамуы бірнеше мыңжылдықтарға созылып, XV ғасыр ортасында ұлттық сипатқа ие болған Қазақ хандығын дүниеге әкелгенін бәріміз білеміз. Осы кезден бастап төл тарихымызда Қазақ хандығы өмір сүрген дәуірді тарихшыларымыз хандық дәуір деп атайды. Керей мен Жәнібек хандар билік құрған кезден Тәуке хан қайтыс болған кезеңге дейінгі үш ғасырға жуық тарихи уақыт осы хандық дәуірдің алғашқы кезеңі немесе бір орталықтан басқарылатын хандық кезең болып саналады. Ал одан кейінгі кезеңнің саяси және мемлекеттік тұрғыдан алып қарағанда бытыраңқылық кезең екені белгілі. Жүздердегі хандық биліктер мен Ресейдің оларды өзіне бағындыра бастауы мен біржолата жойып жіберуі XVIII ғасырдың 30-шы жылдарынан басталып, XIX ғасырдың 20-шы жылдары аралығында өтеді. Бұқарбай батыр дүниеге келген жылы әлі де болса әр жүзде хан лауазымы қолданылып тұрса, ол 20-дан асқан шағында Ресей империясы арнайы заңдарымен алдымен Орта жүзде (1822 ж.), кейіннен Кіші жүзде (1824 ж.) хандық басқару жүйесін біржолата жойып, қазақ елінде империялық басқару жүйесін енгізе бастайды. Осылайша Ресейдің бір ғасырға жуық қазақ жерінде жүргізген саясаты қазақ мемлекеттілігін құлатумен аяқталады. Кейіннен XIX ғасырдың 30-40 жылдары Бұқарбай батырдың Кенесары ханды қолдап, оның қазақ мемлекетін қайта қалпына келтіру жолындағы күресіне белсене араласуы оның сол кездің өзінде мемлекеттіктің маңызын жете түсінгендіктен деп білеміз.

Ал бұрынғы төл мемлекетіміз бір ғасырға жуық уақыт ішінде қалай құлады деген мәселеге Кіші жүздегі хандық билікке қатысты материалдарды талдау арқылы шеше аламыз. Орта жүз аумағында да хандық билік дәл Кіші жүздегідей жолмен жойылады.

Бір елдің екінші бір елді отарлауы ең алдымен сол елдегі мемлекеттілік жүйені әлсіретуден және оны біржолата жоюға бағытталған қадамдардан, мемлекеттегі басқарушы немесе билеуші топты өзіне бағындырудан, өзіне тәуелді етуден басталады. Ал оны жүзеге асырудың тарихта бірнеше ондаған әдіс-тәсілдері мен жолдары бар екені белгілі. Қазақ тарихында XVIII ғасырдың орта тұсынан бастап Ресей Кіші жүз бен Орта жүз аумақтарында осы әдіс-тәсілдерді өте шебер және жымысқы түрде жүргізе бастайды. Патшалы Ресей мен Кеңестік кезеңдердегі орыс тарихшыларының зерттеулерінде Ресейдің Қазақстанда жүргізген саясаты мәселелері империялық тұрғыда қарастырылып, негізінен прогрессивті маңызы бар тарихи процес ретінде тұжырымдалса, қазіргі кезеңдегі еліміздің тарихшылары бұл тарихи жағдайларды ұлттық мүдде тұрғысынан қарастырып отыр. Міне, соған байланысты соңғы 20 жыл көлемінде жарық көрген тарихшыларымыз бен қоғамтанушы ғалымдарымыздың ғылыми жұмыстарында Ресейдің осы кезеңдегі Қазақстан аумағында жүргізген саясаты ашық түрде жаулап алуға, бағындыруға, отарлауға бағытталған саясат деп түсіндірілуде. Біз соңғы жылдары елімізде жарық көрген құжаттар жинағы мен зерттеу жұмыстарының материалдарына сүйене отыра, XVIII ғасырдың ортасынан бастап Ресейдің қазақ жерінде жүргізген саясатына, оның ішінде қазақ мемлекеттілігін жоюға және қазақ билеуші тобын өзіне бағындыруға, тәуелді етуге бағытталған саясаты мәселесін қарастырамыз.

Жалпы, Ресейдің Қазақстанды бағындыруға бағытталған саясаты мен осы мақсатта қолданған әдіс-тәсілдері бұған дейін оның басқа елдерді бағындыру барысында тәжірибеден өтіп, әбден сыналған болатын. XVI-XVII ғасырларда Қазан, Астрахан, Сібір хандықтарын, Ноғай ордаларын бағындыруда Ресейдің ең бір тиімді қолданған әдістерінің бірі осы елдердегі билеуші топтардың ықпалын әлсірету, олардың өкілдерін әр түрлі жолдармен өз жағына тарту, олардың арасына іріткі салу, билеуші топ пен ру-тайпа көсемдері арасына от салу және тағы басқа осындай сипаттағы тәсілдер болатын. Бұл әдіс өз кезегінде сол елдердегі мемлекеттіліктің әлсіреп, ақырында күйреуіне әкеп соқтыратын. Ал мемлекеттік жүйе жойылып, басқарушы топ тәуелді болғаннан кейін қарапайым халықты бағыныштылықта ұстау, олардың жерін тартып алу жаулап алушылар үшін онша көп қиын іс болмайтын. XVIII ғасырдың орта тұсынан бастап Ресей әкімшілігі Қазақстан дәл осындай әдістерді жүзеге асыруды қолға ала бастайды. Біз бұл жерде Ресейдің қазақ еліндегі отарлау саясатының бір ғана аспектісіне – қазақ мемлекеттілігін жоюға бағытталған саясаты мен сол бағыттағы қолданған әдіс-тәсілдеріне назар аударамыз.

XVIII ғасырдың 30-шы жылдарының басындағы Әбілқайыр хан бастаған Кіші жүздің бір топ билеушілерінің Ресейге адалдығы жөнінде ант беруінен 1822-1824 жылдардағы хандық билікті жою туралы Жарғыға дейінгі 90 жылдық аралықта қазақ мемлекеттігін тарих көшінен тайдыру үшін патша өкіметі арнайы мақсаттағы саясатын жүргізеді. Оны саралап көрсету арқылы біз тарихымыздағы сүрінген кездерді және ащы сабақтарды тек біліп қана қоймай, болашақта оны қайталамауға үйренеміз.

Ресейдің Қазақстандағы бір ғасырға жуық мемлекеттікті жоюға бағытталған саясатына көз жүгіртсек, оның кезең-кезеңмен жүргізілген мынадай қадамдарын байқаймыз. Бірінші қадам – билеуші топ өкілдерінен ант алу мен аманат алу, екінші қадам – халық өкілдері сайлаған ханды бекіту құқығын иелену, үшінші қадам – хан тағына үміткерді өзі таңдап, тағайындау, төртінші қадам – хандық билікті бөлшектеу және соңғы қадам хандық билікті жою болды. Төменде осы қадамдардың қалай іске асырылғанына қысқаша болса да тоқталып өтейік.

Қазақ мемлекеттігін жою барысындағы Ресейдің алғашқы жасаған қадамына билеуші топ өкілдерінен орыс патшасына адалдығы жөнінде ант алу мен олардың бір ұлын аманат ретінде ұстап отыру жатты. Бұл қадамды Кіші жүзде Орынбор әкімшілігі өте шебер жүргізе алды.

Қазақ мемлекеті Тәуке ханнан кейін ішкі және сыртқы факторлардың ықпалымен үш жеке хандықтарға бөлініп кеткен еді. I Петр тұсында-ақ Қазақстанды бағындыруды алдына мақсат еткен Ресей үшін қазақ елінің саяси бытыраңқылығы өте қолайлы болып саналды. Сол тұстағы қазақ елінің ауыр жағдайын біліп отырған Ресей жағы Кіші жүзді бағындыруды ант қабылдау мен аманатқа адам алудан бастайды. Кіші жүз ханы Әбілқайырдан ант алу мен аманат алу Тевкелев жазбаларында жақсы баяндалғандықтан, біз оған терең тоқталмаймыз. Бұл қадамды Кіші жүзде нәтижелі жүргізген Орынбор әкімшілігі Орта жүзге келгенде жартылай ғана іске асыра алды. Сол тұстардағы Орта жүз ханы Әбілмәмбет Ресейге ант берсе де, аманатқа өз ұлын беруден бас тартып отырады.

Кіші жүз ханы Әбілқайырдың тұсында-ақ, Орынбор әкімшілігінің алғашқы басшысы И.И. Неплюев империяның отарлау саясатын Қазақстанның солтүстік-батыс аймақтарында белсенді түрде жүргізуге кіріскен болатын. Тек 1740-1743 жылдардың өзінде осы өңірдегі әскери бекіністердің саны едәуір артады. Сонымен қатар осы аймақтағы қазақтардың ықпалын әлсірету мақсатында Орынбор әкімшілігі башқұрттар мен Еділ қалмақтарын жергілікті қазақтарға қарсы айдап салып, халықтар арасында бітпейтін жанжалдарды туғызып отырды. Соның бір дәлеліне оның 1744 жылдың сәуір айында қалмақ ханы Дондук-Дашеге қазақтарға қарсы жорық жасауды және олжаға түскен бар мал-мүлікті өздерінде қалдыруды тапсыруы жатады [1]. Әбілқайыр ханның ықпалын әлсірету үшін осындай әдістермен қарақалпақтар мен башқұрттарды да Кіші жүз қазақтарына айдап салады.

И.И. Неплюевтің Орынбор әкімшілігін басқарып отырған кезеңдегі жұмысының басты бағыты Ресейдің Кіші жүздегі билігін барынша күшейту болғандықтан, ол ең алдымен, Әбілқайыр ханның билігіне шек қойып, оның саяси беделін төмендетуді көздейді. Бұл кезде Әбілқайыр ханның тек Кіші жүз тайпалары арасында ғана емес, бүкіл қазақ елі арасындағы беделі шынында да өте зор болатын. Өз кезегінде Әбілқайыр хан Орынбор басшысының мұндай саясатына барынша қарсылықтар жасап бағады. Мұндай жағдайдың Ресейдің Кіші жүз аумағында отарлау саясатын ойдағыдай жүргізуіне мүмкіндік бермейтінін И.И. Неплюев өте жақсы түсінеді. Соның нәтижесінде екі басшы арасындағы қарым-қатынастарда салқындық пайда болады. И.И. Неплюевтің өмірі мен қызметі туралы еңбек жазған В.Н. Витебский «...Осы кезден бастап И.И. Неплюев пен Әбілқайыр хан арасында араздықтар басталады» деп жазады [2]. И.И. Неплюев Әбілқайырға қарсы тұра алатын саяси күшті қазақтың өз ішінен іздестіріп табады. Ол Әбілқайыр ханға қарсы оның саяси бақталасы Барақ сұлтанды қолданады. Төре тұқымдары арасындағы алауыздықты өршітіп, Кіші жүз ханына қарсы Барақ сұлтанды айдап салады. Ақыры И.И. Неплюевтің жымысқы жоспары жүзеге асады да, 1748 жылы тамызда Әбілқайыр хан қаза табады. Әбілқайыр ханның өлімінен кейін Ресей Кіші жүздегі отарлау саясатын аса қарқынды түрде жүргізуге мүмкіндіктер алады және қазақ мемлекеттігін жою барысында алғашқы қадамын аяқтап, келесі қадамды жүзеге асыруға кіріседі.

Алдыменен осы бағытта Ресей тарапы Кіші жүзде Әбілқайырдың орнына жаңа хан сайлау мәселесі бойынша негізгі мәселелердің бірі – сайланған жаңа ханды бекітуді өз қолына алады. Кіші жүздің белгілі ру-тайпа басшылары Әбілқайырдың үлкен ұлы Нұралы сұлтанды хан етіп сайласа да, Ресей жағы оны патшаның бекітуі қажет деп талап қояды. Соған байланысты И.И. Неплюевтың араласуымен Нұралы орыс патшасына өтініш білдіріп, өзін хан етіп бекітуді сұрайды. Осылайша Ресей Нұралыны хан етіп бекітуі арқылы өзінің саяси отарлауын бір қадам болса да алға жылжытады. Бұл Ресейдің қазақ жерлерін саяси отарлау мен қазақ мемлекеттігін жоюдағы кезекті жеңістерінің бірі болып саналды.

Нұралы хан әкесінің тағына ие болғанымен, оның билік ету кеңістігі әкесінің билігіндей бола алмады. Нұралымен бір мезгілде 1748 жылы 2 қазанда Арал маңы мен Сырдың төменгі ағысы бойындағы әлімнің шекті, шөмекей, төртқара тайпалары Батыр сұлтанды өздеріне хан етіп сайлап алады. Нұралы хан болса Кіші жүздегі билігін нығайту мақсатымен әр түрлі қадамдар жасап бағады. Хиуа мен Бұхар хандарынан қолдау сұрағанымен, олардан ешқандай көмек ала алмайды. Ал Ресей жағы болса оның жеке-дара билігінің күшеюін құптамады. Тіпті Кіші жүз аумағындағы ру-тайпалар оның билігін толық мойындамай отырған болатын. Сол себепті де ол амалсыздан Ресейдің қолтығына терең енуге мәжбүр болады. Ресейдің алдын-ала дайындап отырған саясаты да осы болатын.

Нұралы ханның билігі тұсында (1749-1786) Ресейдің Кіші жүздегі отаршыл саясаты барлық бағыттарда кең түрде жүргізіледі. Оның ішінде саяси жағынан отарлау, яғни хан билігін мейлінше әлсірете түсу мен хан ролін төмендетуге бағытталған саясат үздіксіз, әрі табанды және өте абай түрде жүргізіледі. Саяси отарлаудың түпкі мақсаты Кіші жүз аумағында хандық билікті түпкілікті түрде жою болатын. Мемлекеттілік жүйе жойылғаннан кейін отарлау саясаты басқа бағыттарда еш қиындықсыз жүретінін Ресей бұған дейінгі отарлау тәжірибесінен жақсы білетін.

Кіші жүздегі саяси отарлауды одан әрі тереңдетудегі Ресейдің келесі қадамына халықтың хан сайлауын өзгертіп, оның орнына ханды патшаның өзі тағайындау принципін енгізуді қолға алуы жатады. Ресейдің қазақ жеріндегі отарлау саясатын жүргізуде көзге түсіп, белсенділік танытқан генерал-майор А.Тевкелев пен мемлекеттік кеңесші П.И. Рычков өздерінің ұзақ жылдар бойы қазақ қоғамы, ондағы хандық билік, оның құрылымы мен ерекшеліктері жөніндегі тұжырымдарын түйіндей

келе, 1759 жылы қаңтарда Сыртқы істер коллегиясына қазақтарда ханды халық сайламай патшаның жарлығымен тағайындаудың тиімді екендігін дәлелдеп ұсыныс білдірген болатын. Сондай-ақ олар Ресей қазақ халқындағы басқарудың саяси жүйесін бұза отырып, ғасырлар бойы қалыптасқан халықтың хан сайлау дәстүріне әсер ете алмай отыр деп жазады [3]. Ж. Қасымбаевтың пікірінше, Ресей шенеуніктері бұл ұсыныстарға XVIII ғасырдың 60-шы жылдарының соңында ерекше назар аударып, көңіл қоя бастаған [4]. Бірақ та 1773-75 жылдардағы Е. Пугачев бастаған шаруалар көтерілісіне байланысты Ресей бұл мәселені іске асыруды кейінге шегеруге мәжбүр болады. Ал одан кейінгі С. Датұлы бастаған Кіші жүз қазақтары қозғалысының алғашқы жылдарынан бастап бұл іске шындап кіріседі. Бұл кезде Кіші жүз аумағындағы саяси-әлеуметтік жағдай қатты өзгеріске түскен болатын. Хан мен оның туыстарының Ресейге тәуелділігі күшейіп, олар Орынбор әкімшілігінен әр түрлі формада сыйсияпаттар, қаржылар алып отырды. Өз кезегінде Ресей жағы Кіші жүздің билеуші тобын толықтай өзіне қаратып алғаннан кейін жергілікті халықтың жерлерін күшпен тартып алуды қиындықсыз жүзеге асырып отырды. Осының салдарынан жергілікті халық пен хандық билік арасы алшақтайды да, биліктің міндетін дәстүрлі әлеуметтік институттың өкілдері – билер мен батырлар атқара бастайды. Міне, осындай жағдайда тарихтың мінберіне Кіші жүздегі байбақты руының әрі биі, әрі батыры Сырым Датұлы көтеріледі. С. Датұлы бастаған Кіші жүз халқының көтерілісі хан әулетінің озбырлығына, орыс-қазақтары мен Ресей әкімшілігінің отарлауына қарсы бағытталды. Бұған қатысты тарихнамада зерттеулер жеткілікті болғандықтан, біз бұл жерде оған тоқталып жатпаймыз [5]. Орынбор әкімшілігі өз кезегінде Сырым батырдың Нұралы ханға наразылығын өз пайдасына пайдаланып қалуға тырысады. Тарихи құжаттарда жергілікті ру-тайпа басшыларының Әбілқайыр ханның ұрпақтарына, Нұралы ханның озбырлықтарына қарсы наразылықтары мен ханды биліктен шеттету туралы мәліметтер кездеседі [6]. Өз кезегінде Орынбор губернаторы барон О.А. Игельстромның II Екатеринаға жазған хабарламаларынан Орынбор әкімшілігінің Кіші жүзде болып жатқан оқиғаларды бақылап отырғанын, жергілікті халық пен Нұралы хан арасындағы қайшылықтардың себептерін біліп отырғандығын байқауға болады [7]. Міне, осындай жағдайда Ресей жағы өзінің түпкі мақсаттарының бірі – хандық билікті түпкілікті жою үшін күрестің белгілі бір кезеңінде билер мен старшындарды, оның ішінде Сырым батырды қолдап, хан билігін одан әрі әлсірете түседі. Ақыры барон О.А. Игельстром 1785 жылы Кіші жүз ақсақалдарының қолымен Нұралыны биліктен алу жөніндегі шешімге қол жеткізеді. Ал 1786 жылы 3 маусымда II Екатерина Нұралыны хан билігінен алу туралы жарлық шығарады. Сөйтіп Кіші жүзде 40 жылдай хан болған Нұралы Орынборға шақыртылады да, ол жақтан Уфаға жіберіледі. Ал Кіші жүз аумағында жергілікті басқарудың жаңа түрлері – шекаралық сот, расправа енгізіле бастайды.

Жалпы алғанда, Ресейдің Нұралы ханды биліктен алуын, біріншіден, Ресейдің Қазақстанды саяси отарлау мен мемлекеттікті жою бағытындағы кезекті жеңістердің бірі, яғни Ресейдің халық сайлаған ханды бекіту құқығынан, ханды орнынан алып тастауға дейінгі құқықты иеленгенін көрсетеді, екіншіден, қазақ халқының өз мемлекеттілігінен айырылуындағы кезекті бір жеңілісі деуге болады.

Дегенмен де Кіші жүзде хандық биліктің жойылуы Ресей күткендегідей нәтиже бермеді. Ішкі саяси жағдай одан әрі ушыға түсті, жергілікті халықтың орыс-қазақтарымен қайшылықтары арта түсті, жаңадан құрыла бастаған шекаралық сот пен расправа жұмыс істеуге дәрменсіз болды, Кіші жүзде хан сайлауды талап еткен күштер өсе түседі. Орта жүздің сұлтандары, түркімендердің ханы Нұралының ұлы Пірәлі хан да осыны талап ете бастайды. Дәл осы жылдары Францияда басталған буржуазиялық революцияның монархиялық жүйеге бағытталғандығынан қорыққан Ресейлік шенеуніктер өзгерістердің бәрінен бас тарта бастайды. Осыған байланысты Кіші жүзде хандық билікті жоюдың әлі де болса ерте екендігіне көз жеткізіледі. Сөйтіп жаңа ханның қажеттігін Ресей аңғарады.

Қазақ жерінде саяси отарлау мен мемлекеттікті жою бағытында Ресей жаңа қадамға аяқ басады, ол билікке үміткерді өзі таңдауы болатын. Осындай мақсатпен 1791 жылы Нұралы ханның туған інісі Ералы хан ешбір сайлаусыз-ақ хан болып тағайындалады. Осылайша Әбілқайыр ұрпақтары арасынан кімнің хан болуы енді тікелей Ресейдің құзіретінде қалдырылады да, бұл құзіреттілік кейінгі жылдары одан әрі кеңейтіле түседі. Мысалы, 1794 жылы Ералы хан қайтыс болып, Нұралының тұңғыш ұлы Есім таққа отырғызылады. Ж. Қасымбаевтың пікірінше, Есімнің таққа келуіне Орынбордың жаңа басшысы Вязьмитинов көп күш салады, өйткені Есім Әбілқайыр ханның көп ұрпақтары арасындағы әлсіздеу, көзге түспеген, ешқандай айрықша белгілерімен байқала қоймаған тұлға болатын [8]. Бұл жерде Ресей жағы жаңа ханды тағайындауда онша көп қиындықтарға тап бола қойған жоқ.

1797 жылы Сырым Датұлы көтерілісшілерінің Есім ханды өлтіруі бүкіл даланы дүр сілкіндірген оқиғалардың бірі болды. Бұл әрекет, біріншіден, Ресейдің жоспарына кірмесе де, ханды қарапайым халық өкілдерінің өлтіруі Ресейдің түпкі мақсаттарына сай келетін. Екіншіден, бұл оқиға хандық биліктің өте әлсіз екендігін және хан беделінің қарапайым халық арасында өте төмен екендігін көрсетеді. Міне, осындай оқиғалардан кейін Кіші жүздің солтүстік-батыс аумағында жаңа хан тағайындау мәселесінде барлық құқықты Ресей жағы өз қолына алады. Жаңа хан сайлау мәселесінде Нұралы ханның ұлдары хан тағын өз әулеттерінде қалдыруға үміттеніп, өздерінің арасынан хан болуға лайықты адамын алға шығарады. Ол Нұралы ханның Есім ханнан кейінгі екінші ұлы – Қаратай сұлтан болатын. Л. Мейердің жазуы бойынша, қазақтардың басым бөлігі өздерінің билеушісі ретінде жігерлі де, қайратты Қаратай сұлтанды қалаған [9]. Бірақ та Қаратай сұлтанның кандидатурасы Орынбор әкімшілігіне ұнамайды. Өйткені оның жігерлілігі мен қайраттылығы, дербестігі мен еркіншілдігі Ресейдің ұзақ жылдар бойы Кіші жүз аумағында жүргізген саясатын жоққа шығаратын. Сол себепті де Қаратай сұлтанның кандидатурасынан Орынбор әкімшілігі бас тарта отырып, себебін қазақ халқының хандық билікті мұралану жолымен байланыстырады. Олардың негіздеуі бойынша Қаратай сұлтан 1771 жылы қолға түскен қалмақ қызынан туған. Ресей жағының бұл негіздеуін Айшуақ сұлтан басқарып отырған Хан кеңесі амалсыздан мақұлдауға мәжбүр болады. Ал Орынбор әкімшілігі қазақтың салты бойынша билікке Әбілқайыр хан әулетіндегі ең жасы үлкен адамды ұсынады. Бір жағынан Айшуақтың кандидатурасы қазақтың хан таңдау дәстүріне сай келсе де, оның жасының келуі мен денсаулығының нашарлығы қазақтар арасынан оған қарсы топтың пайда болуына алып келді. Соған қарамастан, Ресей өз талабын Хан кеңесіне мойындатқызып, аймақта толық қожайынның кім екендігін дәлелдеп береді. Ал Хан кеңесі болса амалсыздан бұны қабылдауға мәжбүр болады. Осылайша, 1797 жылы 78 жастағы Әбілқайыр ханның ұлы Айшуақ сұлтан таққа отырғызылады. Жас кезінде атақ-абыройы асқақтап, даңқы шартарапқа тараған Айшуақ сұлтан хан тағына отырған кезде «құлағы естімейтін, көзі өте нашар көретін, әбден қартайған» адам еді [10]. Сөйтіп, Айшуақты хан тағына отырғызу арқылы Ресей Кіші жүз тағына хан әулеті ішінен өзі таңдаған, өзі қалаған адамды отырғыза алатындығын тағы да дәлелдеп берді. Айшуақты хан тағына отырғызу салтанаты Орынборда өткізіліп, Орынбор әкімшілігі оған қатты дайындалады. Ж. Қасымбаевтың монографиясында бұл мәселе жан-жақты баяндалғандықтан біз оған тоқталып жатпаймыз [11]. Біздің айтарымыз мынау ғана: Орынборда болған салтанатты түрдегі хан тағына отырғызу рәсімдері ежелгі және орта ғасырлардағы Қытай императорларының көшпелі елдердің елшіліктерін қабылдау рәсімдерін амалсыздан еске түсіртеді. Оның бір ғана мақсаты болушы еді, ол – көшпелілерді өз байлығына қызықтыру және Қытайдың күш-қуатын көрсету болатын. Орынборға салтанатты жиынға жиналған Кіші жүздің ең беделді ақсақалдары алдында Ресей жағы осындай мақсатты көздейді.

Айшуақ ханның билігі 8 жылға созылып, Кіші жүздің Жетіру бірлестігінде 1805 жылға дейін созылады. Әбден жасы келіп, хандық міндетін атқаруға шамасы келмегеннен кейін ол патша үкіметінің келісімімен тақты үлкен ұлы Жантөреге береді. 1809 жылы Жантөре ханды саяси қарсыласы сұлтан Қаратай Нұралыұлы өлтіргені белгілі. Ал Айшуақ болса 1810 жылы 91 жасында қайтыс болады.

Кіші жүздегі мемлекеттікті жою бағытындағы соңғы қадамдардың бірі оны бөлшектеу болды. Әлі де болса Ресейге бағына қоймаған Арал маңы мен Сыр бойындағы қазақ ру-тайпаларын есептемегенде, Жетіру мен Байұлы бірлестіктері саяси жағынан алғанда бірнеше бөліктерге бөлініп кеткен еді. 1801 жылдан бастап Бөкей сұлтан өз қарамағындағылармен Ішкі Ордада, ешкімге бағынбаған Қаратай сұлтан далалы өңірлерде, Айшуақ ханның мұрагері, болашақ Кіші жүздің соңғы ханы – Шерғазы Орынбор маңында болатын. 1812 жылы, яғни Бұқарбай батыр дүниеге келген жылы Ресей бөлшектеуді заңды түрде жүзеге асырады. Осы жылы I Александр патшаның жарлығымен Бөкей сұлтан – Ішкі Ордада, Шерғазы сұлтан – Жантөренің орнына хан болып бекітіледі. Шерғазы Кіші жүз ханы болып саналса да, оның билігін Қаратай сұлтан да, Бөкей хан да, Сыр бойындағы Арынғазы хан да мойындамады. Дәл осындай жағдай осы жылдары Орта жүзде де қалыптасады.

Енді Ресей үшін қазақ мемлекеттігін жою үшін соңғы қадамды жасау ғана қалады. Ол арнайы заңмен хандық билікті басқа әкімшілік-басқару жүйесімен ауыстыру болатын. Орта жүзде 1819-1821 жылдары Бөкей мен Уәли хандар қайтыс болғаннан кейін жаңа хандар сайланбай, хандық билік жойылса, Кіші жүзде Шерғазы ханның өлуін күтпей-ақ Ресей 1824 жылы оны хандық биліктен алып, басқа қызметке отырғызады да, мұндағы хандық билікті тоқтатады. Сөйтіп, Ресейдің қазақ мемлекеттілігін жоюға бағытталған саясаты ұзақ мерзімге созылса да, ол үшін нәтижелі аяқталады. Қазақ мемлекеттігін толық

жойғаннан кейін Ресей Қазақстанда отарлаудың басқа түрлерін еркін және жаппай жүргізуге мүмкіндік алады.

Ресеймен қатарлас XIX ғасырдың 10-20 жылдары Сыр бойы мен Арал маңындағы жергілікті халыққа Хиуа, Бұхар және Қоқан хандықтары тырнағын батыра бастайды. Біртұтас және бір орталықтан басқарылатын мемлекеттік басқару әкімшілігі жоқ болғандықтан жергілікті тұрғындардың мүдделері аяққа тапталады. Ортаазиялық хандықтардың озбырлықтары әбден күшейген кезеңде елді қорғау міндеті жергілікті батырлардың мойнына түседі. Сыр бойында Бұқарбай батыр осындай сындарлы жылдары тарих мінберіне шығып, бір жағынан елін қорғаса, екінші жағынан Кенесары ханның серіктерінің бірі ретінде қазақ мемлекеттігін қайта көтеруге белсене араласады.

Біз, XXI ғасыр басындағы қазақ елінің азаматтары мемлекеттігіміздің тарихындағы осындай қайғылы кезеңдерді біле отыра, оларды ескере отыра, болашақта ел тарихында ондай беттердің болмауы үшін әрдайым тарихымызға және Бұқарбай батыр секілді тарихи тұлғаларымыздың өміріне әлсін-әлсін қайта оралып отыруымыз қажет.

Әдебиеттер:

1. Добросмыслов А.И. Тургайская область. Исторический очерк // Известия Оренбургского отделения ИРГО, Вып. XV. – Оренбург, 1900. – С. 55.
2. Витебский В.Н. И.И. Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 г. – Казань, 1891. – Т. 3. – С. 681.
3. Касымбаев Ж. Государственные деятели Казахских ханств XVIII – первой половины XIX вв. – Алматы: Жеті Жарғы, 2001. – С. 15.
4. Сонда, 15-16 б.
5. Вяткин М.П. Батыр Срым. М.-Л., 1947; Вяткин М.П. Политический кризис и хозяйственный упадок в Малой Орде в конце XVIII – нач. XIX в. // Материалы по истории Казахской ССР (1785-1828 гг.). т. I-IV. – М.-Л., 1940. – С. 3-38.; Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. – Алматы: Атамұра, 2002. – 220-234 бб.
6. Материалы по истории Казахской ССР (1785-1828 гг.). Т. IV. – М.-Л., 1940. – № 4, 6 құжаттар.
7. Материалы по истории Казахской ССР (1785-1828 гг.). Т. IV. – М.-Л., 1940. – № 4, 9 құжаттар.
8. Касымбаев Ж. Государственные деятели Казахских ханств XVIII – первой половины XIX в. – Алматы: Жеті Жарғы, 2001. – С. 125.
9. Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства // Материалы для географии и статистики России. – СПб., 1865. – С. 36.
10. Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства // Материалы для географии и статистики России. – СПб., 1865. – С. 23.
11. Касымбаев Ж. Государственные деятели Казахских ханств XVIII – первой половины XIX вв. – Алматы: Жеті Жарғы, 2001. – С. 131-145.

Резюме

В статье рассматриваются вопросы казахской государственности в XVIII-XIX вв., политики России, направленной на ее ликвидацию, в том числе путем подчинения правящей элиты казахского народа.

На основе анализа изданного в последние годы сборника документов и материалов исследовательских работ доказывается политика Российской империи по окончательному искоренению ханского правления в Казахстане путем поэтапного внедрения системы колониального правления.

Обращает на себя внимание ратный подвиг исторических личностей, боровшихся за национальную независимость, в ряду которых особое место занимает Бухарбай батыр, прославленный в народе своим героизмом.

Summary

The article describes the issues of the Kazakh state in XVIII-XIX centuries, the Russian's policy aimed for the elimination of the state, including the subordinating of the ruling elite of the Kazakh people.

Based on the analysis of the recent years published collection of documents and research materials it is proved that the policy of the Russian Empire was forwarded to completely eradicate the Khan's government in Kazakhstan through a phased implementation of the colonial ruling system.

Great attention is paid to the military deeds of historical figures that fought for the national independence. The name of Bukharbay batyr takes a special place among them who was famous for his heroism among the people.

ӘОЖ 321.01:342.1:342.2(574. «18»)

ЕСТЕКБАЙҰЛЫ БҰҚАРБАЙ БАТЫР ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАМАНЫ

М.Қ. ҚОЙГЕЛДИЕВ,

*тарих ғылымының докторы, профессор,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*

Бірін-бірі үздіксіз ауыстыра бастаған әскери қақтығыстар, түрлі саяси, экономикалық және рухани дағдарыстар, барған сайын құлаш жайып отырған жаһандану процесі – осының бәрі әлемдегі әрбір қоғам мен мемлекеттердің беріктігін сынға салуда. Енді ғана дербес мемлекеттік жолына түскен бізге де сынның жеңіл тимесі анық.

Міне, осындай жағдайда еліміз үшін жас ұрпақты отаншыл рухта тәрбиелеудің мәні зор болып отыр. Соңғы жиырма жылдан астам мезгілде елімізде патриоттық тәрбиеге аса ұтымды жағдай қалыптасқандығы хақ. Біз өз жерімізге, атамекенімізге ие болдық. Бойға қуат және сенім беретін бұдан үлкен не болуы мүмкін?! Дегенмен, мектеп, жалпы білім жүйесі жас ұрпақты отаншылдық рухта тәрбиелеу жұмысын мемлекеттік статусымызға лайық деңгейге көтеріп үлгерді деп айтуға әлі ерте.

Бізге көрші мемлекеттер тәрбие жұмысына қатысты бірнеше бағдарламалар қабылдап үлгерді. Отаншылдық патриоттық тәрбиеге аса зор мемлекеттік мәні бар іс ретінде үлкен көңіл аударуда. Мәселен, Ресейде соңғы жылдары ғана патриоттық тәрбиеге байланысты төрт-бес бағдарлама қабылдап, олар бойынша жұмыс істеп үлгерді. Бұл жағдай тәрбие ісінің білім саласында кең өріс алғандығын айғақтайды.

Сол сияқты біздің елімізде де тәрбие ісіне, отан тарихына, ұлттың озық салт-дәстүріне жете көңіл аудару бар. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттігімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн.

Оған барар жол халық даналығының негізінде жатыр. Қазақ мақалында: «Жеті атасын білмейтін ер жетесіз» [1] деп көрсеткеніндей, қазіргі уақытта жас ұрпақты ана тілін, отанының тарихы мен салт-дәстүрін сүйеге баулу аса маңызды да жауапты іске айналуға тиіс.

Біздің жағдайымызда, әрине, экономикалық дамуға байланысты міндеттерге басымдылық берілгені жөн. Сонымен бірге жас ұрпақты отаншылдық рухта тәрбиелеу ісінде де кешеуілдеуге болмайды.

2012 жылы 27 қыркүйекте «Ұлт-азаттық қозғалыс және Бұқарбай батыр» атты конференция жұмысына қатынасуға келген ғалымдар Жалағаш ауданындағы Бұқарбай батыр атындағы ауылға, сондай-ақ «Аққошқар» ауылының іргесіндегі атақты Нысанбай жырау жатқан ескі қорымға соғып, ұлы ақынның рухына арнап құран оқыды. Осы сапарда байқалған нәрсе: батырдың басына апаратын жарамды жолдың жоқ екендігі. Бұл – бір. Ал Нысанбай жырау жатқан қорымды іздеп жүріп әрең тапсақ та (Аққошқар ауылының тұрғындары 84-тегі Жылқайдар және 80-дегі Доларас қариялардың көрсетуімен, олар бол-маса таба алмас та едік), Нысанбай жыраудың зиратын анықтау мүмкін болмады. Өкінішті-ақ! Кезінде шаруашылық қажеттілікке байланысты тегістеліп кеткен (Жылқайдар қария солай дейді).

Мен бұл жағдайға неге тоқталып тұрмын? Мәселе – мынада. Әрине, ғылыми конференция өткізіп, ұлы тарихи тұлғаларды еске алу, ат шаптырып, айтыс өткізіп, оған тамаша автокөлік тігу жақсы-ақ! Шіркін, сол қаржылардың бір бөлігі Бұқарбай батыр мен Нысанбай жыраудың басына белгі қоюға, сондай-ақ олар жатқан қорымға апаратын жарамды жол салуға, олар жөнінде шығармалар жазуға, спектакльдер даярлауға, олардың артында қалған мұраларын шығаруға жұмсалса – осының бәрі пайдалы, орнын тапқан іс болар еді.

Сонымен, баяндамаға оралып, батырдың өмір жолы мен заманына тоқталайын. Бұқарбай батыр өмір сүрген заман қазақ үшін жеңіл заман болған жоқ. Ең негізгісі – оның ел қатарлы мемлекеттігі болмады. Әлихан Бөкейхан айтқандай, мемлекеттігі жоқ халық – жетім халық, көрінгеннің жетегінде кететін жетекшіл халық.

XIX ғасырдың алғашқы жартысында, сондай-ақ осы жүз жылдықтың орта тұсында қазақ елі ауыр тарихи кезеңді басынан кешірді. Қазақ даласын темір құрсаудай бекіністер қоршауына алған Ресей мемлекеті ендігі уақытта белсенді әскери әрекетке көшіп, бұл өңірді толықтай өз билігіне қаратып, Ташкентте орнығуға бет алды.

Қазақ жерінің батыс және оңтүстік бөліктерін өздеріне қарату әрекетін Хиуа және Қоқан хандықтары да жүргізді. Мұхамед Рахим хан тұсында (1806-1825 жж.) Хиуа хандығы түрікмендер мен қазақтардың (Сырдың төменгі ағысы) бір бөлігін өзіне бағындырды.

Хиуа хандығы 1812, 1815 және 1816 жылдары жүргізген басқыншылық шараларынан соң Сырдарияның төменгі ағысынан бірнеше бекіністер салды. Олардың ірісі – Жаңақала (кейінірек ол Қожанияз, сонан соң Райым аталды). Алайда Хиуа хандығы Қоқан хандығымен бәсекелесе алмады. Одан 3-3,5 есе аз еді.

XIX ғ. алғашқы жартысында оңтүстік қазақ жерінде билік құрған Қоқан хандығы 1813 ж. Сырдарияның оң және сол жағасында, Қуандария өзенінің бас жағына жақын Жанғы бекінісін салады, 1815 ж. ол Сырдарияның оң жағына көшіріліп, Ақмешіт атауын алды. 1814 ж. Шолаққорған, 1815-1820 жж. Сырдарияның оң жағалауында Күмісқорған, Жаңақорған, Жүлек, ал Сарысудың оңтүстік ағысында – Жаманқорған, 1821 ж. Әулиеата және басқа бекіністерін салды. Омар хан тұсында Қоқан билігі солтүстік-батыста Сырдария, ал солтүстік-шығыста Іле өңірі аралығын қамтыды. Ал қазақ қауымдарының арасында бірлік болмады, әрбір ірі ру тобының өз ханы болды және олар дербес саясат жүргізді.

Хиуа және Қоқан хандықтарының жаулап алу және билік жүргізу саясаты адам төзгісіз қаталдығымен ерекшеленді. Олар қазақ ауылдарына нөкерлерін шығарып, тонаушылықпен айналысып, жергілікті халықтың малдарын айдап кетіп отырды, қарсылық көрсеткендерді өлтіріп, үйлерін өртеп, әйелдері мен қыздарын зорлап, қорлады. Мәселен, 1847 жылы 5-6 наурыз күндері Уайсния бектің 500 адамдық қолы Атанбаш, Ақирек, Қарабұғаз, Қамыстыбас атты мекендерге және Сырдың екі жағасына шығып, 1400 қожалықты тонап, 400 адамды өлтіріп, көптеген қыздар мен әйел адамдарды тұтқынға алып кетті [2].

Басқаша айтқанда, қазақ жеріне салынған Хиуа және Қоқан бекіністері төңірегіндегі қазақ ауылдары үшін жақындап келген тажалмен тең еді. Мәселен, Қуандариядағы Қожанияз бекінісінде (ұзындығы 400 метр, ал көлденеңінен 200 метрден сәл ғана асатын, ішінде ескі 2 пушкасы, 25 мылтығы бар) 200 хиуалық нөкерлер орналасты. Бекініске жақын маңдағы 20-ға жуық «кедей қазақ ауылдары» хиуалық нөкерлерді отын-сумен, пішенмен және басқа қажетті заттармен қамтамасыз етуге міндетті болды [3]. Осы сияқты бекіністерден қазақ ауылдарына шағын әскер қолдары шығып зекет және басқа салық түрлерін жинаумен айналысты.

Хиуа бектері қазақ билері мен батырларынан ауылдарымен Сырдарияның сол жақ бетіне өтіп, уақытында хан қазынасына зекет төлеп отыруды талап етті.

Ауылдары талауға түскен билер шекаралық орыс әкімшілігінің Сырдариядағы өкілі сұлтан Сюгалинге жазған шағымында «Біздің өңірдегі қазақтарды тонаушылық жыл санап ұлғая түсуде, байғұстар қазірдің өзінде үш рет тоналды. Ал түйесі барлары сіздер жаққа (Орынбор жаққа) көшіп-қонуда, ал көліксіз кедей-кепшіктері қамыстан баспана салып, балықпен күнелтуде, егер де Сырдарияда балық болмағанда биылғы жылы олар түгелдей қырылып қалмақ еді» деп жазды [4].

Қоқан және Хиуа хандықтарының жергілікті халыққа жасаған бұл қиянаты оңтүстік және оңтүстік-шығыс қазақ жерінде жателдік билікке қарсы азаттық қозғалыстың өріс алуына қозғау салды. Жетісу

өңірінде бұл қозғалысты Саурық және Сұраншы батырлар, Әулиеата өңірінде Байзақ датқа, ал Сыр бойында Жанқожа және Бұқарбай батырлар басқарды.

Басқаша айтқанда, араға 50-60 жыл салып қазақ елінің өміріне жаңа жаугершілік заман келді. Бір орталыққа бағынған мемлекеттік жүйенің және ел болып тәуелсіздікті қорғауға негіз бола аларлық экономикалық құрылымның жоқ жағдайында сырттан төнген қауіптен тұтас ұлт болып емес, жеке аймақ, ру-тайпа болып қорғануға тура келді.

Баяндаманы даярлау барысында бізге бірсыпыра әдебиетпен танысуға тура келді. Осы ретте ел арасындағы тарихи мәліметтерді жинап «Бұқарбай батыр» (1992) [5] атты кітап даярлаған Бердәулетұлы Камал сияқты зерттеушіге ризашылық білдіру – парыз. Белгілі журналист Ахат Жанаевтың құрастыруымен 2007 жылы «Бұқарбай батыр» [6] деп аталатын жинақ жарық көрді.

Қазақ ру-тайпаларының тарихын бір жүйеге түсіру ісінде қайраткер азамат Хайролла Ғабжалелов құрған «Алаш» тарихи зерттеу орталығы 2006 жылы екі томнан тұратын «Табын» атты монографиялық зерттеуді өмірге әкелді [7]. Бұл орталықта жұмыс жасаған ғалымдардың тындырымды еңбектерінің бірі екендігі даусыз.

Сондай-ақ Т. Дайрабай, Н. Мыңжасов, Р. Оразов сияқты зерттеуші ғалымдардың мұрағат қорларынан батырдың өмір жолы мен қызметіне қатысты біраз құжаттық материалдар жинап, айналымға тартқанын атап айтқан жөн [8]. Аталған және басқа жарық көрген еңбектер Бұқарбай батырдың ғұмыры мен қызметіне қатысты біршама ғылыми түсінік қалыптасқанын айғақтайды.

Тарихи дерек көздері Естекбайұлы Бұқарбай батырдың қазақ елінің іргетасын қалаған тайпалардың бірі – Кіші жүздің Табын тайпасынан оның Теке, Атанша тармақтарына тән екендігін куәландырады. Атаншадан Құдайсүгір, одан Естекбай, Естекбайдан Бұқарбай батыр. Ел ішіндегі шежіре осылай дейді. Шежіре табынның бірлі-жарым бұтағының Ақтөбе облысының Ор, Жем бойынан Қызылорда облысы Жалағаш, Теренөзекке қоныс аударғанын айтады.

Кез-келген тарихи тұлғаның өскен ортасы және үлкен ұлы отаны бар. Бұқарбай батыр, міне, осы екеуінің де амандығы мен бүтіндігі үшін жан алып, жан беріскен тұлға.

Батырды өмірге әкелген орта жөнінде жоғарыда айтылғандай Бұқарбай Естекбайұлының елі – Табын тайпасы. Ұлт тарихында Табын жұртында батырлық және билік сияқты қасиеттердің терең дәстүрі бар болғандығын айтқан жөн.

Ұлт тарихының ең бір күрделі де ауыр кезеңі «Ақтабан шұбырынды» заманы болғаны баршаға аян. Осы кезеңдегі тарихи оқиғаларға байланысты Жетіру Табынның батыры Бөкенбайдың есімі жиі айтылады. 1710 жылы Жоңғар басқыншыларына жауап соққы беру мәселесін талқыға салған Қарақұм кеңесінде табын Бөкенбай батырдың жиналғандарға күш-жігер беріп сөйлеген сөзі жазба дерек көздерінде сақталған. Батыр: «Уа, ағайын! Шаңырағы ортамызға түскен үйлеріміз бен жау қолында кеткен жесір-жетімдеріміздің соңынан телмірген бишара күй кешпей, жаудан кек алуға аттанайық, ажалымыз жетсе, соның қолынан өлім табармыз! Қыпшақ даласының ерлері қай заманда назары сынып, жер шұқыған еді?! Мына сақал-мұртты ақ баспай тұрғанда қолымды ата жауымның қанына бояуға әзірмін. Заты бөлек кәпірдің құтырған иттей талауына енді көнер жайым жоқ! Құдайға шүкір, мініске жарар жылқым бар, қорамсақ толы жебем бар!», – дейді [9].

Бөкенбай батыр Бұланты түбіндегі ұрыста басшылық жасағандар қатарында болды. Міне, осы батырлық дәстүрі табын Бөкенбай батырдың елінде үзілген емес. XVIII ғасырда оны Сәрке, Бәйтек батырлар, XIX ғасырда Байқадам, Аралбай, Қабан, Асау Барақ, Сейіл, Қайқы батырлар жалғастырды. Ал табын Жоламан Тіленшіұлы мен Бұқарбай Естекбайұлының батырлық жолдары ұлт тарихында алтын әріппен жазылуға лайық. Бұл аталған есімдер ел жадында тарихи әңгіме, аңыз, жыр түрінде жатталып қалды.

Тарихи деректермен таныса отырып Бұқарбай батырдың жүріп өткен өмір жолынан үш кезеңді байқауға болады. Олар шамамен:

- туған жылынан (1812 ж. шартты түрде) бастап батыр ретінде танылған Күмісқорған шайқасына дейінгі аралық;
- Кенесары хан қозғалысына қосылған 1838 жылдан бастап, көтерілістің жеңіліске ұшыраған 1847 жылға дейінгі уақыт;
- еліне оралған 1847 жылдан өмірінің соңына дейінгі кезең (шамамен 1898 ж, 86 жас).

Батырдың өміріндегі алғашқы екі кезеңге байланысты жазба деректер өте тапшы да, оның есесіне осы мезгілге байланысты ел арасында сақталған түрлі фактілік материалдар мол екендігі байқалады.

Ал оның елге оралып, ел ішіндегі түрлі істерге араласып, белсенділік танытқандығын куәландыратын құжаттық материалдар орыс әкімшілігіне тиесілі мұрағаттық құжаттар да баршылық [10].

Бұқарбай батырдың көзге түсіп, ел аузына іліне бастағаны ел ішінде сақталған дерек көзінде мына тұрғыдан баяндалады: қазіргі Тереңөзек (Сырдария) ауданының жеріндегі әйгілі Күмісқорған бекінісінің орны әлі күнге сақталған. Шыдамдары таусылған Байқадам, Қабан, Бұқарбай батырларға Мысық би басшылық жасап, шамамен 1830 жылы Күмісқорған бекінісін алуға аттанады. Бекіністің түбінде Жұбанияз бекпен болған жекпе-жекте жас жігіт Бұқарбай қарсыласын найзамен шаншып опат қылады.

Қалай болғанда да Бұқарбайдың ел арасында батыр ретінде танылуы оның 18-20 жасқа келген шағында. Батырды дүйім қазақ жұртының біліп, атақ-даңқа бөленуі, әрине, Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа қатынасуына байланысты. Ел іші деректерінде «Бұқарбай батыр Кенесары қолына келіп қосылғанда 25 жастағы жігіт еді» дейді. Яғни ол Кене хан қолына қосылу туралы шешімді саналы түрде қабылдағаны байқалады. Олай болса, батырдың Кене хан қозғалысына қатынасуына түрткі болған жағдайлар туралы не айтуға болады?

Бұл арада бірден назар аударатын жағдай Бұқарбай батырдың қазақ жерін, оның ішінде атамекені Сыр бойы елін Қоқан және Хиуа хандықтарының езгісінен құтқару туралы мақсаты – Кенесары бастаған көтерілістің мақсат-мұратымен сәйкес келгендігі.

Ал Кенесары қолдарының Ақмола, Созақ, Жүлек, Жаңақорғандағы және басқа жеңістері батырдың көңілінде сенім отын жақты. Бұқарбай және басқа батырлар Кенесары бастаған қозғалысты жалпыұлттық идея ретінде қабылдағаны анық.

Бұған қосымша Кенесары хан көтерілісін белгілі бір кезеңде ірі саяси тұлға табын Жоламан Тіленшіұлы да қолдады. Қоқан билігіне қарсы күресте Кенесары хан әскеріне Сыр бойынан Жанқожа Нұрмұхамедұлы да келіп қосылды. Бұл оқиғалардың отаншыл ұстанымдағы Бұқарбайға зор әсері болғандығын сенімді айтуға болады.

Е. Бекмаханов өзінің белгілі монографиялық зерттеуінде «Шөмекей және шөмішті, табындар Қоқан және Хиуаның ауыр езгісін басынан кешірді. Сондықтанда бұл рулар Кенесары қозғалысына қосылып, аталған хандықтардың қанауынан құтылуды ойлады»[11] деп көрсетеді. Ал Кенесарыны қолдаған батырлардың әлеуметтік тегі жағынан ала-құла болғанын атап (мәселен, Бұқарбай жыраудың бұқара халықтан, ал Жоламан Тіленшіұлының ауқатты, тіпті бай отбасы екендігін) өтеді.

Бұқарбай батырдың Кенесары әскері құрамында көзге түсуі Ақмола бекінісі үшін болған шайқаста еді (ел ішіндегі ауызекі деректер солай дейді). Ол жөнінде «Кенесары – Саржан» тарихи жырынан:

*Екі жүздей күренді
Жалғыз қырып Бұқарбай,
Қатарынан бір асқан.
Айнала шауып екі күн,
Ақмола үстін шаңдатты.
...Бастығы еді Карбышев,
Қорыққаннан бас иді... [12], –*

деген жолдарды оқимыз.

Кенесары қозғалысына байланысты Сыр бойындағы қазақ жұрты бір-ақ ұстанымда болды десек ақиқаттан алшақ кетпейміз бе деген сұрау туады.

Камал Бердәулетов кітабында «Кенесары қозғалысы басталғанда ол Сыр бойы Табынындағы көрнекті батыр Сәркенің немересі Байқадам батырды да «қарсылық білдірді» деп жөнсіз айыптап, тұтқында ұстауының өзі бір тайпа елдің одан теріс айналуына әкеліп соқтырғанын көруге болады» деп көрсетіп, Байқадамның «Жалаңаш төбесінің маңындағы қалың Табындағы ең абыройлы» адам екендігін айтады[13].

Жалпы Кенесары қозғалысына байланысты бейтарап ұстанымда болған Ағайдарұлы Байқадам би жалғыз емес. Көтеріліске байланысты тура осындай ұстанымды Орта жүзде Шеген би Мусин және ұлы жүзде Сары би де танытты. Олар Кенесары қозғалысының ішкі мазмұны мен мақсатын түсінгенімен, бірақ қозғалысқа ашық саяси қолдау жасамады. Неге?

Кене ханның Ресеймен айқасқа түскен уақыты бұл қайшылығы мол күрделі заман еді. Мәселе – мынада. Егер біз бүкіл қазақ қоғамы қолына қару алып Ресей тарапынан төнген экспансиялық саясатқа қарсы шығуы қажет еді десек, онда мынадай бір қарапайым нәрсені ескере алмаған болып шығамыз.

Сол замандағы Ресеймен тең дәрежеде күреске шығып, жеңіп шығу үшін ең алдымен мұндай қарулы қарсылыққа сүйеніш, негіз боларлық экономика керек емес пе? Ал ондай экономика сол тарихи кезеңде бізде болған жоқ.

Сонымен бірге ел болып жігерсіздік танытып, күштінің алдына түсіп, айдауында кету де намысқа сын болар еді. К. Қасымұлының көтерілісі бұл ауыр халге душар болған елдің жігерін жанитын оқиға екендігі де анық.

Осы ретте сондай-ақ М. Мағауин, Қ. Жұмаділов сияқты жазушы ағайындардың Сыпатай батыр мен Рүстем сұлтанға байланысты айтылған пікірлермен де («ауыр сәтте Кене ханды сатып кетті» сияқты) келісу қиын. Бұл арада Кене ханның қырғыз қолдарымен шешуші шайқасы алдында қалыптасқан жағдайды білген артық емес.

Кене хан кезінде табын Байқадам мен жаппас Жанғабыл батырларға көрсеткен тәкаппар басынушылық мінезін Ұлы жүз ботбай Сыпатай батырға да көрсетеді. Ханның бұл мінезі ел жақсыларының намысына тиген.

Бұған қосымша қырғызбен екеуара шайқас қарсаңында Сыпатай батыр ескі танысы қырғыз манабы Жантайдан (құдалық қатынасы бар) хат алады. Онда Жантай «Әй, Сыпатай, саған не болған, біз құдалығымыз бар, тату көрші емес пе едік? Арқадан келген төрең бүгін соғысып, ертең еліне кетеді. Сен екеуміз сол көрші қалпымызда қаламыз, сонда қалай бет көріспекпіз?» деген назын жеткізеді.

Тарихи деректер Бұқарбай батырдың Кенесары қолы құрамында қоқандықтардың Созақ, Жаңақорған, Жүлек және Ақмешіт бекіністерін алуға қатысқанын айғақтайды. Бұл 1841 жылдың күзі болатын. Әсіресе қанды шайқас Созақ бекінісі үшін жүрді. Куәгерлердің айтуына қарағанда Кенесары сарбаздары Созақты 18 күн қоршауға алып, алғаннан соң бекіністі талқандап, бұзған [14].

Қорыта айтқанда, Бұқарбай батыр Кене хан әскері құрамында 1847 жылғы қырғызбен арада болған қайғылы оқиғаларға дейінгі уақытта болғандығы байқалады.

Батыр Кене хан жорығынан соң Сырдағы еліне аман-есен оралып, бейбіт өмірге ден қоя бастайды. Бұл кезде батыр – өмір көрген, көп түйгені бар кемеңгер тұлға. Орыс әкімшілігімен дипломатиялық қатынасқа көшкен. Бұл кезеңде ол би ретінде танылды.

Бұқарбай батыр жергілікті сұлтан Елекей Қасымовпен бірігіп, Сыр өңірін Қоқан билігінен тазартуды қарастырғанын дерек көздері растайды. Мәселен, Райым бекінісінің бастығы майор Энгман 1852 жылдың 20 желтоқсанында Орынбор шекара комиссиясының төрағасы жолдаған рапортында «Елекей Қасымовтың өзіне қараған рулардың әрбір шаңырағынан бір адамнан шайқа жинағанын естідім... Оның Бұқарбай батырмен байланысы бар екеніне көзім толық жетті... Бұл екеуі қарулы шайқа жинап Ақмешітті қоқандықтардан босатады деп ойластырған» деп көрсетіп, «Қазір Ақмешіт бекінісінде шамамен 1230 адам бар. Мен Е. Қасымовтан бұл ұрысқа араласпауын сұрап, кейін қайтардым» дейді. Бұл кезде Бұқарбай жанында оның тілектес дос серігі Сейіл би де бар еді. Бұл сәтсіз аяқталған әрекеттің салдарынан Сейіл би арқылы тұқымдық бидай берілгені жазылған. Онда Есауыл Қармышевтың Бұқарбай батырға 4 қап ұн, 26 бұт бидайды бергені көрсетілген және оны алғандығы жөнінде Бұқарбай батыр растап, 1854 жылғы 16 ақпанда қол қойған. Батырдың 1854 жылдың көктемінде Бегікөлі маңынан жер алып, қарамағандығы елді егіншілікке бастағаны осы кезең болса керек.

1862 жылдың 31 наурызында Перовск уезд бастығының Сырдария желісі басшысына жазылған мәлімдемесінде уездегі түтінпұл жинаудың жайын баяндайды. Осында би Бұқарбай Естекбаевтың 393 сом 50 тиын күміс ақшаны өзіне бағынатын ауылдардан жинағаны айтылады және 1853-54 жылдардан кейінгі мұрағат құжаттарында «Би Бұқарбай Естекбайұлы» деп жазылған [15]. Соған қарағанда бабамыз аталған кезден бастап бірыңғай ел басқару ісіне араласқан деуге толық негіз бар.

Дегенмен, белсенді саяси қызметке бой қисынып қалған тұлға тыныш отыра алмайды. Ресей әскері Ақмешітті 1853 жылы алды. Ал оны Қоқан билігінен қазаққа қайтару әрекетін Бұқарбай батыр Сейіл би мен Е. Қасымұлы сұлтанмен бірігіп 1852 жылы іске асырмақ болғандығы байқалды.

Бұл айтылғандар ел үшін туған белсенді де жігерлі тұлғаның өмірінің екінші жартысында атқарған сан қырлы қызметінен алынған эпизодтар ғана. Ал батырдың елін отырықшы өмірге шақырып, тоған қаздырып, егін салуға бастаған қызметі – өз алдына бөлек әңгіме етуге лайық тақырып.

Халық арасындағы деректерге қарағанда батыр 86 жыл өмір сүріп, қазіргі Жалағаш ауданына қарасты Қараөзек бойындағы Серкеш деген жерде өмірден озған. Бұқарбай аталатын қорымда тыныштық тапты.

Аллаға шүкір, батырдан тараған ұрпақ бүгінде біраз, Қызылорда облысының Жалағаш ауданында, Қызылорда қаласында тұрады, өскен-өнген әулет. Жалағаштағы бір ауыл Бұқарбай батыр есімінде. Жалағаш кентінің орталығында батырға арнап ескерткіш қойылған.

Сонымен бірге, ел басшылары қатынасып отырған бүгінгі өтіп жатқан алқалы жиынды пайдаланып көпшіліктің көкейінде жүрген ұсыныстарды жинақтап айтып өту артық бола қоймас деп ойлаймын.

1. Кейінгі ұрпақ жас буын өзі туып өскен жерінің күні кешегі атауларын, жер-су аттарын ұмытып барады. Бұл – біздің көз алдымызда болып жатқан жағдай. Осыған байланысты әрбір облыс, аймақтарда өлкетанушылық мазмұндағы жобалар даярланып, оларға кәсіпкерлер қаржылай демеушілік жасап, бұл жұмысты жергілікті ағарту саласының қызметкерлері, мұғалімдер жүргізсе пайдалы іс болар еді.

2. «Ел іші – алтын кеніш» деген сөз рас. Көрсетулерге қарағанда, Сыр бойы халқының арасында бүгінгі күнге дейін XVIII-XIX ғасырларда өмір сүрген батырлардың сауыт-сайманы, қару-жарағы әлі де болса бар, аз да болса, сақталып келеді. Біздің қоғамда осы мазмұндағы құнды ескерткіш заттарға деген салақтық бар. Сол бұйымдарды жинап батыр-билерге арналған арнайы мұражай жасақтау – сауапты іс. Осы жұмыс батырлар елі Сыр өңірінен басталса орынды-ақ болар еді.

3. Біз көп жағдайда мектепте, жалпы білім жүйесінде, әр пәнді жергілікті материалдармен байланыста жүргізуді ескере бермейміз. Бұл мәселенің, әсіресе, тарих пәніне тікелей қатынасы бар. Осы ретте, мәселен, Бұқарбай батыр сияқты тарихи тұлғалардың өнегелі ісі мен тұлғалық қасиетін жас буын сана-сына жеткізе білудің жағымды нәтиже берері сөзсіз. Осы мақсатта университет сияқты оқу орындарының білім жүйесіне арнап оқу құралдарын даярлау ісін тұрақты түрде жүргізіп отыруы тиімді болары анық.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. – Алматы, 1999. – 273 б.
2. Шоинбаев Т.Ж. Восстание Сырдарьинских казахов. – Алматы, 1999. – 36-37 бб.
3. Сонда, 35 б.
4. Сонда, 37 б.
5. Бердәулетов К. Бұқарбай батыр. – Алматы, 1992. – 128 б.
6. Бұқарбай батыр. Деректі хикаяттар мен жыр-дастандар. – Қызылорда, 2007. – 304 б.
7. Табын. 1, 2 кітаптар. – Алматы, 2006.
8. Бұқарбай батыр. Ғылыми-танымдық басылым. – Астана, 2012. – 384 б.
9. Қазақстан тарихы. Аса маңызды кезеңдегі мен ғылыми мәселелері. 11 сыныпқа арналған оқулық. – Алматы, 2007. – 13 б.
10. Дайрабай Т. Бұқарбай батыр туралы жазба деректер / Бұқарбай батыр. – Алматы. – 2012. – 72-82 бб.
11. Бекмаханов Е. Казахстан в 20-40 годы XIX века. – Алматы, 1992. – С. 254.
12. Бұқарбай батыр. – 28 б.
13. Сонда, 26 б.
14. Бекмаханов Е. Аталған еңбек, – 255 б.
15. Мыңжасов Н. Батырлар институтындағы Бұқарбай бейнесі // Бұқарбай батыр. Ғылыми-танымдық басылым. – Астана, 2012. – 125-167 бб.

Резюме

В статье подробно рассмотрены основные этапы жизни и деятельности Естекбайұлы Бухарбай батыра и его время, которые совпали с временем захвата Присырдарьинских земель среднеазиатскими ханствами и Российской империей. Проведен глубокий анализ национально-освободительного движения казахского народа против захватчиков во главе с Кенесары Касымовым и роли в нем Бухарбая Естекбайұлы.

Даны рекомендации по улучшению работ в сфере ономастики, регионоведения, по организации специальных музеев для сохранения материального наследия знатных людей, по подготовке учебных пособий, посвященных ратным подвигам батыров, и их внедрению в учебный процесс общеобразовательных школ.

Summary

The article focuses on the main stages of life and working activities of Estekbayuly Bukharbay Batyr and his time. This period coincided with the time of occupation of Pre-Syrdarya land by the Central Asian khanates and the Russian Empire. The author provides with in-depth analysis of the national-liberation movement of the Kazakh people against the invaders, led by Kenesary Kasymov and the role of Bukharbay Estekbayuly in this movement.

There were given recommendations for improvement of the work in onomastics, regional studies, the organization of special museums to preserve the material heritage of the great nobles, the preparation of training manuals dedicated to the military feats of brave men, and their introduction into the teaching process in secondary schools.

ӘОЖ 314. 012:32 (574)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МИГРАЦИЯЛЫҚ САЯСАТТЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ә.С. НҰРЫМОВ,

саяси ғылымдарының кандидаты,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Демографиялық процестердің ішінде халықтың миграциясы маңызды орын алады. Өйткені миграцияға қоғамдағы саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге шұғыл көңіл бөлетін жауапты сипат тән. Қоғамдағы дұрыс басқару және тиімді әлеуметтік-экономикалық саясат жүргізу үшін миграциялық ағымдардың көлемі мен мигранттардың құрамын бағдарлай және миграцияны тудыратын факторлар мен миграцияның салдарын анықтай білу қажет.

Миграциялық саясат дегеніміз – бұл тұрғын халықтың миграциялануына алып келетін әлеуметтік мінез-құлықтың, әрекеттің бір түрі немесе элементі болып табылатын миграциялық қозғалысқа ықпал ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5-ші қыркүйектегі 1346-қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасының миграциялық саясатының тұжырымдамасында былай айтылған:

– миграция процестері мемлекеттік қауіпсіздікке, қоғамдық келісімге, елдегі экономикалық және демографиялық ахуалға әсер етеді;

– миграциялық саясат Қазақстанның мемлекеттік сыртқы және ішкі саясатының құрамдас бөлігі болып табылады, оны іске асыру мемлекеттің басым міндеттерінің бірі болуға тиіс;

– миграция саясатының субъектілері орталық және жергілікті атқарушы органдар болып табылады.

Тұжырымдамада адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау негізінде жалпы мемлекеттік мүдделерді ескере отырып, миграция саясатының негіздері айқындалады делінген.

Қазіргі ғылымда, әсіресе батыс ғылымында миграцияны зерттеп, талдауда, бір жағынан, бірін-бірі толықтыратын және біріне бірі біршама қарсы келетін екі негізгі теориялық парадигмалар бар. Біріншісі, құрылымдылық парадигма. Бұл парадигма миграцияны түсіндіргенде басты орынды адамды немесе топты миграциялауға итермелейтін құрылымдарға береді. Осы парадигма макротеориялық парадигма ретінде анықталады, өйткені миграцияның себептері экономикалық және саяси құрылымдар мен қоғамның трансформациялануы болып табылады. Қазіргі кездегі миграцияның себептерін талдауда орын ауыстыру экономикалық детерминация рөлінің маңыздылығы күшті екендігін көрсетеді.

Миграция теориясындағы екінші парадигмада, яғни миграциялау туралы мәселеде субъективті факторға басты орынды береді. Субъективтік парадигма микродеңгей теориясы ретінде анықталады, өйткені адам миграцияның басты агенті ретінде талданады. Микродеңгей теориясы миграцияның

макротеориялық себептерінің маңызын жоққа шығармайды, бірақ та ол деңгей объективті факторлар бәрібір де жеке тұлғаның шешіміне байланысты болады дейді. Бұдан көретініміз, миграцияны талдаудағы микротеориялық тәсіл жеке тұлғалардың шешімдерін зерттеуге көп көңіл бөледі. Бұл парадигма аясында мигрант өзіндік ерекшеліктері бар, миграциялаудан түсетін шығындар мен табыстарды бағалай алатын адам ретінде қарастырылады.

Тарихқа үңілсек, миграциялық процестерді ең алғашқылардың бірі болып жүйелендірген ағылшын ғалымы Е.Г. Равенштейн. Ол 1885 жылы Ұлыбритания мен Солтүстік Америка тәжірбиесінде миграцияның он бір заңын немесе ережелерін (Ravenstein's Laws of Migration) қалыптастырып берді, бұл ережені қазірдің өзінде миграциялық теорияны жасаушылар негізге алып келеді. Осы он бір ереженің ішіндегі ең маңыздылары мыналар:

- миграция көбіне қашықтықта жүзеге асады (бұл жерде мигрант-спринтер жөнінде пікір білдіріледі, алайда қазіргі кезеңде мигрант-стайерлер де көп);
- территориялық орталық ірі болған сайын ол өзінің тартылымдылығын күшейтеді;
- әр миграциялық ағымға өзіндік қарсы ағым сай болады;
- ірі қалалардың өсуі қала тұрғындарының табиғи өсіміне емес, халықтың қоныс аударып келуіне байланысты;
- халықаралық миграция елдің ішіндегі болып жатқан миграция заңдылықтарымен дамиды;
- миграцияның көлемі өндірістің, сауданың, әсіресе көліктің дамуына байланысты көбейе түседі.

Миграцияның ең басты анықтаушысы – экономикалық себептер.

Ал бүгінгі қоғамның дамуында, жоғарыда айтылғандардан, әсіресе, соңғы екі заңдылық берік және анықтаушы сипатқа ие. Демографиялық процестердің арасында тұрғындардың миграциясы ерекше орын алады. 1989 жылы жарық көрген «Миграциология» деген еңбекте миграция дегеніміз «бұл – әлеуметтік-экономикалық қатыныстарға байланысты болатын миграциялық қозғалыс» деп жазылған. Миграцияның мынадай категорияларға негізделген интегралды классификациясы бар, олар: 1) типі; 2) түрі; 3) формасы; 4) себебі; 5) деңгейі.

1) Миграциялық қозғалыстар бір елдің ішінде де, осымен бірге мемлекеттердің арасында да болады. Сол себептен де тұрғын халықтың миграциясының екі типін бөліп алады: халықаралық (мемлекетаралық, сыртқы) және ішкі (мемлекетішілік).

Халықаралық миграцияға иммиграция және эмиграция деген түсініктер тән. Біріншісі, жұмысқа орналасуды немесе оқуға түсу мақсатында және басқа да себептерге байланысты басқа елге барып кіруді білдіреді. Екіншісінде елден кету туралы айтылады. Осыған байланысты иммигранттар және эмигранттар болып бөлінеді.

Ішкі миграция дегеніміз – бір мемлекеттің территориясы көлеміндегі қозғалыс. Ішкі миграцияның ағымдары мынадай бағыттары бойынша бөлінеді: қала – қала; ауыл – ауыл; ауыл – қала;

2) Ішкі және сырт миграция қоныс аудару, қайтарымсыз және тұрақты уақытша миграцияға бөлінеді, біріншісі тұрақты мекен-жайын, азаматтығын өзгертумен байланысты, ал екіншісі болса жаңа жерде (жаңа елде) шектеулі бір уақытпен жүруді бейнелейді.

3) Формасына қарай миграциялық қозғалыстарды былай деп бөлуге болады: мемлекеттің немесе әр түрлі қоғамдық құрылымдардың (мәселен, ұйымдастырылған түрде еңбекшілерді жинау, қоғамдық үндеулер бойынша миграция) көмегі арқылы жүзеге асатын қоғамдық-ұйымдасқан және ұйымдаспаған, яғни мемлекеттің көмегінсіз жүзеге асатын миграция.

4) Миграциялық қозғалыстарды себептеріне байланысты жіктей отырып мыналарды бөліп алуға болады: экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени, діни, нәсілдік, әскери, демографиялық (отбасының бірігуі, некелік миграция) және т.б. миграция.

Қазіргі кезеңде миграцияны қандай факторлардың анықтағанына қарамастан, басты орынды экономикалық миграция алады.

5) Тұрғын халықтың миграциясы үш деңгейге бөлінеді. Бірінші деңгей, бұл – миграциялау туралы шешімді қабылдау. Екіншісі, бұл – территориялық қоныс аудару: ұйымдасқан немесе ұйымдаспаған миграциялар, яғни мигранттың өзінің тәуекеліне байланысты. Үшіншісі – бұл мигранттың жаңа орынға, жаңа жұмысқа бейімделуі және үйрену деңгейі.

Мемлекеттік миграция саясатының қалыптасу кезеңдерін қарастыратын болсақ, халықтың миграциясы объективті әлеуметтік-экономикалық процесс ретінде бір-бірімен тығыз байланысты құрамдас

бөліктерден тұрады. Яғни, сыртқы миграция: эмиграция мен иммиграция және ішкі миграция (ауыл мен қала, қала мен қала, т.с.с).

Қазақстан Республикасының миграциялық саясатының тұжырымдамасы бір мезгілде сыртқы да, ішкі де миграцияны реттеуге арналған. Мұндай саясат мемлекеттің белгілі бір аймақтағы мигранттар қозғалысының ағымы мен құрамына ықпал ете отырып, халықтың саны мен құрамын сақтап қалуға немесе өзгертуге бағытталады. Оның басты мақсаты экономиканың және халықтың тиімді дамуын қамтамасыз ету, жергілікті тұрғындарды дұрыс орналастыру, оның сапалық құрамын жақсарту, аймақтардың бірдей дамуын қамту, өмір жағдайындағы әлеуметтік-экономикалық алшақтықты теңестіру болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Тәтімов М.Б. Дербестігіміз – демографияда. – Алматы, 2002.
2. Сатершинов Б.М. Қазақ мәдениетінің кейбір мәселелері. – Алматы, 2005.

Резюме

В статье раскрыта роль миграционных процессов в обществе. Рассмотрены цели, содержание и сущность концепции миграционной политики Республики Казахстан. Проведен сравнительный анализ теоретических выкладок западных ученых по данной проблематике. Приведены существующие классификации миграции.

Summary

The article revealed the role of migration processes in the society. The article considered aims, content and essence of the Republic of Kazakhstan's migration policy concept. There was made a comparative analysis of Western scholars' theoretical viewpoints on this subject. There were given the existing classifications of migration in the world.

ӘОЖ (1-925.3) : 008(3) «625»

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – «АЗИЛЬ МӘДЕНИЕТІНІҢ» ЕҢ ЕЖЕЛГІ ОШАҒЫ

Б. СЕЙСЕНОВ,

*философия ғылымдарының докторы, профессор,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті*

2012 жылдың 15 маусымында елімізде Астанадағы Бейбітшілік пен келісім сарайында «Жаңа әлемдегі Еуразиялық мәдениет» атты халықаралық форум дүркіреп өтті. Осы идеяның авторы және бастамасышы Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық форум қатысушыларына бағытталған құттықтау сөзінде «Бұл форумның Еуразияның ең орталығында – тәуелсіз Қазақстанның жас елордасы Астанада өтуінің терең символдық мәні бар» деген болатын [2].

Мемлекеттік хатшы Мұхтар Құл-Мұхаммед «Жаңа әлемдегі Еуразиялық мәдениет – бұл бейбітшілік, қайырымдылық және жасампаздықтың мәдениеті. Бұл – жаңа рух, жаңа өмір шындығы!» дей келіп, Елбасының бастамасымен жүзеге асып жатқан «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы жетістіктерін көрсететін мәдени көрменің қойылымдары, көптеген мемлекеттерден келген қонақтардың қызығушылығын тудырып отырғандығын мәлімдеген болатын [2].

Көрмеге қойылған тарих пен мәдениет ескерткіштерінде көне дәуірден 37 археологиялық, 33 ғылыми зерттеулер, мазмұны терең, бірегей әлемдік ғылыми мәдени мұраны қамтитын ондаған кітап серияларының жиыны, бұған дейін белгісіз болып келген 5 мыңдай қолжазбалар, көне басылымдар, б.з.б.-ғы VII-IV ғасырлардың әр кезеңінде болған Есік және Шілікті қорғандарында табылған екі

«Алтын Адамның» көрмеге қойылуы, Орталық Азия – «Азиль мәдениетінің» ең ежелгі тарихи ошағы екендігін әлемнің түкпір-түкпірінен келген мәдени форум қонақтарына дәлелдей түседі.

Халықаралық мәдени форумның Астанада өтуінің «терең символдық мәні», міне, осында жатыр.

Осыған орай, Қорқыт Ата университетінің профессоры болған белгілі түрколог ғалым Әнес Жақыпұлының бұрын жарық көрмеген осы ғылыми зерттеуін жинақтап жариялап отырмын.

Жалпы мәдениет атаулының, оқу-білімінің небір мықтылары Еуропада пайда болып, өзге елдерге мәдениет түрлері сол жақтан тараған десетін. 1940-1980 жылдардағы оқытушыларымыз бен профессорларымыз, білікті ағаларымыз бен саясаткерлеріміз солай дейтін және сол кездегі оқулықтарымыз бен газет-журнал беттерінен де осы қағиданы оқитынбыз. Сондықтан бұл пікір миымызда қатталып, санамызда өшпестей боп жатталып қалғандығы сондай, бес жердегі бес – жиырма бес, басқаша болуы мүмкін еместей болып кеткендіктен, біреу Индиядан не Қытайдан ең алғашқы өнер-білім әлемге тараған екен, ол бірте-бірте Еуропаға да жеткен десе, оған құлақ аспай, бұны айтқан кісіні наданға санаушы едік.

Алайда 1970 жылдар қарсаңындағы кейбір жер асты қазбаларынан табылған заттар, ондағы белгілер, тау жартастарына қашалып салынған суреттер, т.б. дерек көздері туралы мәліметтерді газет-журнал беттерінен оқи бастадық. Ал Алматы маңындағы Есік қорымынан «Алтын адамның» табылуы – әлемді таңғалдырғаны мәлім. Бірақ қанша таңырқаса да еуропалық қазіргі ірі саясаткерлердің көпшілігі, шындығында да, өркениеттіліктің бастауы Азиядан екен дегендей, ақ ниеттілікпен соңғы әділдігін әлі айта қойған жоқ. Алайда мұндай ой-түйінін америкалық бір топ ғалымдар 1920 жылдарда-ақ айтқан екен. Оны атақты академик, археолог А.П. Окладниковтың 1981 жылы шыққан «Палеолит центральной Азии» деген кітабынан табамыз. Бұл жайлы «Қазақстан топонимикасы» [1] делінетін кітабымызда біраз салыстырмалы талдамалар жасағанбыз.

А.П. Окладников кітабының қысқаша мазмұны былайша: 1922-1930 жылғы америкалық археологтардың жетекшісі Р.Ч. Эндрьюс Моңғолияның Гоби шөлінен тапқан археологиялық олжаларының сенсациялық (күтпеген таңғаларлық) оқиға болғандығы жайлы «По следам первобытного человека» (Алғашқы адам ізі бойынша) деген еңбек жазған. Осы кітабында моңғолша бай сексеуіл ұғымындағы Байндзак дейтін жерден 20 мың жыл б.з.б.-ғы дюн тұрғындарының мекені табылғандығын, ол мекеннен алынған олжалар 1887-1889 жылы француз археологі Э. Пьет Францияның оңтүстігіндегі Мад' Азиль үңгірінің маңынан тапқан, кейін ол «Мад' Азиль мәдениеті» [2] аталып кеткен (б.з. дейінгі 15 мың жылдыққа жататын) дүниелердің (шақпақ тастан істелген тескіш, қырғыш, және садақ, балық, өсімдік, т.б.) қалдықтары көшірме сияқты, ұқсас болғандығын сөз етеді. Академик А.П. Окладников Р.Ч. Эндрьюстің «Моңғолия – адамзат алғаш пайда болған ғана жер емес, осы жерден біздің түп аталарымыз бүкіл жер шарына тараған, миллион жыл бұрын Гоби (*Көп + үй – Ә.Ж.*) даласы жасыл жапырақты жылы аймақ боп тұрғанда, Европа мен Американы мұз басып жатқан» дегенін айта келіп, өз экспедициясындағы палеонтологтердің Қазақстан және Солтүстік Двина жерінен тапқан қазбалық олжалары да Р.Ч. Эндрьюс пікірін қуаттайтынын мәлімдейді.

Сөйтіп, Эндрьюс өз экспедициясы құрамындағы Г.Ф. Осборн, геолог Берди, археолог Нельсон пікірлеріне сүйеніп, Азиль мәдениетінің негізін жасаған ол жерге (Гоби даласы құрғап, шөлге айналған тұста) коньс аударған байндзактық дюн тұрғындары болар деген пікірде болса, оның бұл пікірін Нельсонның жаңадан ашқан қазбалық олжалары Ордостан кездестірген Э. Лисан мен Тейяр де Шарден сияқты атақты ғалымдардың археологиялық олжаларымен ұқсастығы бекіте түскен.

Сөйтіп, олар тас дәуіріндегі адам қолымен ең алғашқы бұл тұрмыс құралдарының жасы палеонтологиялық жылнама бойынша, б.з.б.-ғы жүз мың жылдықты аңғартады деген тоқтамаға келген. Бірақ жоғарыда айтылған 1887-1989 жылы Э. Пьет ашқан ғажайып (сенсациялық) жаңалық 100 жылдай бүкіл әлемді шарлап, екі ұрпақ оны мақұлдап, қаншама теориялық (қағидалық) кітаптар жазылғандықтан, барлық ғылым, білім, өнер, мәдениет Еуропадан тараған деген наным-сенім әбден қалыптасып кеткендіктен, мұны керісінше екен дегенге бір адам, екі адам емес, бүкіл елді қалай иландырарсың? Оның үстіне ғасырлар бойы үстем болып келген батыстық болған-толған мемлекеттердің саясаткерлері мен мемлекет басшыларының және ұлтжанды ғалымдарының өркениетті о баста Азиядан үйреніппіз деулері намыс емес пе? Бұл мырзалардың толық мойындамау себебі: Р.Ч. Эндрьюс, Тейяр де Шарден, А.П. Окладников дәйектемелері нақпа-нақ болғанмен, ол ұқсастық қана, олар жылнамалық жағынан қателесуі мүмкін әрі жер шалғай, жол қатынасы бүгінгідей емес, сонау Моңғолиядан Францияға бұдан

20 мың жыл бұрын тастан жасалған құрал-сайманын арқалап не үшін келе қойған? Ал бұрыннан техникасы, завод-фабрикасы, т.б. жедел дамыған Еуропадағы өркениеттік Азияға бірте-бірте жетуі шындыққа саяды. Сондықтан бұл – мүмкін емес дегендік.

Расында да Байндзактағы (Гоби шөліндегі) дюн тұрғындары Францияға қашқан және қалай жеткен? Бұған қандай тірек көздері бар, ел тарихы, жер тарихы бұл жайлы бұлтартас дәйектеме бере ала ма?

Иә, Франциядағы Мад' Азиль мен Моңғолиядағы Байндзак тас құралдарының ұқсастығы кездейсоқ және жылнамалық дәуірлемесінде қателік болуы мүмкін дейік. Бірақ бұл қателік бірер ғасырға немесе бірер мың жылға емес, 15 мыңға қателесуі тым нанымсыз. Оның үстіне бұл тұжырымды жасағандар, түптеп келгенде, еуропалық білімді археолог, палеонтолог-геологтар.

Егер Мад' Азиль атауы Байндзак тұрғындары делінетін дюн сөзінен басқа ғой дейтін болсақ, онда Азиль жұртының көші-қон сілемдеріне назар аударалық. Бұл сөз қазіргі моңғол сөздігінде сақталмаған: *Аз* не *Ааз* не *Аазил* немесе *Аазел* қалпында да жоқ, тек *аазай-х аазас*, *аазгер* түрінде кездесіп, *мыр-тию*, *мыртың қағу*, *мыртық*, *келте*, *шолақ* деген ұғымда айтылады [3]. Демек, моңғол тілінде (Алтай тобындағы жалғамалы тілдердің бірі бола тұрса да) бұл сөздердің *Аз* немесе *ел* деген ұғымы болмағаны, біріншіден, 20 мың жыл бұрынғы болғандықтан ұмытылған, қолданыстан шыққан да болар, екіншіден, *Аз* елі тұтастай Гоби жері шөлге айналған соң, ата мекенінен ауа райы қолайлы көрші аймаққа, бірте-бірте Еуропаға, Солтүстік Африкаға, т.б. жерлерге қоныс аударуы мүмкін.

Алайда Моңғолия жеріндегі Орхон-Енисей өзені бойында, Күлтегін жазу ескерткіштеріндегі «Қырқ аз будуныг уда басдым-Қырық аз халқын ұйқыда бастық... *Аз будун йагы болты-Аз халқы жау болды*» (Күлтегін, 35, Күлтегін үлкені, 42) деген сөйлемдегі «Аз» сөзі халықтың атауы екендігінде ешбір дау жоқ [4]. XI ғасырдан біздерге жеткен М. Қашқари сөздігінде «Аз» сөзінен жаңа сөз (жұрнақ арқылы) ретінде туындаған 53 сөз бар екен. Ал түркі тілдерінің көпшілігінде дерлік «Аз» сөзінен басталатын түбір сөздерді олардың түсіндірме сөздіктерінен көптеп кездестіруге болады. Мысалы, қырғыз тілінде «Аз» сөзі түбір сөз болып, одан жұрнақ арқылы жаңа туынды сөз 100-ден артығырақ [5]. Өзбекше-орысша сөздікте – 32 сөз [6]. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Аз» сөзінен туындайтын 93 сөз бар (1974 ж). Тіпті сөздің шығу төркінін тарихи салыстыру әдісімен зерттелген түркі тілдерінің этимологиялық сөздігінде (Э.В. Севортян) «Аз» сөзінен өрбитін 20-дан астам атау сөздер, түркі тілдері бойынша салыстырыла талданып, бұл сөз олардың бірінде «аж», бірінде «ас», тағы бірінде «ач» делінгенмен, түптік мағынасы «аз» (шамалы) екені айтылады. Автор, Э.В. Севортян «А:3 – аз» сөзі осы ұғымында бірер дыбыстық орын алмасуларымен финн-угор (эстон, мари, удмурт, коми) тілдерінде де айтылатынын сөз еткен [7].

Жоғарыда айтылған сөздіктердің бәрінде дерлік *азал/эзел* деген сөздердің мағынасын *ежелде*, *ертеде* деп жазған, тек М. Қашқаридың «Диуани лугат ат түрк» сөздігінде [8] ғана «*Эзгш/эжш* (өзгіш) – түрік қабиласи – название тюркского племени (122, 89-7), *Азіғ-қишлак номи* – назв. деревни, село *Азчан-жай номи* – назв. местности (1, 156-7). *Азак-угуз бекларидан бириниң исми* – имя собст. (1-т. 97-б)» делінген. Бұған басқа да тағы да біраз дәйектемелерді тірек етуге болады. Мысалы, білікті ғалымдарымыздың бірі профессор Т. Қожекеев «Тарих тамшылары» деген ғылыми мақаласында: «Ішкі-сыртқы тартыста әлсіреп отырған түргештер ешбір қарсылық көрсете алмады. Ақыры, 766 жылы құлады да, орнына Қарлұқ қағандығы келді. Жетісу жерін жайлаған тухси, шігіл, азкіші, халаж, жаруқ, арғу, барысхан сияқты көптеген түркі тектес тайпалар енді қарлұқтар қол астында қалды» дейді. Руникалық ескерткіштерге байланысты зерттеушілердің бірі А. Аманжоловтың «Түркі филологиясы және жазу тарихы» кітабында «*Түнійұқұқ ескерткіштерде ...Түрік есір бодун йерінде... Түрік есір (бүркіт) халқы жерінде*» деген жолдар бар (1996. 59-б).

Егер «түркі тілдеріндегі ең ежелгі сөздер бір буынды болған» деген қағиданы, тіліміздің буын және дыбыс алмасу заңдарын ескерер болсақ, жоғарыда келтірілген сілтемелердің бәрінде де *Аз елі* атауы «менмұндалап» тұрғанын аңғарамыз. Ең әрісі «*есір халқы*» дегендегі «*есір*» сөзінің өзі де түп төркінінде «*Аз +сір*» деген тайпалық не аталық атаудан әуелі буын үндестігі бойынша *аз-сыр*, *эсір* және кейінді ықпал заңымен қатаң *с* дыбысы өзінен бұрын айтылған ұяң *з* дыбысын өзіне ұқсастырып немесе керсінше *эссір/аззыр* деумен, айтыла-айтыла келе қатар келген аттас екі дыбыстың бірі сусып түсіп, кіріккен сөз қалпымен сол заманда-ақ *есір*, кейін *асыр/эсір* атанып кетуі де мүмкін. Батырлар жырында айтылатын «*Асыр да асыр асыр-ды. Аққа құлты жасылды*» дегендегі *асыр* осы шығар.

Ал бүгінгі күндері «әсір» аталып жүрген (Он екі ата Байұлының бір тармағы 4 Маңғыбай, 5 Шұңғырға қосылатын) Жаманқара және Әсір аталығы Қызылорда аймағында баршылық. Бұл – сол Аз елінің ұрпақ жалғастығы не «Аз» және «Сір» деген халық болғандығының куәгері болуы ғажап емес. Осы халықтың ортасында дүниеге келгендіктен, *Әсірбай/Азырбай, Әбіләз, Әскербек, Әсел, Әселхан, Астанақұл, Әз Жәнібек (Қыпшақ Сейітқұл, Тама Есет батыр* деген сияқты), т.б. кісі аттарын да ескерген жөн сияқты. Мұндай есімдерді шежірелерімізден де кездестіруге болады. Айталық, «Ораз Бессары – Беріштің төртінші баласы Бейбіттен тарайтын Кишкеннен туылады» дейді М. Ниеталиев [9]. Ал Ораз делінетін кісі есімдерін Қорқыт ата кітабынан бастап, көптеген жазбаша әдебиеттерден, т.б. мәліметтерден оқи аламыз. Ал *әзелде/ежелде* деп қазіргі тілімізде де айтылып жүр. Егер бұған тарихи жазба дәйектемелер қажет болса, онда тағы бірнеше тарихи зерттеу еңбектерінен сілтеме жасап көрейік. «М. Қашқаридың, Гардизидің, Абулғазының, Рубруктың, Рашид ад-Диннің жазбаларында, қыпшақтардың құрамына бұл өңірді мекен еткен қимақ (имак), қаңлы, печенег, башқұрт, қарлұқ, баяндур, оғыз, аз, т.б. халықтар енген» [10] делінген, ҚазССР-ның қысқаша энциклопедиясында.

Мұнда аталған Аз халқы қыпшақтардың құрамына кіргеннен соң бірте-бірте жеке халықтық «Аз» деген атауынан айрылып, жергілікті тұрғындармен кірігіп, күрделі атауға да ие болғандары бар. Біздің бұл ойымызды Астана делінетін елді мекен атауы айғақтап тұрғандай. Бұл сөз Қазақ Совет энциклопедиясында былай сипатталады: Астана – Дешті Қыпшақ заманындағы (XII-XV ғғ.) Қобда өзенінің бойындағы кенттің (қаланың) орны. Тұрған жері – Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Қарасу өзенінің Ұлы Қобдаға құятын сағасы. Қақпа тастан жасаған дінгектердің орны, бұзылған қабырғалары XIX ғасырдың соңына дейін сақталып келді. Астананың дінгектері құрылысы жөнінен Кеңгір бойындағы Домбауылдың немесе Аягөз бойындағы Қозы Көрпеш – Баян сұлу кешеніне ұқсайтыны аңғарылады (ҚСЭ, 1-т., 1971). Бұған Ассирия, Ассам атауы да мысал (*Аз+Сір, Аз+Сам елдері – Ә.Ж.*)

Е.Б. Бекмұхамбетов «Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері» деген кітабында (1977) «азамат, азан, азап» сөздерінің және Л.З. Рустемов «Казахско-русский толковый словарь арабско-иранских заимствованных слов» делінетін еңбегінде (1989) «азимут, азурит» сөзінің де қазақ тіліне араб тілінен енгенін жазған.

Егер арабтар семиттермен туыстас екендігін, семит халықтары б.з.д. үш мың жылдықтан бастап Қосөзен бойы (Евфрат, Тигр) мен Сирияға қоныстана бастағанын, б.з.д. IV-VI ғасырында біркелкі араб халқының мемлекеті қалыптаса келе, б.з.-дың 630 жылы араб мемлекеті толық құрылғанын (ҚСЭ, 1-т., 1972) ескерер болсақ, жоғарыдағы сөздер «қазақ тіліне араб-парсы тілінен енген кірме сөздер» дегенге сену қиын. Өйткені аз (елінің) сөзі б.з.д. 20-15 мың жыл бұрын бар сөз.

Осы сияқты «Астана, Аспан, аспан» сөздері парсы тілінен қазақ тіліне ауысқан (жоғарыда аталған арабистердің пікірі) деушілердің пікірлері дәлелсіз. Бұл үш сөздің түп төркінінде *Аз+тана, Аз+пан, аз+пан* деген екі-екіден негізгі түбір сөз бар екені түркі, оның ішінде қазақ тілінің дыбыс үндестігіне және ең ежелгі сөздер бір буынды болған (б.з.д. IV-III-II мыңыншы жылдарға дейін Олжас Сүлейменов «АЗиЯ») деген қағидаға, оның үстіне б.з.б-ғы II-I ғасырда парсы еліне қоныс аударған түркілік бақтиярлар сол жерде Бақтияр мемлекетін құрғанына назар аударсақ, бұл сөздер түркілік тақырыбымызға негіз боларлық Аз елінің *Аз+тана* (2 этнос аты), *Аз+пан, Аз+пан* (Аз елінің аспаны, аспабы – түркі сөзі) деген кіріккен түбірлі күрделі сөзі болмақ. Мұнда «з» дыбысы, кейінді ықпал заңы бойынша қатаң «п» дыбысының ықпалымен қатаң «с» дыбысына ауысуы ғана ол сөздердің байырғы тұлғасын бүркемелеп тұр.

Құдалық белгісі – сый, сыйт (кит), қоныстық белгісі – бейіт дегенді нысана етсек, жағрафиялық картадағы Аз елінің көші-қон сілемдері Астанадан шығып, Ордасыға (Орда+азы), одан әрі Арал теңізінің бір қойнауының аты – Азауға жетіп, одан әрі Азов теңізін жағалай жылжып, Әзірбайжанды, бірнеше мың жыл Кавказ тауы аймағын шарлаған сияқты, *Аз+йер+бай+жан, Кав+к(һ)+аз* аталуы да солай деп тұрғандай.

Асылы, Аз елінің Гоби шөлінен қоныс аудару бағыты 3-4 торапқа бөлінетін сияқты. Оның бірінші көш сілемі жоғарыдағыша Сыр – Арал – Азов – Кавказ бағытымен Францияға жеткені аңғарылса, екінші көш сілемі Орта Азияның Оңтүстік батысына қарай Сыр-Әму және Иран – Ирак елі арқылы Кіші Азия (Аз кіші) Арабия жерімен Африкаға жеткен де болар. Арабия еліндегі Эль-Азхар (оқу орнының)-атауы Аз елі осы жерге де орын тепкен дегендей бізге ой салады. Ал Шығыс-солтүстік Индиядағы Ассам (*Аз+сам=2 ел аты – Ә.Ж.*) аймағы Аз елі біздің жерге Оңтүстік-шығыс бағытымен: Қаратау

қойнауындағы Астау қобы (*Аз+тау+қобы*. – Ә.Ж.). Жетісу, Тараз, (*Тар+аз=2 этнос*. – Ә.Ж.), Тянь-Шань асуларынан өтіп, сонау б.з.д. бірнеше мың жыл бұрын-ақ келген деп тұрғандай.

Қорыта келгенде, біздің бұл пікірімізді Қазақ Совет энциклопедиясы былайша толықтырады: «Тас дәуірі Ашель кезеңіне жатады. Олар Кавказ, Азов, Днестр жағалауларына, Орта Азия мен Қазақстан жерлеріне тараған. Кавказдағы Кударо, Цон, Азых үңгірлерінен неолит дәуірінде өмір сүрген аңшылар мекені, Қырымдағы Киік – Қоба, Өзбекстандағы Тесіктас үңгірінен неолит дәуірі бейіті табылды» дей келіп [11], Ашель мәдениетінің таралым шеңбері, орны мен жылнамалық дәуірі жайлы «Ашель мәдениеті алғашқы палеолит дәуірінің мәдениеті Шель мәдениеті мен Мустье мәдениетінің аралығында болған. Амьен қаласының (Франция) төңірегінде «Сент-Ашель» деген жерден табылған б.з.-ғы 400-100 мың жылдықтар аралығында Ашель (*Азель* – Ә.Ж.) бүкіл Африканы, Оңтүстік Еуропаны, Азияны қамтыған. Ашель мәдениеті дәуірінде адам алғашқы қауымдық құрылыстың әуелгі әр түрлі тас құралдарын пайдаланған синантроптардың мекені болған Чжоукоудянь үңгірінен (Қытайда) табылған заттар да осы мәдениетке жатады» деген тұжырым жасағаны 1970 жылдардың оқырмандарына, әсіресе, зиялыларымызға аян [12].

Міне, Еуропадан мәдениет бастау алған делінетін мәңгілік ұғымының қысқаша арғы-бергісі осындай. Әзірге бұған талас жоқ, тек біз эпиграф еткен Әл-Фараби қағидасы бойынша оның шығу тегі, ең ежелгі ата жұрты – Орталық Азия (Олжас Сүлейменов айтқандай, «АЗИЯ» дегенде де Аз елінің мекені атынан байқалғандай), Гоби (*Көнүй* – Ә.Ж.) мен Орталық Қазақстан, Ордос екендігі талассыз болса керек. Оған біз іздестірген Аз елінің көші-қон сілемдері толық куәгер.

Қысқаша айтқанда, Орталық Азия – Азиль мәдениетінің ең ежелгі ошағы.

Әдебиеттер:

1. Жақыпұлы Ә. Қазақстан топонимикасы. – Қызылорда, 2002. – 124 б.
2. Қазақ Совет энциклопедиясы. IV том. – Алматы, 1972.
3. Базылхан Б. Моңғолша-қазақша сөздік. – Улан-Батор – Олгий, 1984.
4. Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. – Алматы, 1995.
5. Юдахин К.К. Киргизско-русский словарь. – Фрунзе, 1985.
6. Акабиров С.Ф., Михайлов Г.Н. Узбекско-русский словарь. – Ташкент, 1988.
7. Севортян С.В. Этимологический словарь тюркских языков. – М., 1974.
8. Махмуд Қашқари. Туркий сузлар девони (Девони луготит турк). – Ташкент, 1960. – Т. 1.
9. Неталиев М. Бессары – Беріш қайдан шыққан? // Атамекен. – 2001. 24 қазан.
10. Қаз ССР-ның қысқаша энциклопедиясы. I том. – Алматы, 1984. – 309 б.
11. Жақыпов Ә., Сейсенов Б. Әлемге әйгілі Қорқыт Ата тағылымы егеменді елімізде. – Алматы: Философия және саясаттану институты, 2001. – 218 б.
12. Қазақ Совет энциклопедиясы. X том. – Алматы, 1977.
13. Қазақ Совет энциклопедиясы. I том. – Алматы, 1972.
14. «Парасат» журналы. – 2002. – № 9.

Резюме

В статье, опираясь на исследования зарубежных археологов и анализируя корень слова «Аз» из письменного памятника Култегин, автор пришел к выводу о том, что Средняя Азия является самым древним очагом «культуры Азель». Доказывается, что слово «Астана» вовсе не является словом из персидского языка, а восходит к тюркским корням.

Проведение международного форума «Новая мировая Евразийская культура» в столице Казахстана и выставки в рамках Государственной программы «Мәдени Мұра» вызвали живой интерес у гостей. Особенной популярностью пользовались два памятника культуры Золотого человека VII-IV вв. до нашей эры, найденные в разное время в курганах Есик и Шиликти. Это еще раз доказывает актуальность содержания статьи.

Summary

In accordance with foreign archaeologists' investigations and analyzing the root of the word «Az» from Kultegin written monument, the author made a conclusion that the Central Asia is the most ancient heart of «Azal culture». It is proved that word «Astana» is not Persian one, but it is originated from Turkish roots.

The fact is that «New World Eurasian culture» international forum and the exhibition within the bounds of state program «Culture Heritage» have been held in Kazakhstan's capital provoked a great interest of our guests. Two culture monuments of «The Gold Man» (VII-IV B.C.) that were found in different historical periods in Esyk and Shylykty mounds gained a special interest. This fact proves the article urgency once again.

ӘОЖ 008:008.2 : 316.722:572.026

АДАМЗАТ ӨРКЕНИЕТІНДЕГІ ҒАЛАМДЫҚ ПРОБЛЕМАЛАР ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУДІҢ ЖОЛДАРЫ

Б. СЕЙСЕНОВ,

*философия ғылымдарының докторы, профессор,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті*

XX ғ. басында ғылымның қолдану аясының кеңеюі жаңа технологияны игеріп өнеркәсіпті елдерде өмір сүретін миллиондаған адамдардың тіршілігінің өзгеруіне және оларды жаңа экономикалық жүйеге біріктіруге алып келді. Әлемдегі елдердің ғылыми байланыстарының аясы кеңейіп, әлемдік ғылыми біртұтастық пайда болды. Осы қалыптасқан әлемдік ғылыми біртұтастық бүкіл дүниежүзілік экономикалық бірігудің алғы бастамасы болды. Бұл үдерістің көріністерінің бірі ретінде алдыңғы қатарлы дамыған елдерде және әр түрлі континенттердегі ұлтаралық бірлестіктерде бірыңғай ұйымдастырушылық мәдениетінің түрлерімен жұмыс жүргізе бастады.

Табиғатқа техногендік қатынас рухани қанағаттану құралы ретінде емес, қайта өндірістік қажеттіліктерге тікелей бағытталуы XX ғ. бірінші жартысындағы еуропалық мәдениет дамуының басты көрінісі болды.

Ғылымға озық технологиялық табыстары мен жетістігіне сүйенген дүниежүзілік өнеркәсіптің қарқынды дамуы, адамға әлемді сезінудің оптимистік түрі, табиғатты игерудегі қабілеті мен мүмкіндіктерінің мол екендігіне сенімі артып, соған тән сипаттардың туындауына қызмет етті. Адам өз болмысының ғаламат ғарыштылығын сезінді. Бірақ XX ғ., еуропалық мәдениетке біртіндеп енген техногендік өркениет өзімен бірге адамзат қоғамына жағымсыз дағдарысын да ала келді.

Бүгінгі күні әлемдік мәдениеттің тағдырына екі көзқарас – оптимистік және пессимистік пікірлер қалыптасқан. Алғашқыларының сендіруінше әлемдік мәдениет дұрыс жолмен даму үстінде, келешекті ғылым мен техниканың дамуы, ақпараттық құралдардың жетілуі рационалды ұйымдасқан экономиканың өсуімен байланыстырып, батыс мәдениетінің архиптік құндылықтары батыстық өмір сүру тәртібі ең дұрысы деп есептеледі. Сонымен бірге, XX ғ. басында антропоцентризмнің дағдарысы да басталды деуге болады. Орыстың ойшыл-философтары (Н.А. Бердяев, Е.Н. Трубецкой, С.Л. Франк, т.б.) айтуынша, индивидуализм, қоғамның атомдануы, өмір талғамының тоқтаусыз өсуі, соған сай жоғары технологияға негізделген өнеркәсіптің қарқынды дамуы, тұрғылықты халық саны мен тұтынушы, қажеттіліктің шексіз өсуі, рухани өмірдің бәсеңдеп, сенімсіздіктің пайда болуы адам өмірінің сипатын, оның стилін өзгертіп, табиғат ырғағынан айырып, индустриалды-капиталистік жүйенің қалыптасуына алып келді.

Ал мәдениеттер арасындағы көзқарастың өзгеруі, әр түрлі сәйкессіздіктің туындауы, Ф. Ницше айтқандай, барлық құндылықтарды қайта бағалау қайта қарауға тура келіп, ол қазір өте тұрпайы түрде жүзеге асуда.

Машиналар мен техниканың қарқынды дамуы және олардың адамзатқа билігі тарихта екі дүниежүзілік соғыстың болуын, әлеуметтік капитализмнің ерекше дамып, ашаршылық пен құлақ естімеген ауруларды, атомдық қатерді, күрделі экологиялық және антропологиялық дағдарыстарды, адамгершілік пен моралдық жалпы руханилықтың дағдарысын тудырды. Қазіргі заманғы көптеген ойшылдар М. Хайдеггер, К. Ясперс, Л. Мэмфорд және т.б. мәдениет пен өркениеттің дағдарысын озық техника мен жоғары технологияны орынсыз қолданумен байланыстырады.

Ресейлік ғалым В.А. Лекторскийдің пікірінше «Дамудың біржақты технологиялық, технократтық ізбен сипатталатын қазіргі мәдени ахуалда толыққанды гуманитарлы білімі жоқ адам тұлға ретінде жеткіліксіз және сыңаржақты болып табылады. Ал, ең бастысы, ол догматты болады» деп көрсетті.

XX ғасырдың басында антропоцентризм – адамның дүниедегі ерекше орны, адамның табиғатқа, қоршаған ортаға үстемдігін орнату жайлы ілімнің іске асуында дағдарысты құбылыстар айқындала түсті. Қайта өрлеу дәуірінде басталып, өз заманында қоғамдық дамудың ең негізгі мақсаттарының бірі болып саналған бұл көзқарас біздің заманымызда адамзат әлеміне өзге орынсыз зиянды жағдайларды қоса тудырды деуге болады. Адам қоғамда әрі жасампаз жасаушы, әрі талқандаушы ролін атқарып отыр.

Антропоцентризм қағидаларына ойланбай жүгіну болашақта адам мен дүние арасындағы дағдарысты шиеленістіріп, тіпті жалпы адамзат әлемінің жойылып кетуіне қатер төнді.

Бұрынғы гуманизм жетістіктерінің дағдарысқа, күйзеліске ұшырағандығын айта келіп Н.А. Бердяев адам мен қоршаған орта арасына қарама-қарсылық антропоцентризм көзқарасына адамның табиғатқа үстемдік орнатуындағы менменшіл, озбырлық қасиеттеріне алып келгенін атап көрсеткен. Адамдардың барлық мәселелерді шешуде алдымен мәдени, рухани құндылықтар тұруын ойлауға тиіс екендігіне мән береді.

Ал адам мен қоғам арасындағы шиеленіс идеясын дәлелдеп, толығырақ анализ жасаған неофрейдизм бағытының негізін қалаған Э. Фромм өзінің психоанализ түсініктемесінде қазіргі адамның жағымсыз агрессиялық қасиеттерін – қирату, талқандау іс-әрекеттерін көрсетіп, олардың өз өмірін құрбандыққа шалу сияқты және басқа да жат қылықтарға мінездеме берген. Адамзат тарихындағы өткен кезеңдерге қарағанда XX ғасырда осы жағдайлар бұқаралық құбылысқа айналды. Қазіргі адамның «күнәсі» өте көп, айтайық, адам табиғатқа дұшпан, қоршаған ортаға зорлық-зомбылық, руханиятсыздық, кең масштабты әскери қақтығыстар, т.б. жатқызады.

Бұдан құтылу үшін Э. Фромм адам өмірінің мән-мағынасы, моральдық және этикалық нормаларына сүйеніп, адам қалай өмір сүру керек, ол үшін не істеуі керек деген мәселелерге тоқталып, әрбір адам оны өзінің ішкі қасиеттерінен іздеуді және оны дамытуды ұсынады. Адамның гуманистік бағыттағы шекті мүмкіндіктерін дамытуға шынайы өмір сүрудің әдіс-тәсілдерін игеруге ықпал жасау қажеттігіне мән береді.

Осы заманда қазіргі адам табиғи адамзаттан айтарлықтай өзгеріске ұшырады деуге болады. Бұл өзгерістер оның тек әлеуметтік мінездемесіне ғана емес, биологиялық сапасына да әсер берді. Қазіргі адамдағы осындай өзгерістер өмірдегі заңды процестерге байланысты, ол постиндустриалды өркениетінің басталуына (ғылыми-технологиялық қоғам) соған сәйкес ноосфералық мәдениеттің қалыптасуына әкеп саяды.

Ғылыми-техникалық прогресстің адамның ой-өрісіне тигізетін ықпалы және әсері өте жоғары. Техникалық машиналар мен өндіріс технологиясының қарқынды дамуының нәтижесінде ақырындап «табиғи» (биосфералы) адам өзгере бастады. Алғашқыда эволюциялық табиғи дамуда мыңдаған жыл адамға қолайлы орта болғандығы белгілі. Қазір жағдай басқаша. Енді баяу өтетін табиғи уақыттың орнына динамикалық әлеуметтік өмір келді. Техника өсті, өнеркәсіп дамыды. Халық үлкен қалаларға шоғырлана бастады. Осының салдарынан адамның тұратын табиғи ортасы міндетті түрде жасанды ортаға жол бере бастады. Адамзат тарихында техникалық дәуір басталды. Н.А. Бердяев өзінің «Адам және машина» атты жазбасында осы дәуірді мәдениеттің тоза бастауы, өйткені материалдық зат адамнан жоғары тұрады деген болатын. Дүниені техникализациялау дегеніміз – ол тіршілікке аяушылық жоқ дегенді білдіреді, өйткені ол – адам баласына жат құбылыс. Н.А. Бердяевтың айтуынша, техникалық дүние өзінің белгілі бір жоғары даму сатысында, өзін жасаған адамға қарсы шығады да оған ешқашан бағынбайды деген болатын. Оның ойынша техника тән мен рухты және әр түрлі тарихи кезеңдерді айырып, бір-біріне қарама-қарсы қоятындығында. Ол адамға өлшеусіз құдіретті күш сезімін беріп, оны

сыртқы дүниені экспансиялауға итермелейді. Осы тұста адамның табиғаты және рухани өмірі, көңіл-күйі зақымданады деп көрсеткен болатын.

Осы өмірдегі қазіргі адамның болмысын сипаттай келе неміс философы К. Ясперс жазған «индустриалға дейінгі» техникалық дәуірге дейін адам өзін аспан-көк және жермен біргемін деген сезімде болғандығын айтқан. Бұл – қайталанбас өмір, «табиғи» адамның дүниесі. Ал қазіргі жағдайда біртұтас ортаның экологиялық өзгеріске ұшырауы нәтижесінде адам бұрынғы өз табиғи тамырларын жоғалтқандай әлсізденеді. Осы жағдайдан қалай шығуға болады? Ясперстің пікірінше, бұл – қазіргі жағдайдағы адамзаттың негізгі мәселесі. Ясперстің айтуынша, «табиғи емес» адам дүниесіндегі «ноосфералық» адам өз өмірінің иесі емес. Ол табиғатқа рақымсыз алып механизмнің бір бөлшегі болып табылады. Адам техногендік қоғамның бір бөлшегі ретінде әр түрлі қызметтерге, жаңа техникалық мамандықтар қызметіне ұсақтанған, бірақ іскерлік қабілеті бар және ереже бойынша іс-әрекет жасауға ұмтылатын жан. Оның өмірін бұқара және құдіретті мемлекеттік аппарат билеп (қадағалап), еркін таптап, оның өмір сүру еркіндігінен айырады, бұл құбылыстың бағытын өзгертуге шамасы болмайды деген қорытындыға келеді.

Ол жаңа қалыптасқан техногендік әлем табиғи адамды дағдарысқа әкеледі. Ғалымдардың зерттеуі барысында қазіргі адамның өзі техникалық құрылым немесе машинаға ұқсастығын айтады. Өзінің іс-әрекеттерінде, өмір салтындағы әрекетін өзі сезінбей, техногендік ортаның қолдану іс-әрекет аясының даму заңдылықтарының қисынын өзінің ойына келтіреді, соның ықпалында болады. Технологиялық адам ең жоғарғы махаббат сезімі, қайғыру және басқа адам сезімдерінің жоқтығымен белгіленеді, олардың орнына робот – техника жасайтындай күнделікті орындайтын жұмыстарға бөлінеді. Роботқа ұқсас адам бағдарлама бойынша немесе басқа адамның еркі бойынша жұмыс істейді. Оның рухани өмірінің орнына автоматикалық реакция келіп, оның көзқарасы техноцизм, ал мақсаты жасанды комфорт, өмірі жасанды организмге ұқсас болады. Техника өрісі адамды, оның негізгі табиғи қызметі еркін еңбектен, белсенді әрекет пен адамдар арасындағы өзара рухани қарым-қатынасынан айырады. Адамдардың ой-пікірлері біртіндеп техникалық машиналардың ойлау деңгейімен ауысып жатқанын байқайды.

Э. Фромм өзінің «Революция үміті» атты кітабында біздің уақытымызда безіп жүрген елес туралы жазып кеткен. Бұл – бүтін механизацияланған қоғамның елесі. Оның мақсаты – материалдық игіліктерді және соңғы ғылыми-техникалық жаңалыққа негізделген өнеркәсіп өндіріс жүйесін ашу және оны компьютерлік басқару мен бақылау. «Бұның қалыптасуы мен дамуында, – деп пайымдайды ғалым, – адам – материалды, жеткілікті және өзіне өте риза, дегенмен де, ол инертті, өмірсіз (өмірі жоқ) және адами сезімнен түпкілікті түгел жұрдай етіп, жаппай біртіндеп машинаға айналатындығына көңіл бөледі». Техногендік қоғамның жеңісінен кейін, ойланушы тұлға «қаза» болып, енді ол бастапқы табиғи «биосфералық» тұлға бола алмайды. Осы тұста сана-сезімдері психологиялық және т.б. техникалық құралдармен бақылауға алынуы да мүмкін. Қоғамдық пікір болса тармақталған бұқаралық ақпарат құралдарының көмегі арқылы манипуляцияға түседі. Болашақ қоғамның ең қауіпті белгілерінің бірі – адам сана-сезімінің бақылауға алынуы. Ол көркем әдебиеттерде жазушы-фантастардың пікірінде болашақты болжау ретінде көрініс тапты. Э. Фромм «Бәріміз жігерсізбіз, қазіргі адам өз-өзіне бақылауын жоғалтқан, оның орнына ойлау, сана-сезім қызметтерін электронды машиналар жасауда. Ондай адамда өндіріс пен тұтынудан басқа мақсаты, мүдде, арманы жоқ» деп көрсетеді. Адамның осындай озық технологиялардың құлы болып қалуы, адам біржолата, бірыңғай материалдық игіліктерді көп өндіруге және соған қажетті жаңа техника мен технологияны игеруге кірісті деп пайымдайды ғалым. Қорытындылай келе, адам өзімен де, қоршаған өмірмен де байланысын жоғалтқан. Діннің гумандық қағидаларынан да жұрдай болып, өзінің терең эмоционалды сезімдерінен айрылады. Өзі жасаған техникалық машина құдіретті күшке айналып, адамның өзін сана-сезімін басқара бастады, осының салдары адамгершіліксіз, гуманизацияланбаған қоғам пайда болды деген пессимистік қорытынды жасайды. Э. Фромм жеке мәселе ретінде техниканың адамның әлеуметтік мінезіне тигізер әсерін де атап өткен. Оның ойынша, техника әлемге, адамға, «некрофилия» құбылыстарды жасанды заттарға деген құштарлығының артуы (автомобиль, компьютер, ұялы телефон, басқа да соңғы үлгідегі техникалық аппараттар) ХХ ғасырда адамдардың жаңа түрін пайда етеді.

Қазіргі адам – бұл нарықтық адам. Бұл адамға, Э. Фроммның ойынша, барша дүние сауда-саттық объектісіне айналған. Барлығы саудаға түседі, сатылатын тек қана материалдық заттар емес, адамның

өзі де, оның табиғи күш-жігері, шымырлығы, білімі, іскерлігі, пікірі, сезімі тіпті күлкісі де сауда есебінде болады. Өзге адам, басқа адамға байлыққа, билікке жету үшін немесе басқа бір мақсатқа жету құралы ретінде қабылданады.

Дүние өзгерісте, сонымен қатар адамның өзі де өзгерген. Қазір ол бұрынғы табиғи ортада емес, жасанды орта – техногендік әлемде өмір сүреді. Сондықтан да ол адам табиғи емес, «ноосфералық» жасанды адам бұл ортада біртіндеп тоза береді. Бұл – әлеуметтік өмірде әлсіз адам. Ол өзін бұл ортада жау ортасына түскендей сезінеді, сондықтан, ол – жалғыз басты адам. Сонымен қатар, ол түсініп сезіне ме, оған байланыссыз бәрімізге ортақ планетарлық қауымдастықтың бір бөлшегі ретінде қалыптасуда, ендеше ол – әлем азаматы. Қазіргі адам өзінің іс-әрекеттерінің қисыны арқылы стихиялы, өзі жасаған мәнді, өзекті проблемалардың ортасында жүр. Бұл проблема барлық әлеуметтік өмірде тұратын жандарға ортақ. Осы айтқандардың барлығы адамзаттың ғаламдық проблемалары деп айта аламыз.

Осындай зерттеулердің негізінде келешектегі ғаламдық дамудың маңызды бағыттары ретінде мыналарды атап көрсетуге болады: мал шаруашылығы мен егін шаруашылығын арттырудың дәстүрлі емес жолдарын тауып, комплексті жүргізу арқылы ауылшаруашылық өндірісін қарқынды дамыту; энергетикалық қуаттың жаңа тиімді көздерін (термоадролық, жел, су, күн сәулесінен алынатын) іздестіру мен оны игеру; әлемдік мұхиттың шикізат ресурстық әлеуетін тиімді ысырапсыз меңгеру; ғаламдық экологиялық проблемалардың міндетті түрде шешілуін реттеп, адамзат өмір сүруінің табиғи жағдайын жақсарту; бүгінгі күнде адам өмірі мен денсаулығына айтарлықтай зиян келтіретін қауіпті аурулар қатарын жеңу; базасында көптеген құнды заттарды алуға болатын ғарыштың бейбіт индустриалды өндірісін меңгеріп, интернет, ғаламтор жүйелі байланыстың сан түрін қарқынды дамыту және т.б. қоғамды компьютерлік техниканың, коммуникацияның барлық құралдарының қарқынды дамуы негізінде электрондық ақпараттандыру, ақпараттарды принципті түрде жаңа тәсілдермен жеткізу, сақтау және қалпына келтіру мәселелеріне көңіл бөлу; қазіргі қоғамның қажеттерін қамтамасыз ету. Ол келешек ұрпақтың несібесі есебінен болмауын ескеруіміз қажет.

Осыған орай, ғылыми-техникалық өрлеудің ғаламдық мәселелерді шешудегі күшейіп келе жатқан орны мен ролін баса айтуға болады. Ғылым мен техниканың дамуын адам мүддесіне сай бағыттау біздің өркениетімізге қауіпі бар жалпы планетарлық сипаттағы шиеленісулерді шешуге деген ұмтылыстың ізгіліктік векторын анықтайды және олардың тиімді шешімінің әдіснамалық бағдары болып есептеледі.

Ғаламдық мәселелерді шешу міндетті түрде адамзат дамуының тұрақты әрі тиімді жолын іздеп табуға байланысты, ал бұл Қазақстан үшін де өте маңызды. Осы орайда Қазақстан Республикасының бірінші Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тікелей басшылығымен құрастырылған, футурологиялық мәні бар «Қазақстан – 2030» [1] стратегиясын ерекше атап кеткен орынды. Мұнда адамзат болашағына байланысты жүргізіліп жатқан философиялық, социологиялық, саясаттанулық, экономикалық, ғылымтанушылық және т.с.с. кешенді зерттеулер тәжірибесі ескеріліп, еліміз дамуының отыз жылдан астам мерзімдік бағдарламасының негізі қамтылып, басты-басты жеті ұзақ мерзімді басымдылықтары анықталып, соларды іске асырудың жолдары көрсетілген. Президент өзінің жыл сайынғы жолдауларында осы стратегияның іске асуын қадағалап, оны нақтыландырып, еліміздің алға басуының әр кезіне сай мәселелерді көтеріп, нақты мақсаттар мен міндеттерді атап, оларды шешудің озық амалдарын, соның ішінде, әсіресе ғылым мен білімнің, ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін игерудің, халқымыздың интеллектуалдық ұлт болып өсуінің, елу ең дамыған бәсекеге қабілетті елдер қатарына енудің, жедел индустриалды-инновациялық дамудың қажеттіліктерін негіздеп дабыл қағуда. Қазақстанның тәуелсіздік жағдайындағы 20 жылдық дамуы осы стратегияның дұрыстығын, Президентінің көреген саясатының арқасында еліміздің гүлденіп, қарыштап алға басуының, ең өркениетті дамыған елдердің қатарына еркін қосылуымыздың айғағы болып отырғаны шындық. Әманда осылай жүзіміз ашық болып, бейбітшілік пен келісімді өмір салты нығайып, халқымыздың бірлігі артып, рухани жетілу жолында еліміздің биіктен көріне беретіндігіне сенім мол.

Адамзаттың ғаламдық мәселелерінің шешу жолдарын табу үшін алдымен оның өзара тұтас байланыста бірлікте болатын адамзат қоғамдастығының дүниежүзілік проблемалар толқынының өткірлігін, кеңдігін ұғынып түсініп алуды қажет етеді. Ол үшін жаңа саяси ойлау қажет. Бұл дегеніміз – барша мемлекеттер және халықтар проблемалары ортақ бір планетарлық экипаждың (ұжымның мүшесі) ретінде сезіну. Адамзаттың техногендік заманда аман-сау әрі қарай өмір сүруі, саясат пен халықаралық қатынастарда зорлық-зомбылықты болдырмауға, ядролық қарусыз дүниені құруға және жалпыадамзаттық мәдени

құндылықтарды мойындап, олардың әлеуметтік және ұлттық мүдделерін ең биік бірінші орынға қоюды қажет етеді.

Ғаламдық мәселелерді шешу міндетті түрде адамзат дамуының тұрақты әрі тиімді жолын іздеп табу. Табиғатты интенсификативті игерілуі, экономикалық-әлеуметтік қызметті арттыру, экологиялық, демографиялық процестерге және космосты игеру мәселелері адамзаттың ой-парасатының қатаң бақылауында болуы қажет. Қазіргі адамдардың қажеттіліктерін қамтамасыз ету және оны қанағаттандыру келешек ұрпақтың несібесінің есебінен болмауы керек.

Бұл Қазақстан үшін өте маңызды. Өйткені Қазақстан Республикасы жаңа индустриалды-инновациялық қоғамдық қатынастарға және құндылықтар жүйесіне енді қадам жасауда. Ғылыми бағытталған нарықты қажет етеді. Өз ұлтын, халқын сақтап қалатын және биосфералық (табиғатты, қоршаған ортаны қорғау) қызметін атқара алатын ғылыми жетістікке сүйенген нарықтық, әлеуметтік мемлекет қажет. Қоғамның құрып кетпей аман қалуының ең қажетті шарты ғаламдық мәселелердің шешу жолдарын табуда әлем мойындаған сапалы жолды «жаңа гуманизм» қалыптастыру, адам санасында төңкеріс жасалу қажет. Бұл дегеніміз адамның құндылық жүйесі мен ұстанымдарын, адамдардың психологиясы мен көзқарастарын, олардың менменшілдіктен арылып, сыртқы дүниеге және бір-біріне деген гумандық қарым-қатынастарын ретке келтіру болып есептеледі. Адамзат қоғамының тұтастығын ескеріп, адамға өзінің таусылмайтын келіспеушіліктен тойымсыз тәбетін шектеп, табиғатты ретсіз бұзып, талқандау арқылы бағындыру психологиясынан бас тартудың уақыты келді. Оның орнына басқа проблемаларға, айтайық, салауатты рухани жағына көңіл бөлген жөн. Барша тіршілік формасындағы өмірді табиғи өз қалпында сақтауға тырысу, қамқорлық жасау.

Дағдарысты құбылыстардан шығу жолы ретінде адам мен табиғаттың ара қатынасының алшақтығын жойып, қайта жақындату туралы гумандық және этикалық идеялар ұсынылады. Шындығында, біздің ойымызша, біртұтас адамзат қоғамында табиғатпен есептесуіміз, санасуымыз қажет. Жалпы болмыспен, әлемдегі өзге де көршілерімізбен, жермен, ауамен, сумен, ағаштармен олардың болмыстағы орнын, өзінділігі мен субъективтілігін ескере отырып қатынас жасауымыз керек. Қазіргі кездері белең алып отырған жасылдар қозғалысы, экологиялық қозғалыстар эзотериялық өмір салты, педагогикалық және психологиялық эксперименттер қарапайым тамақтану, мәдени демалу, шынығу, медитацияның әр түрлі формалары және т.б. болашақ әлемдік өркениеттің не оның баламасының нышандарына мән беру болып табылады.

Қазір адамзаттың аман-сау қалу мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік мол. Осы өзіндік рухани және практикалық тәжірибені табиғи ортаға икемдеп, адам мен әлемнің үндестігін табу, жаңа өмірге жаңа ғасыр дамуына сәйкес адамзат парасаттылығының күш-жігерін тиімді тіршілік формаларын жұмсау, жоғары мәдениетті, жаңалыққа құштар, әлемнің тұтастығын, қоғамның даму бағытын түсінетін, ғылымды, озық техника мен технологияны игерген, білімді, салауатты өмір салты мен рухани гумандық көзқарасы мол жаңа адам тәрбиелеп шығару.

Ғылыми білімдер өмірде іске асса ғана олардың практикалық мәні, өмірде маңызы болады. Ғылыми теория жаңалығы практикада әбден тексерілген білімнің іске асыру тәсілін, яғни өркениетті қоғамның материалдық және рухани қажеттілігін анықтап, өндірісте ғылыми-техникалық танымды тиімді қолданудың негізін жасайды. Ғылыми-техникалық таным дамуының қайнар көзі адамның өндірістік қызметінің өзгерістерінде, қоғамның әлеуметтік қажеттілігіне байланысты. Осы жағдайды зерттей отырып объектісін, танымдық мақсаттарын анықтап, жаңа терең күрделі теорияларды игеруге мүмкіндік жасалады. Адамзат қоғамының ғылыми теория мен практиканың бұл диалектикалық бірлігі бірін-бірі толықтырып, ғылыми-техникалық танымның түпкі мақсаты табиғаттың тылсым күштерін ашып, қоғамға, адам игілігіне ізгілікті (гуманды) қызмет жасату болып табылады.

Әдебиеттер:

1. «Қазақстан – 2030». Послание Президента страны народу Казахстана. – Алматы: Раритет, 2002.
2. Бердяев Н.А. Философия свободного духа. – М.: Республика, 1994.
3. Камю А. Бунтующий человек. – М., 1991.
4. Маркузе Г. Одномерный человек. – М., 1994.
5. Несбитт Дж., Эбурдин П. Что нас ждет в 90-е годы. Мегатенденция. Год 2000. – М., 1992.
6. Хайдеггер М. Бытие и время. – М., 1997.

7. Предупреждение человечеству. Декларация ученых по глобальным проблемам // Человек. – 1993. – № 5.
8. Сейсенов Б. Ғылыми-техникалық таным философиясы. – Алматы, 2011. – 306 б.
9. Ясперс К. Смысл и назначение истории. Перевод с нем. 2-е изд. – М., 1994.

Резюме

В статье рассматриваются глобальные проблемы цивилизации человечества, их происхождение и пути решения. Уделяется внимание современным общепланетарным проблемам всемирного ядерного разоружения, международного терроризма, экологической проблеме разрушения биосферы, энергетической, продовольственной, демографической проблемам и некоторым опасным болезням, от которых зависит существование человечества.

Для преодоления глобальных проблем требуются новое политическое мышление, осознание того, что все страны и народы – члены единого экипажа с общими интересами. Освоение природы должно быть взято разумно, утверждая общечеловеческие ценности на путях «нового гуманизма», их приоритеты над социальными и национальными интересами, направляя к гармонии между человеком и миром.

Summary

The article considers human civilization global problems, their origin and ways of solution. Special attention is paid to modern planetary problems as world nuclear disarmament, international terrorism, ecological problems of biosphere destruction, energy, food, demographical problems including some dangerous diseases which influence on humankind existence.

In order to overcome the global problems, there is a need to create new political thoughts and awareness of the fact that all countries and nations are members of one single crew with common interests. Nature exploration should be done reasonably, confirming universal human values on the way to «new humanism», their priorities over social and national interests, directing to harmony between humanity and world.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ҚАТЫСЫМ ТЕОРИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІ

Қ.Е. АБИЫР,

филология магистрі,

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Қазақ тілін оқыту әдістемесін зерттеуші педагогтардың, әдіскерлердің, психологтардың, ғылыми-педагогикалық зерттеу орталықтарықтарының жұмыстары тілді оқыту әдістемесі мәселелерімен тығыз байланысты. Тілді оқыту әдістемесінің түрлері көп. Қазақ тілін практикалық жақтан үйретудің бұрыннан қалыптасқан әдістері – талдау, жинақтау, салыстыру, өзгерту, баяндау, әңгімелесу, жаттығу, индукция, дедукция, бақылау, бекіту, т.б. Соның бірі – оқушы мен оқытушының тілдік қатынас арқылы тығыз байланыста оқыту әдістемесі. Ал бұл қатысым әдісі арқылы оқыту теориясымен етене жақын. Сондықтан бүгінгі таңда жас ұрпаққа білім беру жолында сан алуан әдіс-тәсілдерінің ішінде қатысым әдісі арқылы оқытудың алатын орны ерекше [1,3]. Себебі тілдік қатысым барысында балалар бір-біріне өз ойларын толық әрі жатық та көркем етіп жеткізуді үйренеді. Айтар ойын қысылмай еркін жеткізуге төселеді. Сөйлемдерді бір сөзді қайталай бермей, жүйелі түрде өзара байланысқан сөз тіркестері арқылы құрайды. Сөздік қоры молаяды, тілі дамиды, дүниетанымы кеңиді, жеке тұлға болып қалыптасуына толық жағдай жасайды. Алған білімдерін өмірде, тілдік қатысым барысында қолдана білуге машықтандырады. Мұның бәрі қатысым әдісі арқылы интерактивті және деңгейлік дамыта оқытумен бірлікте жүзеге асады. Бұл әдіс тілдік қатынас пен педагогиканың қосылған жігінде жүзеге асады. Сол себептен тілдік қатынастың лингвистика мен педагогика салаларындағы өзгешеліктеріне тоқтала кеткенді дұрыс санап отырмыз.

Қазіргі таңда тілдік қатынас мәселесінің теориялық тұрғыдан дамуы тілдік коммуникацияның жеке ғылым болып қалыптасуына ықпал етті. «Коммуникация» терминінің қолданысын әмбебаптық сан салалы қырымен түсіндіруге болады. Себебі «қатынас» көп элементтерден құралған компонент болғандықтан, коммуникация қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану ғылымдары секілді дербес пәндердің объектісі болып табылады. Қатысым теориясы қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың (психоллингвистика, психология, педагогика, лингвистика, мәдениеттану, этнография) коммуникативтік аспектілері мен оларға тән ерекшеліктерді қарастырады. Қатысым теориясын лингвистика мен педагогика аясында қарастырамыз. Ғалымдар лингвистикалық қатысым теориясы жөнінде «Объектом лингвистической теории коммуникации выступают различные виды коммуникации. Субъектом выступает человек говорящий» деген пікір айтады [4, 13].

Қатысым – адамдардың қарым-қатынас жасауының басты тетігі. Қатысым қызметі ақпаратты хабарлау мен тасымалдаудың тәсілдерін анықтап, байланыс мүмкіндіктерін кеңінен жүзеге асырады.

Лингвистикада қатысым теориясы сөйлеу актісі теориясымен тікелей байланысты. Қатынастың, яғни коммуникацияның бірнеше түрі бар. Соның бірі – тілсіз қарым-қатынас. Адамдардың тілден тыс қарым-қатынасының түрі «тілсіз қатынас» деп аталады. Әр түрлі белгілерге, кимылдарға, т.б. осындай сипаттағы қатынастар арқылы адамдар бір-бірін түсінеді. Осы сипаттағы қатынас түрін «тілсіз қатынас» деп танимыз. Қатынастың енді бір түрі – тілдік қатынас. Тілдік қатынас дегеніміз – ойлау мен сөйлеудің қатысы арқылы тілдік тұлғалардың таңбалық жүйесі мен дыбысталу қасиеті нәтижесінде жүзеге асатын, қатысымдық тұлғалардың семантикалық бірлігі мен байланысу заңдылықтары арқылы берілетін, адамдардың өзара түсінісуін қамтамасыз ететін, тек адамзатқа ғана тән күрделі тілдік қоғамдық-әлеуметтік процесс [5, 50].

Тілдік қатынас ең кемінде екі адамның қатысы арқылы жүзеге асады деген пікір жоғарыда айтылған. Оны тілдік қатынасты зерттеуші ғалымдардың көпшілігі атап өтеді. Бірақ бір ескертетін мәселе: тілдік қарым-қатынас, пікірлесу екі адамның арасында ғана емес, екі топтың арасында да немесе бір адам мен ұжымның, көпшіліктің арасында да болады. Бұл тілдік қатынастың жеке хабаршы және қабылдаушымен ғана шектелмейтіндігін, хабаршы мен қабылдаушының түрліше болып келетінін көрсетеді [6, 50-51].

Тіл – адам ойын білдіретін қарым-қатынас құралы. Қатысым барысындағы тілдің ролі лингвистикалық коммуникация теориясының объектісі болып табылса, ал субъектісі – сөйлеуші адам, ол сөйлеу арқылы қарым-қатынас орнатады.

Қатысым барысындағы тілдің маңыздылығын Ф.Ш. Оразбаева: «Қарым-қатынас – тілдің өмір сүруінің, тілдік болмыстың басты өлшемі. Қарым-қатынас сөйлеу, сөйлесім арқылы жүзеге асады. Сөйлеудің ең маңызды құралы – тіл, сөйлесімді жүзеге асыратын да – тіл» деп көрсетеді [1, 259]. Және оның мағынасын төмендегідей етіп ашып береді. Ғалым тілдік коммуникация туралы мәселені қарастырмастан бұрын «коммуникация» немесе «коммуникативтік» терминдерін қандай мағынаны білдіретінін, қалай қолданылатындығы жөнінде сөз қозғайды. Қазақ тіл біліміне байланысты шыққан еңбектерді сұрыптай келе «коммуникатив» деген терминді тілшілер қоғамдық-әлеуметтік қызметіне қатысты қолданғанымен, оның мән-мағынасына түсініктеме беріп, зерттеу жүргізе қойған жоқ деген пікірге келеді [5, 36].

Адамдардың арасындағы тілдік қарым-қатынас деген ұғымды білдіру арқылы бұл сөздің мағынасы әлдеқайда кеңейді. Сонымен қатар «коммуникация», «коммуникативтік» термині соңғы жылдары лингвистикада ғана емес, одан басқа да барлық ғылым салаларында кеңінен қолданылып келеді. Бұл сөздің тілге, сөйлеуге қатысты алғашқы мағынасы «қарым-қатынас» тіл арқылы түсінісу, пікірлесу дегенге саятын болса, кейінгі кезеңдерде бұл ұғым одан әлдеқайда тереңдей түсті. Мәселен, тілдік коммуникация тіл арқылы сөйлесу, ұғынысу дегенді білдірсе, қоғамдық коммуникация қоғамдық байланыс, қоғамдық қарым-қатынас дегенді аңғартады, ал саяси коммуникация саяси өмірдегі байланыс, саясатқа қатысты қарым-қатынас дегенді байқатады.

«Коммуникативтік» терминіне қатысты зерттеу еңбектердің қай-қайсында да оның қарым-қатынас құралы, сөйлесуге байланысты қасиеті баса айтылады. Мұның өзі сөздің, ең алдымен, тілдік қарым-қатынасқа, екіншіден, адамдардың өзара ұғынысуына, бірін-бірі түсінуге негізделетінін дәлелдейді. Коммуникация арқылы адамдар бір-біріне ойын жеткізіп, белгілі бір нәрсені хабарлап қана қоймайды, сонымен қатар олар өзара түсініседі, пікір алмасады, бірінің ойын екіншісі ұғады. Екі адамның бірінің жанын бірі ұғуы бір топтың түсінісуіне, ал топтың пікір алмасуы қоғамның жетілуіне әкеледі. Осыдан барып, адамзат тілінің әрі қоғамдық, әрі әлеуметтік функциясы көрінеді, «коммуникативтік» терминінің әлеуметтік сипаты осыдан келіп шығады [5, 38].

«Коммуникативтік» терминінің тілдің қызметіне байланысты білдіретін мағынасы І. Кеңесбаев пен Т. Жанұзақовтың «Лингвистика терминдерінің орысша-қазақша сөздігінде» анық айтылған.

«Коммуникативная функция предложения – сөйлемнің коммуникативтік функциясы» (лат. communication – қатынас, байланыс, сөйлемнің байланыстық қызметі).

Коммуникативная функция языка – тілдің коммуникативтік функциясы. Тілдің қатынас қызметі. Тіл – адамдардың бір-бірімен сөйлесіп, пікір алысатын қатынас құралы [6, 81].

Терминнің тілге байланысты мағыналық ерекшелігі лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте одан әрі нақтылана түседі: «Коммуникация (лат. communication от communico – делаю общим, связываю, общаюсь) – общение, обмен мыслями, сведениями, идеями и т.д. специфическая форма взаимодействия людей в процессе их познавательно-трудовой деятельности» [7].

Сол сияқты Р.А. Абузаров пен З.И. Туеваның орыс тілін оқытуға арналған еңбектерінің барысында берілген лингвистикалық және методологиялық терминдерінің қысқаша сөздігінде «Коммуникация – сообщение, общение. Коммуникативный принцип заключается в обучении русской речи как средство общения в наиболее типичных коммуникативных ситуациях.

Коммуникативные ситуации – ситуации общения» деген түсініктемелер жазылған [8, 8].

Тіл білімі терминдерінің сөздігінде «Коммуникация (лат. communication – байланысамын, қатынасамын) адамдардың танымдық-еңбек процесінде қатынас жасау, пікір алысу, ой бөлісу – олардың бір-бірімен әрекет жасауының айрықша формасы болып табылады. Адам коммуникациясының хайуанаттар коммуникациясынан басты ерекшелігі – оның тіл арқылы жүзеге асатындығында.

Сөйлеу арқылы адамдар өзара еркін түсінісе алады. Коммуникациялық қызметте тіл танымдық-белгілік мәнге ие болып, адамды әлеуметтік тұлға дәрежесіне көтерудің маңызды тірегіне айналды. Тек жеке тұлғалардың емес, қоғам мен қоғам мүшелерінің арасын байланыстыратын қызметтің арқасында коммуникация қоғамның қалыптасуына айрықша ықпал етеді [9, 155].

Сөйлеу актісі тілдік бірліктер арқылы жүзеге асырылып, қатысымдық әрекеттің орын алуына себепші тілдің негізгі факторы ретінде көрінеді. Тілдік бірліктердің бұл ерекшеліктерін сөйлеу актісі барысында қарастыру оның қатысымдық сипатын ашады. Қатысым теориясы қоғамдық құбылыстарды, заттарды, қоршаған ортаны тілдік бірліктердің көмегі арқылы коммуникативтік тұрғыдан тұжырымдайды, қатысымдық мазмұн мен форманың ғылыми негіздерін дәйектейді. Сондықтан да сөйлеу актісіндегі тілдік бірліктердің қатысымдық бірліктерге айналу процесі ақпараттың мазмұн мен форманы жинақтауынан, яғни кодталуынан көрінеді. Кодталу – баяншы санасындағы жеткізілуге тиіс ақпараттың тілдік бірліктер мазмұны (лексикалық, семантикалық, қатысымдық) мен формасына (сөзжасамдық, грамматикалық, т.б.) жинақталып берілуі.

Тілдік қатынас сөйлеу актісі арқылы жүзеге асады. Шетел және орыс тіл білімінде сөйлеу актісінің теориялық негізі кең ауқымда зерттелуде. Бұл мәселенің күн тәртібіне қойылуы Дж. Остин, Дж. Серль, П. Грайс, Л. Медведева, А. Вежбицкая, В.В. Богданов, Г.О. Почепцов, Ю.Д. Апресян және т.б. ғалымдардың есімдерімен байланыстырылады. Олар бұл күрделі процесті жүйелеуге, жіктеуге тырысып, әр түрлі коммуникативтік модель түрлерін ұсынды.



Сурет 1. Тілдік қатынастың әдістеме мен лингвистикадағы байланысы

Зерттеушілер тілдік қатынасты бірнеше саты мен түрлерге бөліп көрсетеді. Тілдік қатынас, ең алдымен, ауызша және жазбаша тілдік қатынас деп екіге бөлінеді. Ауызша тілдік қатынас дыбыстық тілдік қатынасқа құрылады. Оған қатынастың айту және тыңдау түрлері жатады. Жазбаша тілдік қатынас таңбалық тілдік қатынасқа құрылады. Оған қатынастың жазу және оқу түрлері жатады. Сондай-ақ олардың (ауызша тілдік қатынас пен жазбаша тілдік қатынас) бір-бірімен тығыз байланыста болатынын да жоққа шығармайды [5, 49]. Осы келтірілген тілдік қатынастың түрлерінің барлығы да (айту, тыңдау, жазу, оқу) қатысым әдістемесінде пайдаланылады. Оны сызба арқылы жоғарыдағыдай етіп көрсетуге болады.

Қатысым әдісінің басты мақсаты – тіл үйренушілермен тікелей тілдік қатынаста болу. Ол қатынас тілді оқытушы мен тілді үйренушілер арасындағы диалогте көрініс табады. Ал диалог сызбада көрсетілгендей, оқу, айту, тыңдау, жазу процестері арқылы жүзеге асады. Қазақ тілі әдістемесі ғылымында қатысым әдісінің іргетасын қалаған ғалым Ф. Оразбаева қатысымдық әдістің өзіне тән ерекшеліктері бар екендігін көрсете келе, қатысымдық әдістің ең басты айырмашылығы ретінде оның екі үлкен ғылымның басын біріктіріп отыруын және қатысымдық әдістеме ұғымының пайда болуын көрсетеді. «Оның бірі – лингвистика да, екіншісі – әдістеме ілімі. Әдістеме ілімінде әдістің қаншалықты маңызды рөл атқаратынына ешкім шүбә келтірмейді. Тілдік қатынас туралы мәселе соңғы жылдары тіл білімінде жеке сала ретінде бөлініп шығып, арнайы категория тұрғысынан қарастырыла бастады. Тіптен осының негізінде қатысымдық лингвистика, қатысымдық әдістеме тәрізді ұғымдар пайда болды» [5, 147]. Шындығында да, біз жоғарыдағы кесте арқылы қатысымның лингвистика мен әдістеме ғылымындағы байланысын көрсетуге талпындық.

Сондай-ақ ғалым Ф. Оразбаева қатысымдық әдістің өзіндік алты түрлі белгілерін көрсетті.

Олар:

«1. Қатысымдық әдіс кем дегенде екі адам мен топтың, бір топ пен екінші топтың арасындағы тығыз қарым-қатынастың немесе белсенді іс-әрекеттің жүзеге асуы нәтижесінде болады.

2. Қатысымдық әдіс оқушы мен оқытушының әрқайсысының өзіне тән міндеттері бөлек болып, ал олардың алдарына қойған мақсаттарының ортақ болуын талап етеді.

3. Қатысымдық әдіс үйренуші мен үйретушінің бір-бірімен пікір алмасуын, тіл арқылы сөйлесуін қамтамасыз ете келіп, адам мен адамның, бір ұлт пен екінші ұлттың өзара түсінісуіне жол ашады.

4. Қатысымдық әдіс оқыту жүйесіндегі бірнеше тиімді тәсілдерді және амалдарды біріктіреді. Солардың ішінен бәріне ортақ қасиетке ие болатын біреуі басты өзек, жетекші кілт болады.

5. Қатысымдық әдістің басты белгілерінің бірі – тілді үйретуді күнделікті өмірде жүзеге асыру, сабақты практикалық жағынан жан-жақты қамтамасыз ету. Мұнда оқу сырттай немесе жеке-дара күйде іске аспайды, адамдардың іс жүзіндегі өзара іс әрекеті үстінде, ауызба-ауыз сөйлесуі, тілдесуі арқылы болады.

6. Қатысымдық әдіс арқылы белгілі бір тіл туралы білім бермейді. Қарым-қатынас құралы тілдің өзін қалай қолдану керек, сол жөнінде оқытылады, яғни сол тілде сөйлеу үйретіледі» [5, 147-148]. Және оған мынадай анықтама берді: «Қатысым әдісі дегеніміз – оқушы мен оқытушының тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын; белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын; тілдік қатынас пен әдістемелік категорияларына тән басты белгілер мен қағидалардың жүйесінен тұратын; тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзіне асыратын әдістің түрі» [5, 148].

Оқушылар мен мұғалім арасындағы мұндай еркіндік пен өзара теңдік бір-бірімен тығыз астарласып кеткен танымдық, қатысымдық байланысты жүзеге асыра келе, оның әлеуметтік қыры мен ішкі мазмұн-мағынасын қатар игеру. Әлемдік білім кеңістігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну негізгі мақсат болып отырғаны баршамызға аян.

Әдебиеттер:

1. Оразбаева Ф.Ш. Тіл әлемі. – Алматы: Ан Арыс, 2009. – 367 б.
2. Викулова Л.Г., Шарупов А.И. Основы теории коммуникации. Практикум. – М., 2007. – 317 с.
3. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. Оқулық. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2005. – 272 б.
4. Кенесбаев С., Жанузаков Т. Русско-казахский словарь лингвистических терминов. – Алматы: Наука, 1966.
5. Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: Совр. энцикл., 1990. – 233 с.
6. Абузяров Р.А., Туева З.И. Русский язык на занятиях по начальной военной подготовке в национальной школе. 2-е изд. – М.: Просвещение, 1989.
7. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2005. – 440 б.

Резюме

В статье рассматривается теоретизированное развитие современной коммуникативной речи, становление языковой коммуникации как отдельной науки и значение коммуникативной компетенции. Анализируются взгляды различных ученых относительно коммуникативной речи. Также рассматриваются различные виды коммуникативных ситуаций.

Summary

This article considers theoretic development of modern communicative speech, formation of language communication as a separate science and communicative competence value. There were analyzed different scientists' outlooks concerning communicative speech. There are also considered different types of communicative situations.

М. ҚАРАТАЕВТЫҢ ӘДЕБИ-СЫН МАҚАЛАЛАРЫ**Г. ӘШІРБЕКОВА,***филология ғылымдарының кандидаты,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті*

Ұлттық әдебиеттің тарихында әдеби сынның, сыншылардың алатын орны ерекше. Рухани дүниені байытатын көркем шығарманың құндылығын арттырып, оқырманға тигізер пайдасын елеп-екшеп, жазушының шығармашылық шеберлігін сарапқа салатын сын жанрын игеру кез келгеннің қолынан келе бермейді. Қазақ әдеби сынының тарихында Мұхамеджан Қаратаев өзіндік өрнегімен, дара қолтаңбасымен танылған. Кеңес дәуіріндегі сын жанрының кең қанат жайып, өрістеуіне сыншының қосқан үлесі зор.

Көп қырлы қалам иесінің рухани мұрасын құрайтын жиырмадан астам әдеби сын, зерттеу кітаптарының, жүздеген мақалалары қазақ әдебиетінің сол кездегі келелі мәселелерін сөз етуімен құнды. Мұхамеджан Қаратаевтың әдеби сын мақалаларының әрқайсысы шығарманың көркемдік сипатын ашуға бағытталған. Осы кезге дейінгі айтылған пікірлерді қайталамас үшін біз М. Қаратаевтың шығармашылық портреттерін сөз етуді жөн санадық. Оның өзіндік себептері де жоқ емес. Біріншіден, сын жанрларының тек әдебиетке ғана емес, публицистикаға да қатысы бар екендігіне көз жеткізу. Бұған дәлел ретінде сын жанрын зерттеуші ғалым Д. Ысқақұлының «Сын әдебиеттің жанры емес, сынның көркем әдебиет, публицистика сияқты өз жанрлары бар» деген пікіріне жүгінеміз [1,8]. Сын жанрларын әдеби, публицистикалық, философиялық деп жіктеп, іштей шартты түрде қара сөзбен (рецензия, шолу, эссе, шығармашылық портрет, т.б.) және өлең сөзбен (эпиграмма, пародия) жазылған деп бөлуге келеді. Публицистикалық жанрларға әдеби хабар, аннотация, рецензия, мақала, шолу, творчестволық портрет, әдеби фельетон, әдеби очерк, әдеби есеп, т.б. жатады. Әрі қарай ғалым аталған жанрларды хабар, талдау, әдеби-публицистикалық жанрлар деп қарастырады. Жанрлардың бұл ретпен жіктелуінің басты себебі зерттеу нысанына қарай екендігін де ұмытпауымыз керек. Әдеби сынның қарастыратын негізгі объектілері шығарма, жазушы, әдеби процесс болса, осыған сәйкес жанрлар да қалыптасады деп тұжырым жасайды. Шығармашылық портреттің негізгі нысаны – қаламгер.

М. Қаратаевтың «Сырдария кітапханасы» көп томдығының құрамына енген «Көргендерім мен көңілдегім» атты жинағында негізінен естеліктері мен шығармашылық портреттері топтастырылған. Ұлттық әдебиетте ақын-жазушылардың көпшілігі естелік, эссе жанрында қалам тербегені белгілі. Мемуарлық дүниенің көркемдігімен қоса, публицистикалық сипаты басым екендігі жасырын емес. Естелік, эссе, шығармашылық портрет жанрлық ерекшеліктеріне қарай бір-бірінен өзгешеленіп тұрады. Бір айта кететіні – аталған жанрлардың оқырман қызығушылығын тудырып, жылы қабылданатыны. Ортақ белгі – өмірде орын алған шынайы оқиғаның, белгілі бір қаламгердің шығармашылық шеберханасынан сыр шертетіндігінде.

М. Қаратаев естеліктерінде де сыншылық көзқарасы айқын байқалады. Бұл – біздің әдеби сын мұрасынан естеліктері мен портреттерін арнайы қарастыруымызға негіз болған екінші себеп.

Дарынды сыншының Жамбыл, Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Мұхтар, Сәбит, Санжар Асфендияров, Құдайберген, Ахмет Жұбановтар, Қаныш, Өтебай, Саттар Ерубәев шығармашылығы жайлы жазылған портреттері әдеби сынның арнасын ашып, мазмұнын байыта түседі.

Шығармашылық портреттің жанрлық белгілері туралы профессор Д. Ысқақұлы «Шығармашылық портреттің негізгі объектісі суреткер дегенде оның шығармашылығына ден қойылады. Өмірбаяндық, естелік, толғаныс, құжат сияқты түрлі мағлұмат-әдістер кеңінен қолданылуы мүмкін. Осының бәрі белгілі бір шамада қажетіне қарай пайдаланылып, жазушының қаламгерлік қолтаңбасын, яғни шығармаларының өзіндік болмыс-бітімін, өзгешелік сыпаттарын ашуға қызмет етеді. Шығармашылық портретте негізінен талдаушылық тәсілдің орын алуы – оны әдеби портреттің басқа түрлерінен ажыратып тұратын басты белгілерінің бірі» деп тұжырым жасайды [1,149]. Жоғарыда аты аталған шығармашылық иелерінің өмір

жолы, шығармалары, туындыларында көркемдік көрініс тапқан шындық өмір жайлы пікірлерін білдірген М. Қаратаев әр тұлғаның ерекше қасиеттерін жеткізуге барын салған.

Ең алғаш «Дала уалаяты» газетінде Шоқан, Ыбырай, кейіннен Ә. Бөкейханның Абай туралы жазған мақалалары осы шығармашылық портреттің бастауы десек, артық айтқандық емес. Сол уақыттан бері бұл жанрға көптеген ақын-жазушылар, сыншылар қалам тербеді. Соның ішінде шығармашылық портреттің озық үлгісін көрсеткен М. Қаратаев қазақ әдеби сынындағы ғылыми сипаттың айқын әрі басым көрінуіне ықпал етті.

Сыншы «Байырғы талант» атты шығармашылық портретінде Бейімбеттің өмір жолын шығармашылық қызметімен бірге қарастыра келіп, «Шұғаның белгісін» қазақ әдебиетіндегі осы тақырыптас туындылармен салыстыра талдауы қаламгердің дара қолтанбасын айқындап көрсетуге деген талпынысын көрсетеді. «Қамар сұлуда» жанр алалығы болса (өлең мен қара сөз араласқан), «Қалың малда» стиль шалалығы бар (арқауы бос, суреттері солғын, тілі олақ). Ал «Шұғаның белгісі» – жанры жөнінде де, стилі жөнінен де тұтас та мінсіз шыққан туынды. Көптен қалыптасқан, мәдениетті үлкен прозаның жемісі дерлік» [2,143].

М. Қаратаевтың шығармашылық портреттерінде жазушылық, сыншылық қасиеттері қатар өріліп, біте қайнасып жатады. Кейде көркем тілмен кестеленіп, кейде тұлғаның ерекше мінезін ашуда диалогты жиі қолданса, кейде тарихи деректерді сипаттайтын публицистикалық стилді пайдаланады. Мәселен, «Мұхтар Әуезов туралы көрген, білгеніңді естелік түрінде қамтып жазамын деушілік теңізді қасықтап тауысамын деумен пара-пар» деп бастап, кемеңгер қаламгердің өмір жолын, шығармашылығы мен азаматтық тұлғасын бейнелейтін деректерді әдемі үйлесіммен бере білген.

Сыншының шығармашылық портреттерінде көзімен көріп, көңілге түйген ойлары, жазушының шыннайы бейнесін көрсететін оқиғалар, естеліктер жиі қолданылады. Бұл – портреттің жасалуына ең қажетті детальдар. Ең бастысы – сыншының оны талғаммен таңдап, ретімен баяндауы десек, артық айтқандық емес.

Сәбит Мұқанов жайлы жазылған портретте жазушының шығармашылық шеберханасынан сыр шертетін деректерді жиі келтіреді. Қаламгердің тынымсыз еңбегін, әр сапарынан келген сайын очерк жазатындығы, өмір құбылыстарын жақсы білетіндігі, естігенін жадынан шығармайтындығы, қиыннан қиыстыратын керемет әңгімешілдігі, күтпеген жерден күлдіретін сөзуарлығы көркем баяндалады.

Санжар Асфендияровтың таланты мен эрудициясын оның өмірбаяны арқылы көрсеткен М.Қаратаев қазақтың қайраткер ұлы жайлы жазған шығармашылық портретінде кейінгі жастарға үлгі-өнеге ету мақсатын ұстанғандығын анық байқаймыз. Публицистикалық сипаты басым аталған шығармаларында сыншылдық көзқарасы жиі байқалады.

«Көргендерім мен көңілдегім» жайлы автор «Естегілерімді әңгіме еткенде бәрімізге үлгі-өнеге боп табылған аға жазушы, ғалымдардан және қарым-қатынаста болған қатар құрбы адамдардан аттап кете алмаймын, әрине. Әдебиет пен ғылымның тұңғыш ту ұстаушыларынан алған тәлім-тәрбиенің мәні тек мен үшін емес, біздің барлық ұрпақтар үшін зор екені хақ» деп жазады. Сын мұраты – әдебиет мұраты. Әдебиеттің мұраты оқырманына озық ой мен көркемдік нәр, рухани азық беру болса, сол мақсатты жіті бақылап, кезінде өткір ойларын ашық жеткізіп, өзгеше пікір-ұсыныстарын қаламгерлер қауымына мойындата білген Мұхамеджан Қаратаевтың шығармашылық портреттері мен естеліктері, әлі болса, сөз етуді қажет етеді.

Әдебиеттер:

1. Ысқақұлы Д. Сын жанрлары (оқу құралы). – Алматы: Санат, 1999. – 321 б.
2. Қаратаев М. Көргендерім мен көңілдегім: Естеліктер, портреттер, лебіздер мен толғаныстар. – Астана: Фолиант, 2009. – 328 б.

Резюме

В статье автор анализирует литературно-критические труды и творческие портреты выдающегося литературоведа, публициста М. Каратаева. Рассматриваются способы создания творческих портретов известных казахских писателей.

Summary

The author analyzes literary-critical works and creative portraits of famous literature scholar and publicist – M. Karatayev. There were considered ways of creation of well-known Kazakh writers' portraits.

МҰХАМЕДЖАН ҚАРАТАЕВ ЖӘНЕ ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

С. ДҮЙСЕНҒАЗИН,

*филология ғылымдарының кандидаты,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*

ХХ ғасыр басындағы әдебиетті зерттеуге өлшеусіз үлес қосқан ғалымдардың бірі – Мұхамеджан Қаратаев. Оның сол кездегі уақыт көзқарасымен зерделеген Сәкен Сейфуллин, Жамбыл Жабаев, Сәбит Мұқанов, Асқар Тоқмағамбетов, Өтебай Тұрманжанов, Тұрмағамбет Ізтілеуов, Әбділда Тәжібаевтардың өмірі мен шығармашығы туралы зерттеулері бүгінгі уақытқа дейін өзектілігін жойған жоқ. Ғалымның ХХ ғасыр басындағы поэзия туралы жүйелі пікірлері «Асау тұлпар», «Ақын даңқы – халық даңқы», «Жарты ғасырдың шежіресі», «Халық жаршысы», «Таң жыршысы», «Ақын туралы ақиқат», «Сыршыл ақын» мақалаларында көрініс тапқан. М. Қаратаевтың ғалымдық, сыншылық келбетін танып білу үшін осы айтылған мақалалардың мәні мен маңызы зор.

Сәкен Сейфуллиннің шығармашылық тұлғасын ашып көрсеткен «Асау тұлпар» атты ғылыми еңбегі сәкентану саласына салынған даңғыл жолдардың бірі деуге толық негіз бар. Кезінде жазықсыз қара күйе жағылып, кейін ақталған Сәкеннің өмірі мен шығармашылығын қайтадан қатарға қосуға еңбек еткендердің алдыңғы тобынан академик М. Қаратаевтың қолтаңбасын анық көреміз. Кейін бұл бастаманы академиктер С. Қирабаев, Т. Кәкішұлы, Р. Нұрғалилар бастаған ғалымдар легі сәтті жалғастыра білді.

Ғалым С. Сейфуллинді Қазақ-кеңес әдебиетінің негізін қалаушы ретінде әспеттейді. Ол Сәкен туралы жүрек толғанысын былайша жеткізеді: «Біз, оның замандастары, үлкен жүрек, алғыр сезім, асыл ой иесі Сәкенді жақсы білеміз. Жанарлы көз, жазық маңдайлы жарқын жан жау оғының астында да еңкеюді білмей, еңсені тік ұстап, өмірге аяғын нық басып келді де, аршынды адыммен өтті. Ол бізді өзінің биік мұратты, өр талапты, өмірге ынтық, ақжарқын мінезімен баурап алушы еді», – деп еске алады.

Ол С. Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығына терең бойлай отырып, І. Жансүгіров, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсіреповтердің ақынның қазақ әдебиетіндегі рөлі мен маңызын, даңқы мен дәрежесін дәріптейтін құнды өлеңдері мен мақалаларына байыпты шолу жасайды. Сәкеннің Қазақ-кеңес әдебиетінің барлық жанрында көшбасшы екенін тілге тиек ете отырып, алғашқы эпикалық поэма «Советстанды», алғашқы тарихи-мемуарлық роман «Тар жол, тайғақ кешуді», алғашқы төңкерістік пьеса «Қызыл сұңқарларды», жұмысшы табы туралы алғашқы повесть «Жер қазғандарды», алғашқы әйел теңдігі туралы өлеңдерді және алғашқы қазақ әдебиеті туралы оқулықтың авторы болғанын жазады. Пікірі дәйекті болуы үшін белгілі орыс жазушысы Л. Соболевтің Сәкеннің әдебиетке сіңірген еңбегі туралы айтқан парасатты пайымымен ойын шегелей түседі. Әрине, Алаш қайраткерлері ақталмай тұрған заманда айтылған академиктің пікірі сол заман көзқарасымен бағамдайтын болсақ, өте құнды мұра екені даусыз.

М. Қаратаев «Асау тұлпар» еңбегінде С. Сейфуллиннің тек поэзиясын ғана талдап қоймай, шығармашылық өмірбаянын да жасаған. Онда ақынның туған уақыты, өскен ортасы, елі-жерімен қатар, білім қуған бозбала шағынан бастап, саяси көзқарасы қалыптасқан азаматқа айналған кезеңіне дейінгі уақытты тәптіштеп жазады. Оның Омбы семинариясында оқып жүрген кезіндегі белсенділігін айта отырып, сол кездегі көзқаракты қауымды дүр сілкіндірген алғашқы өлеңдер жинағы туралы былайша тоқталады: «Омбы семинариясына келген алғашқы жылдардың өзінде-ақ жас Сәкен ақындық талантын танытты. «Бірлік» ұйымындағы жолдастарының көмегімен Қазанда «Өткен күндер» атты

тұңғыш өлеңдер жинағын бастырды. Егер қазақ поэзиясының классигі Абай Құнанбаевтың алғашқы кітабы өзі қайтыс болғаннан кейін 1909 жылы жарық көргенін еске алсақ, әлі жас, көпшілікке бейтаныс, ешкім білмейтін семинарист Сәкеннің бұл кітабының жарыққа шығуы қандай зор, ғажап оқиға болғанын аңғару қиын емес».

Сәкеннің 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың, 1917 жылғы Ақпан төңкерісінің әсерімен жазылған өлеңдерін талдай отырып, «Жолдастар», «Жас қазақ марсельезасы», «Далада», «Кел, жігіттер!», «Асау тұлпар», т.б. жырларының халыққа тез тарап, жауынгерлік жырға айналғанын айтады.

Ғалым С. Сейфуллин шығармашылығының алғашқы кезеңін 1922 жылы жарық көрген үш бірдей кітабының, «Бақыт жолында», «Қызыл сұңқарлар», «Асау тұлпар» жинақтарының шығуымен байланыстырады. «Бұл жинақтарда «оның алғашқы өлеңдеріне тән табиғат, махаббат, сағыныш сарыны енді асқақ революциялық пафоспен, бостандық, бақыт, жаңа өмір жолындағы күрес романтикасымен алмасқан» деп жазады ғалымның өзі.

М.Қаратаев Сәкен поэзиясының екінші кезеңі «Домбыра» (1924), «Экспресс» (1926), «Ұйым және еңбекшарт – жалшылар қорғаны», «Тұрмыс толқынында» (1928) кітаптарының жарық көруіне байланысты деп белгілейді. Бұл кезеңде оның ақындық дарыны одан бетер өркен жайып, толыса түскенін айтады.

Сыншы С. Сейфуллин шығармашылығының қазақ поэзиясы үшін мазмұны мен формасы жағынан жаңашыл болғанын айта келіп, оған Маяковскийдің әсерімен жазылған «Советстан» поэмасы мен халық ауыз әдебиетінен бастау алатын «Көкшетау», «Аққудың айырылуы» поэмаларын мысалға келтіреді.

Сыншы-ғалымның қаламынан туған «Ақын даңқы – халық даңқы» атты зерттеуі халық поэзиясының алыбы Жамбыл Жабаевтың шығармашылық өсу жолына арналады. Ол Жамбылдың орыс тілінде шыққан тырнақалды кітабы «Песни и поэма» кітабынан бастап бірқатар шығармаларына шолу жасайды. Ақынның төңкеріске дейінгі шығармашылық ілуде бір ұшырасатын өрен талант ретінде бағалай отырып «Ал бірақ талант озат дүние тану тұрғысы болмаса, қанаты қырқылған қыранға ұқсайды. Сондықтан революция қарсаңында Жамбыл шыққан әлеуметтік арман биігі туған халқының 1916 жылғы стихиялық қозғалысының биігінен аса алған жоқ. Асуы мүмкін де емес еді. Сауатсыз Жамбыл түгіл оқыған азаматтардың өзі ол тұста осы деңгейге бірі жетсе, бірі жетпеді» деп ойының ашығын айтады.

Ғалым Жамбыл өмірбаянын жасаудың оңайға соқпағанын, оның өзіне жүктелгенін, ал аудару орыс ақыны Константин Алтайскийге тапсырылып, үлкен тер төгумен, тынымсыз еңбекпен келгенін жазады. Тоқсан жылдық өмір жолын қайта еске түсіру үшін 56 сұраққа анкета жасалып, алғашқы өмірбаянның қалай өмірге келгенін де тебіреніспен жеткізген. Жыр алыбының алғашқы кітабының жарық көруі сол кезде бүкіл Одақ бойынша мәдени өмірдің үлкен жаңалығы болғанын айтады.

М. Қаратаев Жамбылдың өмір жолын, Шу, Сыр бойы, қырғыз, өзбек жерлеріне барып айтыс өнерінде шындалғанын баяндай отырып, оның «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» поэмаларына тоқталады. Өмірде болған Өтеген мен Сұраншы батырлардың тұлғасын сөзбен сомдауда ақынның шеберлік шыңының нағыз биігіне көтерілгенін жазады. Жамбылдың айтыс жырлары мен поэмаларын ауыздан-ауызға көшіріп бізге жеткізген ақын шәкірттері Кенен, Үмбетәлі, Саяділ, Өтептердің еңбегін де атап өтеді.

М. Қаратаев қарт ақынның шығармашылығының жарқырай көрінген кезеңі соғыс жылдарындағы туындылары еді дейді. Сыншы ретінде «Ленинградтық өрендерім» өлеңін Жамбылдың әмбеге аян жырларының маңдай алдысы деп бағалайды. Өлеңнің көркемдік ерекшелігі жөнінде айта келіп: «Халық поэзиясының эпикалық кең тынысты дәстүрі мен философиялық және патетикалық толғау тереңдігін жалын атқан патриоттық идея арқылы ұштастырған Жамбыл талантының шарықтау шегін танытты» деп түйіндейді.

Жамбылдың алғашқы өмірбаянын жасаушы әрі зерттеуші ретінде М. Қаратаевтың еңбегіне әрдайым зер салып отыру кейінгі әдебиет тарихын зерттеушілерге тірек болары сөзсіз. Ғалымның өз сөзімен түйіндер болсақ, «Әрбір өнер иесі өз даңқын, халық даңқын бүгінгі адам баласы алдында Жамбылдай, Әуезовтей жая алса, ана сүтін, халық қарызын одан артық ақтау болмайды» дегені әділ пікір болары анық.

М. Қаратаев «Ақын туралы ақиқат» атты зерттеуінде Сыр бойындағы Шәді төре бастаған шығыс поэзиясының мектебінен оқыған «кітаби» ақындардың ішіндегі ең бір көрнектісі – Тұрмағамбет Ізтілеуовтің шығармашылығына талдау жасайды. Алдымен Тұрмағамбеттің «Әр елдің бар бұлбұлы» деп аталатын өлеңіндегі «өрен жүйрік он тоғыз» деп ақынның бас иетін ақындарын атап өте отырып, «Тұрмағамбеттің көтере сипаттаған шайырлары: Аяған қожа, Бұдабай, Сәдір, Әзілкеш, Бекіш, Ешанияз, Толыбай, Оңғар, Сүйіндік, Сүйкімбай. Базар, Ерімбет, Шегебай, Аманжол, Есенжол, Жүсіп, Жиенбай, Омар, Нұржан – осы өз жерлерінде аты әйгілі ақындар. Бірақ әлі күнге дейін зерттелінбегендіктен олар әдебиет тарихынан тиісті орнын ала алмай келеді» деп мәселе көтереді.

Зерттеуде Тұрмағамбеттің қилы тағдырын, оның шығармашылығының сталиндік зобалаңға дейінгі шарықтауын тілге тиек етеді. О. Исаев, Т. Жүргенов, С. Мұқанов, Ғ. Тоғжанов, Қ. Өтепов сияқты қазақтың белгілі қайраткерлерінің Тұрмағамбеттің есімін Жамбылмен қатар қойғанын атап өтеді. Бірақ оның жеке басқа табынушылық заманында араб, парсы тілін білгендігінен емес, заңсыз әрекеттердің кесірінен сорының «қайнағанын» өкінішпен жеткізеді.

Ақынның атақты «Рүстем дастаны» еңбегінің Фирдоусидің «Шаһнаме» дастанының тікелей аудармасы емес, сол үлгімен өзі өлең етіп жазған шығарма екенін айта отырып, ойын М. Әуезовтің және Тұрмағамбеттің өз пікірі арқылы бекітеді. Шығарма ел ішіне тарап кеткен аңыздарды өзінше топшылап, жыр ету арқылы туған деген пайымға тоқталады. Сыншы ретінде Тұрмағамбеттің «Қара қоңыз» (1896), «Мәгес молдаға» (1905), «Бар мен жоқ, ал мен бер» (1906), «Жер жүзін жеті қабат зұлмат басты» (1916) өлеңдеріндегі адамның мінез-құлқындағы ұсқынсыз қылықтарын мінеген ақынның ішкі эмоциясын тамыршыдай тап басады.

Ақынның озық ойлы замандастарымен үндесетін шығармаларын салыстыра талдайды. Мәселен, Абайдың «Өлді деуге сия ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артында сөз қалдырған» деген өлеңінің Тұрмағамбеттің «Артында атақты ердің қалса сөзі, Өлді деп өкінбеймін оның өзі!» деген жолдарымен үндесетінін айтады. Жалпы бұл жерде Тұрмағамбетті ұлы ұстаз Абайдың ізбасары ретінде оның терең философиялық ойларын жалғастырушы ретінде қарастырған. Оның білімге, оқуға шақыратын «Шәкірттерге» (1905), «Балаларым» (1906), «Ұлдарым» (1915) деген өлеңдері мен накыл, өсиетке құрылған «Тәлім» (1906), «Адамдық іс» (1907), «Қамын ойла халқыңның» (1907), «Халыққа қайрама тісінді» (1907), «Мәнді сөз» (1908) сияқты ағартушылық, адамгершілік тақырыбындағы өлеңдерінің Абай мен Ыбырайшы жас ұрпақты тәлім-тәрбиеге, білімге шақыратын туындылар ретінде атап көрсетеді. Ол Тұрмағамбет шығармаларының ұйқастарына, көркемдік құндылығына тоқтала отырып: «Шаһнамені» Шығыс поэзиясының ұлы дарағына теңесек, қазақтың Тұрмағамбет ақыны бізді сол дараққа апарып таныстырған жоқ, дарақты бізге әкеліп, қазақ топырағына қондырып таныстырды және таныстырып қана қойған жоқ, бұл дарақты қазақ поэзиясының миуалы бағына қосып, жанымызға эстетикалық сая таптырды. Оның бұл – ең шұрайлы, ең жемісті еңбегі!» деп түйіндейді.

Ғалым Сыр бойынан шыққан Асқар Тоқмағамбетов, Әбділла Тәжібаев, Өтебай Тұрманжанов, Қалмақан Әбдіқадыров сияқты ақындардың Тұрмағамбеттің тәлімін көріп, алдынан қанаттанған дарындар екенін айтады. Сәбит Мұқанов бастаған аталған дарындардың шығармашылығын М. Қаратаев жеке-жеке тоқтала отырып зерттеген. Мәселен, «Жарты ғасырдың шежіресі» деп аталатын зерттеуінде Сәбит Мұқановтың жазушылық шығармашылығы мен ақындық қырын, оның ішінде атақты «Сұлушаш» поэмасы бастаған бірқатар поэмалары мен алғашқы өлеңдері талданған. Ал «Халық жаршысы» деген зерттеу еңбегінде ақын Асқар Тоқмағамбетов туралы ой толғамы көрініс тапқан. «Азаматтық – Асқар поэзиясының абыройлы туы. Халық ортасында туып, халық өмірінің қазанында қайнап піскен жас талап ақынның азаматтық өнер жолын таңдауына оның таланты мен тәрбиесі, халық поэзиясы мен шығыс әдебиетінен алған әсері себепкер болғаны даусыз», – дейді зерттеушінің өзі. Асқардың заман үнімен жазылған «Мұғалім», «Жас дәрігер», «Біздің әскер», «Көктемде», «Маяк», «Қош, аман бол», «Көктемдегі көріністер», «Түркісіб тоғысканда» өлеңдерінен бастап, «Уборщица», «Советтік маршруттар», «Испания», «Берлин көшесінде» поэмаларына дейін мазмұны мен маңызына тоқтала келіп, сүйікті ұстазы Сәкен Сейфуллиннің тағдырына арналған «Ақын тағдыры» поэмасының ерекшелігін «үлкен ой биігіне көтерілген туынды» деп бағалайды. М. Қаратаевтың бұл зерттеу еңбегінен ақын Асқар Тоқмағамбетовтың шығармашылығына үлкен құрметпен қарағанын байқаймыз.

М. Қаратаевтың ақын Өтебай Тұрманжановтың шығармашылық жолының зерттелуіне сіңірген еңбегі зор. Ол «Таң жаршысы» деп аталатын әдеби зерттеуінде Өтебайдың өнегелі өмір баспалдақтарын ғылыми пайыммен зерделейді. 1925 жылы Мәскеуде ақынның өзі жинап бастырған «Таң өлеңдері» атты жинаққа енген өлеңдерінен бастап, 1929 жылы Қызылордада басылған «Таң сыры» жинағына дейінгі аралықты бір шолып өтеді. Одан кейін 1929-1931 жылдарда Ташкентте, Самарқанда басылған «Ақ алтын», «Шыршық сыры» поэмалары мен «Тез адыммен», «Құрылыс жыры» өлеңдер жинағының әдебиет әлемінде алған орынын бағамдайды. 1932-1937 жылдар аралығында Алматыда жарық көрген «Пулемет», «Құрыш құс», «Қарлығаш» жинақтарына тоқтала келіп, бастапқы жинақта жарық көрген «Пулемет» поэмасының маңызын ерекше атап өтеді. «Бұл поэма 1933 жылы жақсы поэмаға жарияланған республикалық жабық конкурсте алдыңғы орынды алуы тегін емес-ті. «Пулемет» Ө. Тұрманжанов талантының толықсыған шағын танытқан туынды болып табылады. Сондықтан ол бүкіл қазақ поэзиясының отызыншы жылдардағы шоқтықты шығармасы есебінде танылды» деп жазады.

Ғалымның ерекше жалынды шабытпен жазған зерттеуі – Әбділдә Тәжібаевтың шығармашылығына арналған «Сыршыл ақын» еңбегі. Мұнда ғалым Әбділдә жырларындағы жан тебіренерлік сыршылдықты, жаңа тақырып қана емес, жаңа түр, тәсіл іздеу арқылы ерекше сипатқа ие болған сәулелі өлеңді сипаттайды. Оның Шевченко, Пушкин, Гейнелермен үндес туындыларын бөліп алып көрсетеді. Оның сыршылдықтан суретшілікке ауысқан бірқатар өлеңдерін атап айтады. Мәселен, «Алтын ай» өлеңіндегі сезім мен сыршылдықты сөзінің айғағы ретінде дәлел қылып ұсынады. Ақынның туған жерге деген сүйіспеншілігін «Сырдария» өлеңінен іздей отырып, оның лирикасы мен балладаларына, махаббат сезімінің мүлтіксіз сұлулығын жырлайтын өлеңдеріне тоқталады. Оның достық, адамгершілік, соғыс тақырыбында жазылған циклдік өлеңдері де зерттеуші назарынан тыс қалмайды. Поэма саласына да сіңірген еңбегі ұшан-теңіз ақынның тұңғыш поэмасы «Құлғарадан» бастап, «Толағай» аңыз-поэмасын, отызыншы жылдардағы «Батрақ Қобыланды», «Олқылық», «Құтқару», «Екі жаһан» поэмаларының кемшілігін де сынайды. Илияс Жансүгіровтің ізімен жазған күй тақырыбындағы «Оркестр», «Күй атасы», «Абыл» поэмалары ән-күй тақырыбын игеруде көп алдыға кеткен туындылар ретінде бағалайды. Солай дей отырып, оның мағыналық тереңдігі мен көркемдігі жағынан кемелдісі «Портреттер» поэмасы екенін атап көрсетеді. Сыншы-ғалымның Әбділдә ақын туралы жазғандарының өзі жеке бір мақалаға арқау болатын зерттеуді қажет етеді.

Қорытындылай айтқанда, М. Қаратаевтың XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясын зерттеуге сіңірген еңбегі ауыз толтырып айтарлықтай. Оны келешекте тереңдей зерттеу керек. Бұл қажеттілікті өтеу әдебиет тарихы мен сынын зерттеушілердің мойнындағы парызы мен қарызы екені анық.

Әдебиеттер:

1. Қаратаев М. Эпостан эпопеяға. – А., 1969.
2. Қаратаев М. Шеберлік шыңында. – А., 1963.
3. Қазақ әдебиетінің кейбір мәселелері. – А., 1957.

Резюме

Статья посвящена академику М. Каратаеву, внесшему огромный вклад в исследование казахской литературы начала XX века. Показана роль М. Каратаева в изучении жизни и творчества выдающегося казахского поэта Жамбыла Жабаева, основоположника казахской советской литературы Сакена Сейфуллина, поэта Турмагамбета Изтилеуова. Также анализируются труды М. Каратаева, посвященные творчеству поэтов земли Сыра, – А. Токмагамбетова, А. Тажибаева, О. Турманжанова и др.

Summary

This article is devoted to Academic M. Karatayev, who made a great contribution to the study of early XX th century Kazakh literature. There has been shown M. Karataev's role under studying life and creativity of outstanding Kazakh poet Dzhabul Dzhabayev, Kazakh Soviet literature founder Saken Seifullin, poet Turmaganbet Iztileuov. There were also analyzed M. Karatayev works, dedicated to poets of the land of Syr, A. Tokmagambetov, A. Tazhibayev, and O. Turmanzhanov.

УДК 811.512.122'33

СПОСОБЫ ПЕРЕДАЧИ ПРИМЕРОВ ПЕРЕВОДЧЕСКИХ ТРАНСФОРМАЦИЙ ПО РОМАНУ Л.Н. ТОЛСТОГО «ХАДЖИ-МУРАТ»

Т.И. КЕНШИНБАЙ,
кандидат филологических наук,

Э.А. АМИРАЛИЕВА
Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата

«Перевод – это процесс межъязыковой и межкультурной коммуникации, при котором на основе целенаправленного переводческого анализа исходного текста создается вторичный, переводящий текст, заменяющий исходный в новой языковой и культурной среде» [1-8].

Задача перевода заключается в передаче содержания текста оригинала. В идеале переводчик должен бы стремиться к воспроизведению всего глобального содержания этого текста (в связи с этим в теоретических работах по переводу нередко указывается, что следует переводить не просто текст оригинала, а «текст плюс контекст»). Мы видим, что это глобальное содержание складывается как из выраженного смысла, так и из смысловых компонентов, которые лишь подразумеваются или добавляются к языковому содержанию текста самими коммуникантами. Из таких же компонентов складывается и глобальное содержание текста перевода. Поэтому оптимальным решением задачи было бы точное воспроизведение в переводе языкового содержания оригинала, с тем чтобы рецепторы перевода могли бы на его основе самостоятельно вывести конкретно-контекстуальный и имплицитный смысл. Однако при этом возникают определенные трудности.

Со своей стороны сами переводчики весьма скептически относились к роли науки о языке в исследовании особенностей переводческой деятельности. Согласно широко распространенному мнению, в процессе перевода языковые факторы (под которыми часто понималось владение переводчиком двумя языками) имеют при переводе столь же второстепенное значение, как знание нотной записи при сочинении музыки. В основном же перевод – это операция отнюдь не лингвистическая, и языкознание мало что может дать теории перевода [9,1].

Перевод – это сложный и многогранный вид человеческой деятельности. Хотя обычно говорят о переводе «с одного языка на другой», но, в действительности, в процессе перевода происходит не просто замена одного языка другим. В переводе сталкиваются различные культуры, разные личности, разнохарактерный склад мышления, разные литературы, разные эпохи, разные уровни развития, разные традиции и установки. Переводом интересуются культурологи, этнографы, психологи, историки, литературоведы, и разные стороны переводческой деятельности могут быть объектом изучения в рамках соответствующих наук [9,1].

Наиболее важным, ключевым вопросом в теории перевода является вопрос изучения процесса перевода. В этой связи следует отметить работы лингвиста Л.С. Бархударова, который выступает за изучение перевода как процесса, но при этом оговаривается, что термин «процесс» применительно к переводу понимается им «в чисто лингвистическом смысле, то есть как определенного вида языкового, точнее межъязыкового преобразования и трансформации текста на одном языке в тексте на другом языке» [2,6].

В процессе перевода часто оказывается невозможным использовать соответствия слов и выражений, которые нам дает словарь. В подобных случаях мы прибегаем к трансформационному переводу, который заключается в преобразовании внутренней формы слова или словосочетания или же ее полной замене для адекватной передачи содержания высказывания. Достижение адекватности в переводе связано с умением грамотно идентифицировать переводческую проблему и осуществлять трансформации при переводе художественного текста.

Переводческие трансформации представляют собой особый вид перефразирования – межъязыковое, которое имеет существенные отличия от трансформаций в рамках одного языка.

Когда мы говорим об одноязычных трансформациях, то имеем в виду фразы, которые отличаются друг от друга по грамматической структуре, лексическому наполнению, имеют (практически) одно и то же содержание и способны выполнять в данном контексте одну и ту же коммуникативную функцию [7,3].

Несоответствия в структуре различных языков приводят к трудностям, связанным с сохранением и передачей значений слов при переводе на другой язык. Слово, как лексическая единица, является частью лексической системы языка. Лексические трансформации – представляющие собой отклонения от прямых словарных соответствий, вызываются главным образом тем, что объем значений лексических единиц исходного и переводящего языков не совпадает.

В холодный ноябрьский вечер Хаджи-Мурат въезжал в курившийся душистым кизячным дымом чеченский **не мирной** аул Макхет.

On a cold November evening Hadji Murad rode into Makhmet **a hostile** Chechen aul.

В данном примере переводчик сделал лексическую замену слова «не мирной» на английскую «a hostile».

Одна была жена Садо, та самая **не молодая** худая женщина, которая укладывала подушки.

One was Sado's wife – the thin **middle aged** woman who had arranged the cushions.

В этом примере мы видим, что переводчик дал нам антонимический перевод слова «не молодая» на английский «middle aged woman», который переводится как «женщина средних лет».

Из перечисленных примеров мы видим, что все они относятся к лексико-грамматическим трансформациям или к антиномическому переводу. Сущность антиномического перевода заключается в трансформации утвердительной конструкции в отрицательную или наоборот.

К следующему виду лексических трансформаций можно отнести лексические замены, то есть конкретизацию, генерализацию, если конкретизация – это замена слова или словосочетания языка оригинала с более широким значением слова или словосочетания языка перевода с более узким значением.

Народ боится послушаться Шамиля, и что поэтому надо быть осторожным.

The people were afraid to disobey **Shamil's orders** and therefore it was necessary to be careful.

В переводе на английский язык «Shamil's orders» здесь указывается, что Шамиль приказал поймать Хаджи-Мурата, и переводчик передает его по конкретизациям.

Генерализацией называют явление, обратное конкретизации, – замена единицы языка оригинала, имеющего более узкое значение на единицы языка перевода с более широким значением.

Куст «Татарина» состоял из трех отростков. Один был **оторван**, и, как отрубленная рука, торчал остаток ветви.

This «Tartar» plant had three branches. One was **broken** and stuck out like the stump of a mutilated arm.

Здесь можно видеть, что «оторван» был передан как «сломлен», то есть генерализацией.

В.Н. Комиссаров классифицирует переводческие трансформации на лексические и грамматические. Он отмечает, что основные типы лексических трансформаций включают следующие переводческие приемы: транскрипция, транслитерация и калька. Калькирование – это способ перевода лексической единицы оригинала путем замены ее составных частей – морфем или слов их лексическими соответствиями в языке перевода (green revolution – зеленая революция, mass culture как «массовая культура»).

В.Н. Комиссаров выделяет также лексико-семантические замены:

Аул – aul

Мурид – murid

Сакля – saklya

Красный бешмет – red beshmet

Бурка – burka

Кунак – kunak

Из вышеприведенных примеров мы можем видеть, что переводчик чаще всего использует транслитерацию.

К наиболее распространенным грамматическим трансформациям принадлежат: членение предложения, объединение предложений, грамматические замены (формы слова, части речи или члены предложения).

Теперь **надо** послать к русским человека с письмом.

Now we **must** sent a man with a letter to the Russians.

Данный пример нам показывает, что модальный глагол «надо» передан как «должен».

Хаджи-Мурат **внимательно** слушал и одобрительно кивал головой.

Hadji Murad listened **with attention** and nodded approvingly.

Перевод с русского наречия «внимательно» на английское существительное «с вниманием».

Следующий вид трансформации – это лексико-грамматическая трансформация, экспликация или описательный перевод, при которой лексическая единица языка в оригинале заменяется словосочетанием, эксплицирующим ее значение, то есть дающим более или менее полное объяснение или определение этого значения на язык перевода.

В то время как Хаджи-Мурат входил, из внутренней двери вышла немолодая, тонкая, худая женщина, в красном бешмете на желтой рубаше и синих **шароварах**, неся подушки.

As Hadji Murad entered the outer door, a slight, spare middle-aged woman in a yellow smock red beshmet, and wide blue trousers came through an inner door carrying cushions.

Так как англоговорящим странам не понятно русское слово «шаровары», передано оно как экспликацией, то есть «широкие брюки»

Также к грамматическим трансформациям можно отнести перестановку, опущение и добавление.

Навстречу ему **из двери быстро вышел лет пятнадцати мальчик** и удивительно уставился черными, как спелая смородина, блестящими глазами на приехавших.

A boy of fifteen, coming quickly out of the door, met him and wonderingly fixed his spackling eyes, black as a ripe sloe on the new arrivals (перестановка в предложении).

В следующем примере мы можем видеть как лексическую замену, так и опущение слова.

Вытерев руки чистым суровым полотенцем, **Хаджи-Мурат** подвинулся к **еду**.

Having wiped them on a clean unbleached towel Hadji Murad turned to the table.

– Наш мед хороший. Нынешний год из всех годов мед: и много и хорош, – сказал старик, видимо довольный тем, что Хаджи-Мурат ел его мед.

«Our honey is good», said the old man, **evidently pleased to see** Hadji-Murad eating his honey». This year, above all other years, it is plentiful and good» (добавление).

Пока гости ели, Садо сидел против **них** (опущение) и несколько раз благодарил за посещение.

Sado sat opposite and thanked them several times for **their** (добавление) visit.

Подводя итоги всему сказанному выше, необходимо отметить, что несовпадения в строе двух языков предоставляют большие трудности для перевода. Эти трудности колеблются в довольно широком диапазоне: от отдельных непереводаемых элементов до всего исходного текста решение таких проблем достигается умением правильно производить различные переводческие трансформации.

Анализ использования переводческих трансформаций в романе Л.Н. Толстого «Хаджи-Мурат» может быть представлен следующей схемой:

- 60% – грамматическая трансформация;
- 40% – лексическая трансформация.

Представленный анализ позволяет сделать заключение, что чаще всего при переводе используются трансформации, замены, перестановка, объединение, транслитерация, конкретизация. Немного реже используются добавление, компенсация, метонимический перевод.

Литература:

1. Арнольд И.В. Стилистика современного английского языка: «Иностр. Яз.» – 3-е изд. – М.: Просвещение, 1990. – 300 с.
2. Бархударов Л.С. Язык и перевод. – М.: Межд. отношения, 1975. – 240 с.
3. Бреус Е.В. Основы теории и практики перевода с русского языка на английский: 3-е изд. – М.: Изд-во Урал, 2002. – 208 с.

4. Вестник ИГЛУ. Вопросы теории и практики перевода. Сер. Лингвистика. – Иркутск: ГЛУ, 2001. – № 6. – 134 с.
5. Гак В.Г., Григорьев Б.Б. Теория и практика перевода. – М.: Высш. Школа, 1985.
6. Казакова Т.А. Практические основы перевода // Учеб. пособие. – СПб.: Союз, 2000. – 320 с.
7. Комиссаров В.Н. Теория перевода (лингвистические аспекты) // Учеб. пособие для институтов и фак-тов иностр. яз. / – М.: Высш. шк., 1990. – 253 с.
8. Копаев П.И., Беер Ф. Теория и практика письменного перевода. – Л.: Высш. шк., 1986. – 270 с.
9. Комиссаров В.Н. Лингвистика перевода. – М., 1980.

Түйіндеме

Мақала аударматанудағы аударма мәселелерін қамтиды. Автор лексикалық және грамматикалық трансформацияларды пайдалана отырып, Л.Н. Толстойдың «Қажы-Мұрат» шығармасын аудару жолдарын қарастырды және түпнұсқадан өзге тілге аудару арқылы оған талдау жасайды. Баламасыз лексика арқылы татар мен шешен халқының мәдениеті мен әдет-ғұрпын жеткізу жолдарын көрсетеді.

Summary

The article deals with methods of translation. The author used lexical and grammatical transformations from source language into target language and showed ways of translating the novel of L.N. Tolstoy «Khadji-Murat». Using transliteration and loan translation the author retained the value of culture and traditions of Tatar and Chechen people.

ӘОЖ 894.342

МҰХАМЕДЖАН ҚАРАТАЕВ – КӨРКЕМ АУДАРМА ӨНЕРІНІҢ ТЕОРЕТИГІ

А.Б. ШАНДЫБАЕВА,

филология магистрі,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Академик «сарабал сыншы» Мұхамеджан Қаратаев шығармашылығының ендігі бір қыры – көркем аударма. Көзі тірісінде ол М. Шолоховтың «Тынық Дон», М. Горькийдің «Менің университеттерім» атты шығармаларын аударғанын көпшілік жақсы біледі. Алайда біз сыншының көркем аударманың теориялық мәселелеріне қатысты айтқан пікірлеріне назар аударғанды жөн көрдік. Яғни, мехнаты мол жұмысқа кіріспестен бұрын сыншы, алдымен, көркем аударма дегеніміз не, оның принциптері мен міндеттері қандай, оның бастау көзі кімнен және неден басталады, нағыз аудармашы болу үшін нені білу керек деген сияқты сұрақтарға жауап іздеді. «ХІХ ғасырдың аяқ кезінде Абай аудармалары қазақ әдебиетінде болған үлкен оқиға екенінде талас жоқ» деп басталатын 1937 жылы жарық көрген «Пушкин мен Абай» атты мақаласы сол ізденістің алғашқы бастамасы десек болады [1, 90-б.]. Сыншы «Пушкин поэзиясында В. Белинский тапқан халықтық, сатира, көркемдік деген үш элемент Абайдың поэзиясында да табылады» дей келіп, екі ақынның шығармаларын тақырыптық, идеялық, көркемдік тұрғысынан салыстырады [1, 91-б.]. «Өмір, адам деген тақырып – Пушкиннің де, Абайдың да сүйетін қызық тақырыбы. Екеуі де шын көңілімен жарқын өмір, бақытты, ерікті адам үшін күреседі. Екеуінің де шығармаларында халықтың үміті, тілегі көрініп тұрады... Олардың поэзиясында ерлік, сүйіспеншілік, туысқандық, намыс, еңбекке, білімге, Отанға сүйініш оттай жалындап тұрады» деп ой түйеді [1, 91-б.]. Бұдан кейін автор Қазақ-кеңес әдебиетіндегі Пушкин шығармаларын аударған басқа да қазақ ақындарының қайсысының болмасын Абайдан айырмашылығы ретінде олардың «Пушкин

текстін мүмкін болғанша толық және дәл аудару» екеніне баса назар аударады. М. Қаратаев мақаласын Абай аудармаларының қазақ әдебиеті үшін маңызын түсіндірумен аяқтайды.

Ғалымның аударма өнеріне қатысты бұдан да басқа тағы бірқатар мақалалары бар. Атап айтсақ, 1983 жылы жазылған «Көркем аударма мәселелері» атты мақаласында автор көркем аударманың теориялық мәселелері турасында ой қозғайды. Мұнда М. Қаратаев соңғы 60 жылдағы қазақ әдебиетінің көркем аударма саласында қол жеткізген жетістіктері мен кемшіліктеріне тоқталады. Қазақшаланған туындылар мен тәржімалаушылар жайында айта келіп, сыншы тәржімаланған шығармалардың санын емес, сапасын ерекше назарда ұстады. Науқаншылық дегеннен аулақ болуға шақырған ол: «Аудармамен шұғылданатындардың ең басты міндеті – көркем аудармаға өнер деп қарап, сол көзқарасты әрі күнбе-күн, әрі ұдайы сіңіру және соны күнделікті аударма ісінде нақты түрде тұрақтандыру» дейді [4,122-б.]. Көркем аударманы өнер деп таныған ол бұл іспен тек суреткерлік қабілеті бар адамдар ғана айналысуы керек деп пайымдайды. Одан әрі автор тәржімалаушылардың есімін саралай келіп, өзін түгелдей аударма жұмысына арнаған дарындар деп орыс әдебиетінде Л. Пеньховский, В. Державин, қазақ әдебиетінде Ғ. Ахметов, Х. Өзденбаев, М. Жанғалин, Қ. Сағындықов, Ә. Сатыбалдиевтерді атады. Және ғалым, сыншы жас мамандарды даярлауға айтарлықтай көңіл бөлінбей келе жатқанына өкініш білдіреді. Сондай-ақ бұрын аударылған туындылардың сапасына сын көзбен қарап, оларды әлде де шыңдау керек деген талап қояды. Соның ішінде, әсіресе Абай аудармаларын түбірімен қайта қарап шығу «ғылыми жұртшылықтың мемлекеттік міндеті болуға тиіс» деп атап көрсетеді. М. Қаратаевтың тағы бір ерекше назар аударған мәселесі – шығарманың аударылу барысында ұлттық ерекшелігінің сақталуы. Автор М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын мысалға ала отырып, «Шығарма дұрыс аударылғандықтан, дүниежүзілік даңқы бар шығармаға айналды» деп аудармашы жауапкершілігі туралы сөз қозғайды. Көптеген сәтсіз шыққан аудармаларды саралай келіп, М. Қаратаев В. Белинскийдің бір пікірін мысалға келтіреді: «Оңбаған кітап жақсы аударылса да, жақсы кітап жаман аударылса да бәрібір үлкен өкініш». Сыншы тәржімамен айналысып жүргендерді осындай орны толмас өкінішке ұрынып қалмайық деп сақтандырады. Одан әрі Мұхаң «Аудармаға автор мен аудармашы бірлесіп кіріссе немесе автор қатыспай-ақ, қазақ пен орыс аудармашылары қосыла қатысса, шығарма сәтті шығады» деген ой айтады. Оның дәлелі деп сыншы «Абай жолы» роман-эпопеясын аударуға М. Әуезов пен Л. Соболевтің, А. Никольскаяның, З. Кедринаның бірлесіп жұмыс істеуін, сол сияқты С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романын С. Талжанов пен И. Щеголихиннің жұмыла кірісуін айтады. Яғни, автор әдеби аудармашы түпнұсқа тілін жақсы білуі керек немесе жақсы білетін аудармашылармен бірлесіп жұмыс істеуі қажет, сондай-ақ халықтың суреттеліп отырған өмірін, тұрмыс-салтын білудің мәні зор деп біледі. Мақаласын М. Қаратаев «Көркем аударманың өте маңызды проблемаларын арман-мүддеге сай ойдағыдай шешудің басты шарты әдеби таланты бар, екі тілді бірдей білетін аударма кадрларын даярлау болып табылады. Ол үшін табанды да тұрақты жұмыс қажет» деп тәмамдайды [4, 128-б.]. Осы ойдың жалғасын біз сыншының «Аударма ауқымы» деп аталатын мақаласынан табамыз. Автор қазақ тілінен орыс тіліне аудару, соның ішінде қазақ прозасының аударылу мәселесін көтереді. «Орыс тіліне аударылу – қазір қазақ әдебиеті үшін ең мәнді, өмірлік маңызы бар мәселе. Ал оның таңдаулы үлгілерінің жемісі бүкілодақтық және бүкіләлемдік аренаға шығу жолындағы бірден-бір қақпа болып отыр» деп есептеген Мұхаң аудармашыларға қоятын талаптарын күшейте бастады. Бұрын айтқан шарттарына автор енді «Сонымен қатар ол аударма жұмысын мейлінше сүюі, оған саналы түрде адал қарауы және жазушының ішкі творчестволық дүниесіне терең енуі тиіс» дегенді қосады [2,252-б.]. Сондай-ақ мақалада жолма-жол тәржіма жасау жайы, осындай әдіспен жасалған аударма шығармалар туралы сөз болады. М. Қаратаев жолма-жол аударманы көркем шығарманы орыс тіліне тәржімалаудың бірінші сатысы дегенмен, сөзбе-сөз нүктешілдіктен аулақ болуға шақырады. Ол бірқатар жолма-жол аударылған шығармаларды сараптай келіп, олардың жетістіктері мен кемшіліктеріне тоқталады. Мақаласының соңында автор «Көркем аударма жұмысы байсалды сөз болған тұста аудармашылар еңбегінің төлемі жөнінде де сөз ете кеткен жөн. Қаламақыны ең төменгі бағамен қою және оның үстіне жолма-жол аударма үшін біраз ақшаны тағы ұстап қалу аударманың сапасын көтеруге септігін тигізбесе керек. Меніңше, жақсы аудармаларға мейлінше қолдау көрсетіп, оларға қаламақыны тәуір бағамен қою шарт. Қажет болған жағдайда, тіпті тиражы үшін де төленетін болса. Сонымен қатар, сапасыз аудармалар баспаға қабылданбаса» деген ұсыныс айтады [2, 278-б.]. «Адамзат мәдениетінің жаршысы» мақаласында сыншы көркем аударманы ұлттар мен халықтар достығын нығайту құралы деп

біледі. М. Әуезовтің аудармашылық өнеріне арналған бұл мақалада М. Қаратаев сөзбе-сөз нүктешіл тәржіманы тірі адамдардың орнына қойылған қатырғы қуыршаққа балайды. Сондай-ақ көркем аударма секцияларын көбейту керек, сонымен қатар, «Қай тілде болсын шыққан нәрселердің бәрі бірдей орыс тіліне аударуға немесе дүниежүзілік сахнаға шығаруға жарай бермейді. Мұндай істі бетімен жіберудің зиянынан басқа пайдасы жоқ» деп бұрын айтқан пікірін одан әрі өрбіте түседі [3, 126-б.]. М. Әуезовтің көркем аударма өнері мен теориясына сіңірген еңбегі жайында айта келіп: «Сөз зергері М. Әуезов орыс және дүние жүзі классиктерін аудару арқылы Қазақстанда аударма жұмысын алға бастырды, түпнұсқаға өте жуық, өте ұқсас, аса терең, аса нәзік, өте сәтті аударма үлгілерін жасады» деп жоғары бағалайды. Сондай-ақ М. Қаратаев «Туған әдебиет туралы ойлар» атты мақалалар жинағында да аударма мәселесіне көп көңіл аударған. Некрасовтың «Орыс әйелдері» поэмасының аудармасы жөнінде, Шолоховтың «Тынық Дон» романының аудармасы туралы терең талдауларынан оның көркем аударма өнерінің жақсы маманы екені аңғарылады.

Қорыта айтқанда, академик Мұхамеджан Қаратаев тек сыншы не аудармашы ретінде ғана емес, сондай-ақ қиын да күрделі әрі жауапкершілігі мол көркем аударма өнерінің теоретигі ретінде өзінен кейін мол мұра қалдырды. Бұл мақалалар, ойлар мен пікірлер бүгінгі таңда да құнды, бүгінгі таңда да маңызды. Қазақ өнері өмір сүрер болса, сол өнер құрамында көркем аударма да заман көшіне ілесер болса, М. Қаратаевтың көркем аударма туралы ой-пікірлері солармен бірге жасайды және көркем аударма көшінің талапқа сай болуына қызмет ете берері анық.

Әдебиеттер:

1. Қаратаев М. Таңдамалы шығармалар. Үш томдық. I том. – Алматы: Жазушы, 1974.
2. Қаратаев М. Таңдамалы шығармалар. Үш томдық. III том. – Алматы: Жазушы, 1974.
3. Қаратаев М. Әдебиет және эстетика. Әдеби сын-зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1970.
4. Мәуленов С. Туған әдебиет туралы ойлар. – Алматы: Жазушы, 1991.

Резюме

В статье рассматриваются научные труды академика, ученого, критика М. Каратаева в области художественного перевода. Ученый уделяет особое внимание требованиям, предъявляемым к переводчику, определению способов художественного перевода, проблеме сохранения национальной специфики оригинала. Вместе с тем критик высказал ценные замечания по поводу переводов Абая и перевода романа-эпопеи М. Ауэзова «Путь Абая».

Summary

This article considers scientific works of academician, scientist, critic M. Karatayev in the sphere of artistic translation. Scientist pays special attention to translator requirements, determining ways of artistic translation, and problems of national identity preservation. At the same time, he expressed valuable remarks concerning Abai's translations and translation of M. Auezov novel «Path of Abai».

ӘОЖ 159.93:373.2:394.3

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ӘРЕКЕТІН ДАМУЫ

Ж.О. АСЫЛБЕКОВА

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Қазіргі заманда жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру әлеуметтік құрылымның ең маңызды міндеттерінің біріне айналды.

Бүгінгі таңда ХХІ ғасыр табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие мен білім беруді жетілдірудің басым бағыттарын айқындап, педагогика ғылымында ұлттық сананы қалыптастырудың көкейкесті мәселелерінің бірі болып отырғаны анық. Сондықтан келешек ұрпақты ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбиелеу қажет. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеялары еліміздің президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» халыққа жолдауында былай деп жазылған: «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн».

Олай болса, басты мақсат – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу. Мектепке дейінгі мекемелерде адамгершілік тәрбиесі тәрбиелеу және білім беру үрдісінде әр түрлі іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады [1]. Олармен ойынның әр түрін ұйымдастыра отырып, бір-біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, достық, жолдастық сезімдерді тәрбиелеуге болады. Ал балаларды қоршаған ортамен таныстыру, тіл дамыту, табиғатпен таныстыру, бейнелеу өнері сабақтарында өлі-тірі табиғатқа деген сүйіспеншілік, үлкендердің еңбегіне қызығу мен сыйластық сияқты адамгершілік сапалары қалыптастырылады.

Қазақ ауыз әдебиетіндегі, әсіресе балалар фольклорын дамытушы негізгі бір сала – балалар ойыны. Ойын – балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғышарты және халықтың салтын үйренуде, табиғат құбылысын тануда олардың көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділік пен тапқырлықтарын дамытады. «Адам өркениетке бейім болуы үшін балалық шақты бастан кешуі міндетті, егер ойын мен қызыққа толы балалық шақ болмаса, ол мәңгілік жабайы болып қалған болар еді» деп К. Чуковский бала денесінің дамуы мен ой-дүниесінің өркен жаюы ойынға тікелей тәуелді екендігін атап көрсеткен.

Қазақ халқының жылдар бойы атадан балаға жалғасып, қалыптасқан ұлттық дәстүрі, әдет-ғұрпы, тәрбие мектебі бар. Баршамызға белгілі, ойын арқылы баланың дене құрылысы жетіліп, өзі жасаған қимылына сенімі артады. Баланың бойында ойлау, тапқырлық, ұйымдастырушылық, шыдамдылық, белсенділік қасиеттер қалыптасады. Ойын дегеніміз – жаттығу, ол арқылы бала өмірге әзірленеді.

Халық жасаған мұралар сан алуан. Аға ұрпақ өз білгенін, өз көкейіне тоқығанын кейінгі буынға мирас етіп, іс-әрекет үстінде көзін қанықтыра беруден бастаған. Солардың бірі – ұлт ойындары халықтың сәби шағымен бүгінгі өскелең дәуірінің куәсі ретінде, адам баласының фантазиялық ой-жүйесінің заңды жалғасы ретінде оны үйретудің тәжірибеде пайдаланудың үлкен білімділік, тәрбиелік маңызы бар.

Ойынға тек ойын деп қарамай, халықтың асыл қазынасы, бір жүйеге келтірілген тамаша тәрбие құралы деп қараған орынды. Бұл пікірім жалаң болмас үшін заманымыздың заңғар жазушысы, ұлы ойшылдарымыздың бірі Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің мына бір пікірін еске ала кетейін: «Біздің заманымыздың өмір кешкен ұзақ жолында өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген, менің

түсінуімше, көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір мағыналары болған».

Халқымыздың ұлттық ойындарында ұрпақ камын ойлаған, бір жүйеге келтіріліп өрнектелген ой мен әрекеттің, құпия философияны түсінуге жетелейтін адамгершілік үлгі-өнегенің желісі бар. Жас бала ойынға алдымен үйренуші, көруші өсе келе соған белсенді қатынасушы келесі кезенді үйретуші, жаттықтырушы, ұлғая келе көруші жанкүйер ретінде қатынасады. Кейінгі кезде ұлт ойындарына көңіл бөлмеу нәтижесінде көбі ұмыт болып, мүлде жоғалуға жуық.

Ұлт ойындарын жанұя тәрбиесінен бастап, балабақшада түрлі тәрбиелік шараларда қосымша материал ретінде пайдаланып келеміз. Ұлттық мұраның бай қазынасының бірі – халықтың ұлттық ойындары көп салалы, көп қырлы құбылыс, ол тек ойындық сала емес, мәні жағынан да балабақша тәрбиеленушілерінің рухани өресі кең өсіп-жетілуіне, эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға тәрбиелейтін негізгі құралдардың бірі. Ұлы педагог В. Сухомлинский «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, қиялсыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды» дейді, демек, шәкірттің ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы байи түспек. Фольклортанушы ғалым Ө. Диваев «Қазақ балаларының ойындары» деген еңбегінде адамның жас ерекшелігін үш топқа бөледі: «...Өмірге келгеннен бастап жеті жасқа дейінгі бала, жеті жастан он бес жасқа дейінгі балалар, он бес пен жиырма жас аралығындағы жастар...». Осының негізінде қазақтың ұлттық ойындарын үш топқа бөліп қарастырып, бірінші топқа сол жастағыларға лайықты санамақ, тәй-тәй, айгөлек, соқыр теке, қуырмаш, алақан соқпақ, ақ серек-көк серек, т.б. ойындарын, ал одан кейінгі топқа тақия тастамақ, тартыс, сиқырлы қоржын, бәйге, көкпар, асық, хан талапай, теңге алу, қыз қуу, орамал тастамақ, ақсүйек, күрес, т.б. ойындарын жатқызуға болады. Мұндай ойындар баланы тез ойлауға, тапқырлыққа баулып, жаңа тақырыптарды жылдам меңгеруге ықпал етеді, сөз тіркесіне, ұйқастыруға дағдыландырады. Мысалы, «Соқыр теке» ойыны арнайы сызылған шеңбердің ішінде ойналады. Жүргізуші «Тентек текені» ортаға шығарып, көзін таңа бастағанда, ол былай деп әндетеді:

*Қараңғыда көзім жоқ,
Маған жақын келіңдер,
Тиіп кетсем сөзім жоқ,
Бір қыз ұстап беріңдер!..*

Көзі байланған «Соқыр текені» айнала қоршап тұрғандар мазақтап:

*Соқыр, соқыр, соқырақ,
Тотияйын салайын,
Оң көзіңе топырақ,
Ал, ұстап көр, батырым,
Топырағын алайын,
Міне, келе жатырмын! –*

деп өлеңді айтып болысымен әр жаққа қашады, ал «Соқыр теке» олардың бірін ұстауға тырысады. Ұстаған баласы оның орнына тұрады, сөйтіп, ойын жалғаса береді [2].

Қазақтың ұлттық ойындары халықтың еңбек, шаруашылық үрдісіне байланысты туғандықтан, оның түрі мен мазмұны төзімділікке, батылдыққа, ұстамдылыққа, тапқырлыққа және мейірімділікке баулитын сипатта болады. Мұның өзі көңілге кеңдік пен дарқандық ұялатады. «Сайыс», «Аударыспақ», «Бәйге», «Көкпар тарту», т.б. ойындары үлкен адамдарға тән дегенімізбен, оның көріністері мен мәні бала ойынының репертуарынан да тиянақты орын алған. Балабақшадағы топта ойналып жүрген «Ақ серек пен көк серек», «Қазан доп», «Күшің жетсе, үзіп кет», «Арқан тарт», «Алақан соқпақ», «Жаңылма», «Байқап қал», т.б. ойындар баланың белсенділігін жебеп, жігерін қайрап, қапияда жол таба-

тын тапқырлыққа, аңғарымпаздыққа баулиды. Ойындағы ұтқырлық, екінші жағынан, өнер. Халықтың аңсаған арман-тілектеріндегі, іс-әрекеттеріндегі атрибуттар бала ойынынан көрінісін табумен қатар тікелей әрекетіне айналады.

Халық ойындарына тән сипат өмірге үйлесімділік шындықтан туындайды. Онда қойылған талаптарды орындау барысында дене ширап, көңіл көтеріліп, дербестік дамып, баланы ұғымталдыққа ұмтылдырады. Әсіресе, «Тоғыз құмалақ», «Ептілік», «Айтыс» ойындарында балаларды тапқырлыққа, математикалық ойлау заңдылықтарына баулуда, салыстыра айтсақ, бұлар «Шахмат», «Дойбы», т.б. ойындардан артпаса, кем түспейтін ұлттық ойындар қатарынан өзінің сыбағалы орын алатындығына қазіргі балабақша тәжірибелері көзімізді жеткізіп отыр.

Халықаралық ойындар санатына қосылмағанымен де, асықпен ойналатын қазақтың ұлттық ойындарының балабақша үшін және жанұялар үшін мәні зор. Дене ширатуда, түсті ажыратуда, дәлдікке үйретуде, ұстамдылық көрсетіп тиісті тәртіп сақтауға баланы машықтандыратын «Хан», «Жиырма бір», «Алтын сақа», «Ханталапай», т.б. асық ойындары – ойлау мен қимыл әрекеттің тұтаса келіп тоғысатын тәлімдік, тәрбиелік үйлесімі басым, бала үшін қызықты ұлттық, мәні зор ойындар.

Ойын кезінде бала белсенді қарым-қатынаста болады, оның әсері ерік-жігеріне, эмоциясына ықпал етіп, олардың жақсы-жаманды ажыратып, адамгершілік әдептеріне жаттығуына ықпал етеді. Ойын арқылы баланың бойына сіңірген машығы – тәуелсіздікке қолы жеткен елдің ертеңгі азаматының азаматтық келбетінің бастауы, болашақ бағыт-бағдарының қозғаушы күші.

Сондықтан елдің болашағы тәрбие ісіне тәуелді. Тәрбие ісіне келелі міндеттер жүктелгендігін ескеріп қазақ балабақшасына арналған «Балбөбек» бағдарламасында былай деп көрсетілген: «...Жаңа қоғам мүддесіне лайық, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана, ұлттық психология қалыптасқан ертеңгі қоғам иелері боларлық парасатты азамат тәрбиелеп өсіру – отбасының, балабақшаның, барша халықтың міндеті». Бұл талаптардың жүзеге асуы, алдымен, тәрбие ісіне басшылықтың педагогикалық тұрғыдан жасалуына, оның дұрыс ұйымдастырылуына тікелей байланысты болса, екінші жағынан, жүргізілетін тәлім-тәрбие ісінің мазмұнына және оны баланың қабылдап меңгеру мүмкіндігі мен қажетін өтеудегі үйлесімдігімен шарттас [3].

Балалық кезеңдегі тәрбие ісін жүзеге асырудың тиімді жолы ойынға байланысты болғандықтан, педагогтар бір ауыздан «ойын – тәрбие ісін жүзеге асырудың тиімді құралы» деп пайымдайды. Өйткені мектепке дейінгі жастағылардың тәрбиесі мен дамуын ойынсыз жүзеге асыру мүмкін емес.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі Білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. – 2003. 26 желтоқсан.
2. Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Қайнар, 1994. – 48 б.
3. Ноғайбекова Б.Ж., Мақсұтова Г.К. Балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Балбөбек» бағдарламасы. – Астана, 2010. – 157 б.

Резюме

В статье рассмотрены вопросы развития познавательных действий детей дошкольного возраста с помощью казахских национальных игр. Раскрыта роль многовековых традиций и наследия казахского народа в области воспитания детей. Показана роль национальных игр как одного из важнейших инструментов воспитания подрастающего поколения. Даны рекомендации по широкому внедрению возрожденных национальных игр в воспитательный процесс детских дошкольных учреждений.

Summary

The article deals with the development of cognitive activities of preschool age children with Kazakh national games. The article considers the role of centuries-old traditions and heritage of the Kazakh people in the sphere of children education. There has been shown the role of the national games as one of the most important instruments for nurturing the younger generation. There is the recommendation on the widespread adoption of restored national games in the educational process of children's preschool institutions.

ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ӨНДІРІСТІК МАЗМҰНДЫ ЕСЕПТЕР ШЕШУДЕГІ САБАҚТАСТЫҚ

Б.Е. ТҮРБАЕВ,

физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент,

Қ. ҚАНИБАЙҚЫЗЫ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,

Г. ЖАҢАБАЕВА

№ 127 орта мектеп,

Қызылорда қаласы

Тұлғаны қоғамның мүддесі мен қажеттіліктеріне сәйкес қалыптастыру үздіксіз көп деңгейлі кәсіби білім беру бағдарламаларының сабақтастығына тікелей байланысты [1].

Білім беру жағдайының өзгерістері сабақтастықты ең өзекті мәселелердің қатарына көтерді. Оның төмендегідей себептері болды:

- білім берудің қазіргі жүйесіндегі білім беру мекемелерінің әр типтілігі;
- оқу-тәрбие үдерісінің нысандары мен субъектілерінің түрліше сипаттылығы;
- педагогикалық әрекеттің екі жүйесінің (пәндік-бағдарлы және тұлғалық-бағдарлы) қарама-қайшылығы.

Әдетте сабақтастық ұғымы табиғаттағы, қоғамдағы және танымдағы даму үдерісінде құбылыстардың арасындағы байланыстарда жаңаның ескіні ауыстыра отырып, оның кейбір элементтерін өзінде сақтап қалу жағдайы ретінде түсіндіріледі. Бұл анықтама педагогикалық үдерістің ерекшеліктеріне байланысты өзгешелігі бар педагогикалық сабақтастықтың мән-мағынасын түсінуге негіз болып саналады.

Сабақтастық:

- ол бірінші кезекте ғылымилық, жүйелілік, бірізділік, түсініктілік сияқты ұстанымдардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін білім берудің қағидасы болып табылады;
- біртұтас жүйенің элементтері ретінде жаңа және ескі білімдердің арасында байланыстар орнатады;
- әрбір сабақта және курстың әр түрлі тақырыптарында берілетін білімдердің арасындағы, әр түрлі пәндердің материалдарының арасындағы байланыстарды анықтайды;
- білім берудің әрбір келесі кезеңінде білім алушыларды өткеннің деңгейінде кідіртудің қажеті жоқтығын көрсетеді: жаңа материалмен сабақтастықта жұмыс істеу үдерісінде ескіні еске түсіру пайдалырақ болады;
- бағдарламалар мен оқулықтарды сәйкестендіруді, материалды қайталау-қорытындылау сабақтарын өткізу сияқты тәсілдерді қолдану жолымен бірізді байланысты жүзеге асырады.

Сабақтастық оқу-тәрбие үдерісінің заңдылығы болып табылады, себебі кейінгінің алдыңғымен байланысы белгілі бір үдерістің барысында пайда болатын және көрініс табатын ең берік, мәнді, жалпы, қажетті, қайталамалы, объективтік байланыстар мен қарым-қатынастардың көрінісі болып саналады. Мұндай байланысты жүзеге асырудың негізіне алынатын сабақтастық заңдылығы оның шарты болып табылады.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессорлары мен оқытушылары және студенттеріне арнап оқыған дәрісінде «Біздің ендігі міндет – қазақстандықтардың, бірінші кезекте жастардың білімділікке, интеллектіге, Отан мен халыққа қызмет етуге деген көзқарастарын өзгерту».

Орта білім белсенді, білімді және табыстарға бағдарланған тұлғаларды тәрбиелеуге жауап береді. Оқушылар «ешқашан бастауды тоқтатпа, ешқашан тоқтатуды бастама» деген ақиқаттан адаспаулары тиіс [2].

Осы тұрғыда математика пәні жан-жақты дамыған, білімді және тәрбиелі, түрлі мамандықтармен, кәсіп түрлерінен мағлұматты жас жеткіншектер дайындауда жалпы білім беретін мектептер алдында тұрған міндеттерді орындауға үлкен үлес қосуға міндетті.

Жоғарыда айтқан білім беру деңгейлері мен сабақтастықтың көрінісі ретінде әр түрлі сыныптардағы математиканың қолданбалылық бағытындағы бірнеше мысалдарды қарастырайық.

1-мысал. Күн сайын сағат 12-де А пристанынан В пристанына қарай өзен бойымен жолаушылар катері кетеді. А-дан В-ге дейінгі барлық жолды катер тоқтаусыз сағатына 12 км жылдамдықпен жүреді. В пристанында 2,5 сағ аялдап тұрады да, катер кейін қайтады; сөйтіп, барлық жолды сағатына 15 км жылдамдықпен тоқтаусыз жүріп отырып, сол күні сағат 19-да А пристанына келеді. А-дан В-ге дейінгі аралықты табындар.

Шешуі: Егер екі пристанның аралығын x км десек, онда катердің А-дан В-ге дейін жүрген уақыты $\frac{x}{12}$ сағ, ал кері жүрген уақыты $\frac{x}{15}$ сағ.

Катер жолда барлығы 4,5 сағ болғандықтан ($19 \text{ сағ} - 12 \text{ сағ} - 2,5 \text{ сағ} = 4,5 \text{ сағ}$), мынадай теңдеу құруға болады:

$$\frac{x}{12} + \frac{x}{15} = 4,5; \quad \text{Бұл теңдеуді шешсек, } x = 30 \text{ аламыз.}$$

2-мысал. Алты қырлы темір бұранданың қырының ұзындығы $a = 15,6$ мм, биіктігі $H = 13$ мм. Темірдің тығыздығы $\mu = 7,8 \frac{\text{кг}}{\text{м}^3}$ болса, бұранданың салмағын табыңыздар.

Шешуі: Темір бұранданың көлемі дұрыс алтыбұрышты призма мен цилиндрдің көлемдерінің айырымына тең екендігін ескереміз.

Сонда призма көлемі $V = SH$ цилиндрдің көлемі $V = \pi R^2 H$. Жай түсініктерден кейін $S = \frac{3\sqrt{3}}{2} a^2$ болатыны шығады.

$$V = V_{\text{призма}} - V_{\text{цилиндр}}$$

$$V = \frac{3\sqrt{3}}{2} a^2 H - \frac{\pi d^2}{4} H.$$

Берілмдері бойынша есептесек, $V = 0,005 \text{ м}^3$.

Физика формуласын ескерсек:

$$P = \mu \cdot V; \quad P = 0,005 \text{ м}^3 \cdot 7,8 \frac{\text{кг}}{\text{м}^3} = 0,04 \text{ кг.}$$

Жауабы: Бұранданың салмағы 40 гр болады.

3-мысал. Мыстың қалайымен қорытпасының массасы 12 кг, мұндағы мыстың құрамы 45% . Жаңа қорытпадағы мыстың құрамы 40% болуы үшін бастапқы қорытпаға қанша таза қалайы қосу керек?

Шешуі: Бастапқы қорытпаға қосылатын таза қалайының массасы x кг болсын. Сонда құрамында 40% болатын жаңа қорытпаның массасы $(12+x)$ кг болады. Олай болса жаңа қорытпадағы мыс $\frac{40}{100}(12+x) = 0,4(12+x)$ кг. Массасы 12 кг бастапқы қорытпада 45% мыс, яғни $\frac{45}{100} \cdot 12 = 0,45 \cdot 12$ кг мыс бар еді. Мыстың массасы бастапқы және жаңа қорытпаларда бірдей болғандықтан мына теңдеуді аламыз:

$$0,4(12+x) = 0,45 \cdot 12$$

Бұл теңдеуді шешсек, $x = 1,5$ аламыз. Сонымен, бастапқы қорытпаға 1,5 кг таза қалайы қосу керек.

Таким образом, государственное управление привлечения и использования капитала и инвестиций из зарубежья является важнейшей сферой деятельности государства. Только правильное, построенное на экономических принципах и программно-концептуальной основе регулирование международного кредитования и предпринимательства способно оказать содействие экономическому развитию страны, не превратив капитал и инвестиции в средство разорения государства со слаборазвитой экономикой.

На уровне республики центральным исполнительным органом, уполномоченным на выполнение функций управления и контроля за реализацией государственной инвестиционной политики, является Комитет по инвестициям Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан.

Приоритетами Комитета по инвестициям являются:

- улучшение инвестиционного климата Казахстана;
- привлечение прямых иностранных и отечественных инвестиций в экономику республики;
- государственная поддержка прямых иностранных и отечественных инвестиций;
- содействие инвесторам в реализации инвестиционных проектов;
- содействие инвесторам в соблюдении их прав и гарантий.

К задачам, решаемых Комитетом по инвестициям, относятся:

– участие в разработке и реализации стратегии развития и инвестиционной политики Республики Казахстан;

- разработка и реализация мер по улучшению инвестиционного климата в Казахстане;
- разработка и реализация мер стимулирования прямых инвестиций;
- проведение активной рекламно-информационной кампании об инвестиционных возможностях в Казахстане;

– создание эффективной системы взаимодействия с инвесторами, содействие в обеспечении соблюдения гарантий, а также в защите прав и интересов инвесторов;

– организация учета и отчетности по привлечению и использованию прямых инвестиций.

Для решения этих задач на Комитет по инвестициям возложено выполнение следующих функций:

- анализ движения потоков прямых иностранных и отечественных инвестиций;
- подготовка предложений по реализации мер, направленных на улучшение инвестиционного климата;
- рекламно-информационная работа по привлечению прямых инвестиций;
- оказание государственной поддержки прямым инвестициям в приоритетных секторах экономики;
- переговоры по привлечению прямых инвестиций в Республику Казахстан и заключению контрактов;
- рассмотрение заявок инвесторов на предоставление льгот и преференций в приоритетных секторах экономики, а также заявок на получение прав недропользования;
- экспертиза контрактов и иных документов, касающихся инвестиционных проектов;
- подготовка и заключение контрактов;
- координация работы центральных и местных исполнительных органов, дипломатических миссий и хозяйствующих субъектов Республики Казахстан в вопросах привлечения и использования прямых инвестиций.

В регионах (областях) выполнение функций управления и контроля за реализацией государственной инвестиционной политики возложено на областные управления экономики и развития предпринимательства.

В сфере государственной инвестиционной политики они решают следующие задачи [3]:

- разработка стратегического плана развития инвестиционных и инфраструктурных проектов в соответствии с Государственными программами развития промышленности;
- разработка предложений по организации инвестиционных и инфраструктурных проектов по линии международных финансовых организаций и участие в переговорах с этими организациями;
- создание и поддержание единой базы данных по инвестиционным проектам;

- создание условий для максимального использования местных ресурсов в процессе реализации инвестиционных и инфраструктурных проектов;
- разработка стратегического плана по ВЭС и инвестиционной деятельности с определением приоритетных секторов экономики для привлечения инвестиций на средне- и долгосрочную перспективу;
- привлечение иностранного капитала для создания новых, реконструкции и модернизации действующих предприятий, определение стратегических инвестиционных приоритетов, перечня инвестиционных проектов, имеющих общенациональное и социальное значение;
- взаимодействие и сотрудничество с представителями иностранных фирм, работающих в области и осуществляющих инвестиционное финансирование;
- реализация инвестиционной Программы области с использованием заемных средств и инструментов фондового рынка;
- создание благоприятного инвестиционного климата, условий для укрепления и развития сотрудничества, вложения капитала.

Литература:

1. Закон Республики Казахстан о государственной поддержке прямых инвестиций. – Астана, 1997.
2. Саханова А. Развитие механизмов финансирования инвестиций // Банки Казахстана. – 2003. – № 11. – С. 18-23.
3. Текенов У.А. О системе взаимоотношений иностранных инвесторов, республиканских и местных органов управления в инвестиционной сфере регионов // Казахстан-Спектр. – 2003. – №3. – С. 57-63.

Түйіндеме

Мақалада инвестициялық процесті басқарудың стратегиялық мәселелері сөз етілген және мемлекеттің макроэкономикалық саясатына әсер ететін негізгі көрсеткіштер берілген. Әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, экономикадағы инвестициялық қызметтің бірнеше базалық механизмдері қарастырылған. Сонымен бірге осы базалық механизмдер сүйенетін қағидалар ұсынылған.

Summary

The article deals with mechanisms of strategic management considered by investment processes and the cores from them, which influence on the macroeconomic policy of the state. Taking into account world experience it is possible to allocate some base mechanisms of strategic management of investment activity into market economy. Thus, the basic mechanisms have been recommended the submitted principles.

БАНК САЛАСЫНДАҒЫ МАРКЕТИНГТІК ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН БАҒЫТТАРЫ

Б.Т. ЖҮНІСОВА,

экономика магистрі,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Банктік сферасындағы маркетинг ерекшелігі ең алдымен банк өнімі спецификасына шартталады. Біздің әдебиеттер мен тәжірибеде «банк өнімі» деген термин нарықтың экономикаға көшкеннен кейін пайда болды. Банк өнімі – бұл банк іске асырған кез келген қызмет пен операция.

Банк сферасындағы маркетинг ерекшелігі ең алдымен банк өніміне байланысты. Ол банк жасаған кез-келген қызмет не операция банк әкімшілігі мен оның барлық қызметтерінің саясатының мақсаты – клиенттерді тарту, өз қызметтерін тарату сферасын кеңейту, нарықты жаулап алу, алынатын түсімді көбейту болып табылады. Осыдан келіп мәні мен мақсаты қаржы нарықтарында бәсекелестігі күшейіп бара жатқан банк маркетинг жұмысының тиімділігі келіп шығады. Маркетинг – үлкен дайындықты, терең және жан-жақты талдауды қажет ететін, банк бөлімшелерінің басшысынан төменгі бөліміне дейін белсенді жұмыс істеуді қажет ететін банк философиясы мен стратегиясы. Маркетингтік бағыт банктің өз өніміне емес, алдымен клиент сұранысына икемделуін талап етеді. Сондықтан нарықты жете зерттеп, өзгертін талғамдарды талдау, банк қызметтерін тұтынушылар сұранысын білу аса қажет [1, 179 б.].

Банктік маркетингті клиенттер сұранысына сай банктің ең түсімді банк өнімдерін іздеуі және қолдануы ретінде көрсетуге болады. Бұл банктің мақсаттарын анықтап нақты жету жолдары мен тәсілдерін және арнайы шараларды ұйымдастыруға септігін тигізеді.

Маркетингтік әрекет аясында жаңа өнімдерді қолданысқа енгізу барысында банк жоғалтатын шығын көлемін білу де маңызды. Банк бағалы ресурстарды қолданатындықтан, оларды нарықтың ең түсімді сегменттерінде қолданған жөн.

Банк әрекетінің коммерциялық мінездемесін маркетингті кеңінен қолдануды талап етеді. Банктегі маркетинг ерекшелігі ақша қорларын тиімді пайдаланып қоюды ғана емес, ақша айналымы ерекшелігінде де көрінеді. Сондықтан банктік маркетинг қолма-қол емес шаруашылық қаржысы есебіне ақша айналымы жеделдетуге бағытталуы керек. Маркетинг банк клиенттері сұраныстарын қанағаттандыруға, есептерді тез әрі дұрыс жүргізуге, шикізат және материал жеткізушілер, дайын өнімді сатып алушылар, жұмысшылар мен қызметкерлермен қарым-қатынас орнатуға бағытталған.

Банктік маркетинг банк клиенттерінің шаруашылық жағдайын максималды түрде есепке алатын, оларға одақтастар табу ерекшелігі бар есептеудің жаңа түрімен байланыстырылады.

Банкте салымшылар санын көбейтіп қоймай, оларға қызмет ету сапасын жақсартатын интеграцияланған маркетинг кең қолданысқа енуі. Банк сферасындағы маркетинг ерекшелігі – мұндағы коммерциялық банктер салымдарды тартуға ғана емес, әр түрлі ұйымдар, өндірістерді, несиелеу арқылы тартылған ақшаны дұрыс қолдануға да қызығушылық танытуда. Бұл коммерциялық банктердің клиенттерімен қатынас сферасы сол секілді несиелік салымдар сферасындағы маркетингтің кешенді дамытылуы керектігін көрсетеді.

Сөйтіп, банктік маркетинг бір мақсатты орындауға бағытталады: шаруашылықтағы уақытша босаған ақша құралдары мен кірісті дұрыс пайдалану.

Банктерде маркетинг аясында келесі принципті жүзеге асыруы керек:

- нақты нарықтың мақсатқа жету үшін барлық қызметкерлердің қосыла жұмыс істеуі;
- маркетинг әрекетінің кешенділігі (жоспарлау, талдау, жүйелеу, бақылау);
- маркетингтің перспективті және ағымдағы жоспарлауының біртұтастығы;
- қабылданып жатқан маркетингтік шешімдерді бақылауға алу;
- банктегі әр қызметкер жұмысының жан-жақты әрі белсенді болуына қолдау көрсету;
- қызметкерлердің үнемі өз санатын көтеруге қызығушылық танытуын қамтамасыз ету;
- банк коллективінде жайлы психологиялық климат құру.

Маркетинг – банк әрекетін басқарудың нарықтық концепциясы, ол экономикалық конъюнктура нарығы, клиенттер сұранысын зерттеу мен банк қызметтерін соған сәйкес икемдеуге бағытталған. Маркетинг мақсаты – сұранысты құрылымдау мен дамыту. Банк жұмысы жоспары мен қабылданатын шешімдердің нақтылығын қамтамасыз ету, банк қызметтері, нарықтық үлес пен пайданың өсуін қадағалау.

Клиентке өзге нәрсе емес, жүзеге асырылып жатқанды ұсыну – банктік маркетинг бағытының негізі.

Банктегі маркетингтің негізгі міндеттері:

- үнемі өзгеріп тұратын қаржы нарығы шарттарында банк жұмыс рентабельділігін қамтамасыз ету;
- банктің қоғамдық имиджін сақтау;
- клиенттер ұсынысын максималды қанағаттандыру. Бұл – іскерлік қатынастардың тұрақтануының кепілі;
- банк коллективінің коммерциялық ұйымдастырушылық және әлеуметтік мәселелерін кешенді шешу;
- банктің маркетинг әрекетінің ерекшелігі үнемі өзгерісіне ұшырап тұратын әралуан факторларды қалыпты ұстап отыруында жатыр.

Банктік маркетингтің негізгі тәсілдері – клиентпен сөйлесу, акционерлік дивиденттер келуін қадағалау, өзге несиелік және банктік емес мекемелермен салыстырғанда осы банк қызметтер ерекшелігін клиентке ұғынықты жеткізу, қызметтерді сатуға қызметкерлердің материалды қызығушылығын туғызу [2, 360-б.].

Пассивті маркетинг – БАҚ-қа клиентке тиімді болатын банк қызметтері туралы жариялау.

Қазіргі кезде тікелей маркетингке көп назар аударылууда. Өйткені ол клиентті қызметтермен таныс етіп қана қоймай, оны бірден әрекет етуге итермелейді.

Банк сферасындағы маркетинг мәні банк қызмет сферасында әрекет ететіндігімен анықталады. Шын мәнінде, банк өнімі – банк қызметтерінің актив және пассив операциялар бойынша кешенді жиынтығы.

Маркетинг стратегиясын құрылымдау кезінде банк қызметтерінің де бірқатар ерекшеліктерін есепке алу керек:

- қызметтердің абстрактілі мінездемесі;
- қызметтер сапасының тұрақсыздығы;
- қызметтерді сақтамау.

Алғашқы сөздің мағынасы – аталған қызметтерді тұтынушы қолданбайынша материалды түрде қолданып бағалай алмайды дегенді білдіреді. Сондықтан тұтынушы банкке келген кездегі кілттік сөз – болашақ пайда. Аталған пайданы шын мәнінде түсініп, бағалау үшін бәсекелестеріңді, олардың қызмет түрлері мен жарнама беру әдісін білген жөн. Банк қызметтерін ұғынудың негізгі жолдары:

- тұтынушылармен қарым-қатынаста потенциалды пайдаға ерекше назар аудару;
- жарнамаға беделді ұйымдарды тарту.

Сапа мен қызмет көрсету, мамандарды оқытуға ерекше талап қояды. Банк жұмысшылары өз істерінің техникасын ғана емес, адамдармен қарым-қатынас психологиясын да білуі керек. Банк қызметінің қосымша сапасы қоршаған ортамен толығырақ. Қызметтердің сақталмауы сұраныс пен ұсынысты деңгейлестірудің ерекше механизмі болу керек деген сөз. Сондықтан сұраныс көбейгенде кезек болмау үшін банк бірқатар әрекеттерді жүзеге асыру керек: өзге бөлімдерден жұмысшылар шақырту, клиенттерді банкке өзге уақытта келуге көндіру және т.б.

Жоғарыда аталып өткен қызметтерден өзге банк өнімінің өз ерекшеліктері де бар:

Біріншіден, банк ақшамен байланысты қызметтерді әр түлі формада көрсетеді (қолма-қол, қолма-қолсыз есеп айырысу).

Екіншіден, материалды емес қызметтер мүліктік келісімшарттар негізінде мәнге ие болады.

Үшіншіден, банк қызметтерінің көпшілігі бір қатар мерзімді қажет етеді: келісімшарт әдетте бір актімен бітпейді, тұтынушы мен банк арасында байланыстар қалыптасады.

Банк өнімінің осындай қасиеттері тұтынушылардан белгілі бір дәрежеде мәдениетті талап етеді, ол қызмет мазмұнын ұғынып, сенім қалыптастыруы шарт.

Банк қызметтері ассортиментінің құрылымы туралы шешім оны алғаш құрып, банк әмбебап әлде арнайы бола ма деген шақта қабылданады. Банктің негізгі қызметтері екеуінде де бірдей, сондықтан тұтынушылар назарын аудару үшін ағымдағы ассортименттің аса үлкен маңызы болады [3, 325-б.].

Ағымдағы ассортимент банк дамуы барысында жаңа қызметтерді өндіру, модификация немесе бұрыннан бар қызметтерді алмастыру нәтижесінде жүзеге асады. Міне осы жерде тұтынушы тілегі мен нарықтағы жағдайды зерттеп, мүмкіндіктерді бағалайтын, жаңа қызметтерді дамытатын маркетинг аса қажет болады.

Дамыған елдерде банктер өз тұтынушыларына үш жүзден астам қызмет түрін ұсынады. Қызметтер ассортименті толығымен қалыптасқан деп есептелінеді, сондықтан нарыққа жаңа өнім шығару көп шығын қажет етеді және ол нарықтағы әсерін бәсекелестердің жылдам қарекеті есебінен төмендейді.

Қазіргі таңда қазақстандық банктердің қызметтер ассортименті мұнша кең емес, бірақ күнделікті өсуде.

Банктік өнімді өткізу мәселесі өте спецификалы олар өнеркәсіптегідей, банктік маркетингте көп орын алмайды.

Коммерциялық банктер үшін өткізу каналдарын табу қиындықтары болмайды, өйткені банктік өнімді өндіру және өткізу уақыт бойынша сәйкес келеді және банк ғимараты не оның бөлімшелерінде орналасуы мүмкін. Сондықтан банктің өткізу саясатында екі аспектіні бөліп көрсетеді: кеңістіктік (орналасуы мен каналдарын табу), уақыттық (банк жұмысы уақыты мен қызмет көрсету жылдамдығы).

Сонымен, банктік маркетингтің ерекшелігі – бұл клиенттерді тарту және көрсететін өз қызметтері көлемінің аясын кеңейту болып саналады.

Банк саласында маркетингтік зерттеулер жүргізу маңызды болып саналады. Маркетингтік зерттеулері кешенін жүргізу қажеттілігі банк алдында тұрған нақты маркетингтік жағдайымен анықталады. Осы орайда, белгілі бір мәселе жөнінде қажетті ақпарат алу үшін маркетингтік зерттеулер жүйесі жасалады. Мұндай жүйе әдетте бірнеше кезеңдерді қарастырады:

- проблемаларды анықтау және зерттеу мақсаттарын тұжырымдау;
- ақпарат көздерін іріктеу;
- ақпараттарды жинақтау;
- жинақталған ақпараттарды талдау;
- зерттеу нәтижелерін ұсыну.

Маркетингтік зерттеулер жүйесін құру көптеген шағын банктерге қол жетімсіз болуы мүмкін. Мұндай жағдайда олар мамандандырылған ұйымдарға оларды ойландыратын мәселе бойынша зерттеу жүргізу туралы өтініш жасауына болады. Және де бұл оларға арнайы маркетингтік зерттеулер бөлімін ұстауға қарағанда арзанырақ түседі. Ірі банктер, керісінше, өздерінің меншігінде осындай бөлімдерді құруға мүдделі болып келеді.

Әдебиеттер:

1. Исакова З.Д. Банк ісі: оқу құралы. – Қарағанды, 2006. – 179-189-бб.
2. Маркетинг в отраслях и сферах деятельности / Под ред. В.А. Алексунина – Москва, 2007. – С. 360-420.

3. Деятельность коммерческих банков / Под ред. проф., д.э.н. А.В. Калтырина. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2004. – С. 325-335.

Резюме

В статье рассмотрены основные принципы и методы банковского маркетинга. Показано, что отличительной особенностью маркетинга в банковской сфере является его связь с банковскими продуктами. Исходя из реальных маркетинговых позиций банка, дано обоснование необходимости комплексных маркетинговых исследований.

Summary

The article is about the basic principles and methods of bank marketing. There is the distinguishing feature of the marketing in the banking sphere is its relationship with the bank products. Based on the actual market position of the bank, there has been grounded the necessity of complex marketing research.

ӨОЖ 332.012.24 (574. 54)

АРАЛ ӨҢІРІ АЙМАҒЫН ДАМУДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

А. КӨШЕРБАЙҰЛЫ,

*техника ғылымдарының кандидаты,
Қызылорда облысының табиғи ресурстар және
табиғат пайдалануды реттеу басқармасы*

Соңғы жылдары Арал теңізі мен оның төңірегіндегі халық тағдыры Республика Президенті Н.Ә. Назарбаевтың назарынан тыс қалған емес. Сонау жылдары Арал теңізінің тартылуы күн санап асқынған кезінде одан туындаған экологиялық апат барған сайын ушыға түсті. Арал өңірінің апатты жағдайына әлемдік қауымдастықтардың назары түсіп, мәселені шешу жолында Елбасы ерекше жігер мен табандылық танытып, жұмыла қимылдады. Осы мәселеге байланысты Арал теңізі мен Арал өңірінің экологиялық жағдайын қалпына келтіру мен әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету жөнінде бірлескен іс-әрекеттер жасау туралы келісімге қол жеткізді. Елбасы өңірдің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін түбегейлі шешуге мүмкіндік беретін біршама зерттеу жұмыстарына қолдау танытып келеді. Елбасының қажырлы қолдауының арқасында күні кеше ғана Арал аймағының тұрғындары үшін қол жеткізбес арман болып келген мәселелер оң шешімін тауып, ел игілігіне пайдалы ақиқатқа айналып келеді.

Солардың бірі ретінде экологиялық тоқыраудың ауыр зардабын көріп, өзінің табиғи шаруашылық маңызын азайтқан Арал теңізін бөлектеп сақтау арқылы өңірдің табиғатын онан ары бұзылуын болдырмау мақсатындағы іс-шараларды атауға болады. Қазіргі уақытта САРАТС жобасының 1-кезеңі бойынша Солтүстік Арал теңізінің су тоспасы (Көкарал су тоспасы), Айтек құрылыстар кешені, Сырдария өзеніндегі қорғаныс бөгеттері салынып, Қазалы және Қызылорда су тораптарында және Шардара мен Арнасай су тоспаларында қыруар құрылыс жұмыстары жүзеге асырылды. Нәтижесінде Солтүстік Арал теңізі суының минералдығы 23-тен 17 г/л дейін төмендеді, су көлемі 15 текше шақырымнан 27 текше

шақырымға дейін жетті, Сырдария өзенінің қыс кезіндегі су өткізу қабілеті 650-700 текше метрге дейін көтерілді, сонымен қатар, Қараөзек арнасының су өткізу қабілеті 60 тан 400 м³/с ке дейін жоғарылады. Сырдария өзеніне және Солтүстік Арал теңізіне құйылатын судың көлемі көбейіп, өңірдегі көптеген биологиялық түрлер қалпына келіп, суармалы жерлердің сумен қамтамасыз етілуі жақсартылды.

Солтүстік Арал теңізін бөлектеуге қол жеткізген соң қалыптасқан негізгі көрсеткіштері жыл соңына дейін күткендей болды. Атап айтқанда, теңіз беті деңгейінің белгісі (Балтық жүйесі бойынша – БЖ) +4,0 метрге көтеріліп, су айдынының аумағы +874,0 км²-ге үлкейді. Сондай-ақ бұрын Арал қаласынан 75,0 км-ге шегініп кеткен теңіз қалаға 12,0 км-ге жақындады. Біткен істің нәтижесі тек экологиялық емес экономикалық жағынан да пайдалы болып, солтүстік теңізден 2006 жылы 2,3 мың тонна балық ауланды. Бұл алдыңғы жылғыдан он есе көп еді. Кейбір бұрын тастанды болған теңіз жағалауындағы елді мекендерге тұрғындар қайта қоныстанып, балық аулау мен мал өсіру кәсіптерін жандандыра бастады. Теңіздің жағасында мал жайылатын, шөп оратын телімдер пайда болды, мал-жанға жайлы микроклимат қалыптасты, атмосфералық ауада тұзды шаңның таралуы саябырлады.


Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 2005 жылы САРАТС жобасының 1-кезеңіндегі нысандарды келіп көрген кезінде жобаның табиғи ортаны және өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартудағы маңыздылығын жоғары бағалап, жоба бойынша жұмыстарды жалғастыруды тапсырды. Осы жоба негізінде жүйелі жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде Сырдария өзеніне және Солтүстік Арал теңізіне құйылатын судың көлемі көбейіп, өңірдегі көптеген биологиялық түрлер қалпына келіп, суармалы жерлердің сумен қамтамасыз етілуі жақсартылды. Бұл өз кезегінде көлемі 20-30 мың гектардан асатын бірнеше ірі көлдердің қалпына келуіне, балық шаруашылығының дамуына, теңізде бұрын жоғалып кеткен балықтың 13 түрінің қайта көрініс табуына мүмкіндік беріп отыр. Бұл игілікті істің нәтижесі арқылы қолмен бұзған табиғатты қайтадан қалпына келтіріп, оны басқаруға, жаңа экологиялық жағдайға бейімдеуге қол жеткізуге болатындығы анықталды. Яғни, экологиялық жобаларды жүзеге асыру арқылы кез келген аймақта табиғи апаттың бетін қайтаруға болатынын дәлелдейтіндей тәжірибе болып шықты. САРАТС жобасының екінші кезеңінің дайындығы сол жылы Қазақстанда жүзеге асырылатын басым жобалардың қатарына енгізілді.

Сонымен қатар, Арал өңірінің экологиялық ахуалын жақсарту және қоршаған ортадан ұшқан тұз бен құм көшкіндерінен сақтайтын бірден-бір жолы, теңіз ұлтанына сексеуіл, сарысазан, қарабарак сияқты галофитті өсімдіктерді егу жұмыстары болып табылады.

Осы бағытта өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап атқарылған жұмыстардың нәтижелілігі ескеріліп, халықаралық ұйымдардың қаржылары есебінен жалғасын табуда. Солардың бірі Дүниежүзілік даму банкі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің бірлескен «Орманды сақтау және Республика аумағының орманды жерлерін көбейту» жобасы әзірленіп қолға алынды, жалпы құны – 10,8 млн. АҚШ доллары.

Жобаның негізгі стратегиялық бағыты – Арал теңізінің құрғаған ұлтанына орман орналастыру мен тозған жайылымдық жерлерді қалпына келтіру. Осы жоба Қызылорда облысында екі компонент бойынша атқарылады: кіші компонент 2А – «Арал теңізінің құрғаған табанында орман мелиоративтік жұмыстар жасау» және кіші компонент 2В – «Жайылымдарды пайдалануды басқаруды жетілдіру».

Жоба бойынша 79000 га жерге сексеуіл отырғызу жоспарланса, бүгінгі күнге барлығы 27344 гектар жерге сексеуіл егілді. Дегенмен, жоспарланған 79000 мың гектар жерге сексеуіл егу жұмыстары межелегенмен, бүгінгі күні 41844 гектарға ғана орындалып отыр (*Сурет 1*).



Сурет 1. 2008-2011 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Дүниежүзілік даму банкі арасындағы бірлескен «Ормандарды қорғау және республика аумағындағы орманды жерлерді көбейту» жобасы шеңберінде Арал теңізінің құрғаған ұлтанына сексеуіл егу жұмыстары

Себебі жоба бойынша Арал теңізінің құрғаған ұлтанына егілетін сексеуіл көшеттерін өсіретін тұқымбақтың құрылысы кеш басталып, егуге қажетті сексеуіл көшеттері болмауына байланысты жоспарланған көлемдер кейінгі жылдарға жылжытылды. 2012 жылы 14500 гектар жерге сексеуіл, сарысазан, жыңғыл көшеттерін егу жоспарланды.

Осы жобаның негізінде орман шаруашылығын дамытудың озық технологияларын іске асыру мақсатында Қазалы ауданында 30 га жерге тамшылатып суару әдісімен сексеуіл және түрлі ағаш көшеттерін өсіретін тұқымбақ ұйымдастырылды. Оның 17 гектарына сексеуіл көшеттерін өсіру, қалған 13 гектарына түрлі ағаштардың көшетін өсіру қаралған, қазіргі замануи технологиямен жабдықталған ғылыми зерттеу зертханасы мен тамшылатып суаруға қажетті барлық қондырғылар салынды (Сурет 2).

Қазіргі уақытта осы тұқымбақта қажетті мамандармен жасақталған 32 адам жұмыс жасайды және 62 млн. теңгеге қажетті техникалар мен құрал-жабдықтар алынды (Сурет 3).



Сурет 2. Қазалы ауданындағы 30 га жерге тамшылатып суару әдісімен сексеуіл және түрлі ағаш көшеттерін өсіретін тұқымбақ



Сурет 3. Жоба шеңберінде алынған арнайы техникалар



Аталған тұқымбақ облыста барлық талаптарға сай келетін бірегей тұқымбақ болып саналады. Осы технологияны тиімді пайдалану нәтижесінде тұқымбақта жыл сайын барлығы – түрлі ағаш көшеттері оның ішінде, сексеуіл, қылқан жапырақты туя, арша, мамыргүл, жеміс ағашының көшеттері және сыр талы мен терек сияқты саялы бұталар қаламшалары өсіріліп, облысқа қажетті барлық көшет түрлерімен сұранысқа сәйкес қамтамасыз етілетін болады.

Облыс көлемінде су тапшылығы сезіліп тұрған сәтте тамшылатып суғару әдісімен барлық орман мекемелерінде тұқымбақтар ұйымдастыру және аудан орталықтарындағы жасыл белдеулердің көлемдерін үш есеге арттырып, бұл жұмыстарды суды үнемдеу технологияларымен жүргізуді іске асыру керек.

Жобаның «Жайылымдарды пайдалануды басқаруды жетілдіру» компонентінде жайылымдық жерлерді пайдалануды басқарудың озық тәсілдерін көрсету тәжірибесі қарастырылған. Жоба аясында облысымызда мал шаруашылығын дамыту және орман қорының ормандануына үлкен көмегін тигізетін тозған жайылымдық жерлерді қалпына келтіру бағытында барлық аудан аумақтарында 200 гектардан жалпы көлемі 6000 га құрайтын 30 демонстрациялық телім құру жұмыстары жүргізілуде, оның ішінде 2011 жылы 12 телім, 2012 жылы 8 телім. Бұл жұмыстарды атқару барысында әрбір бөлікке құдық (шахтный колодец) қазылып, ондағы суларды сыртқа шығаруға күн батареясы, хонда моторы мен табиғи желді (ветровик) пайдалану арқылы электр энергиясын шығарады. Құдықтың айналасына 0,34 га ықтырмалы ағаштар, 0,45 га жерге ағаштар, 200 гектар жерге жайылымдық шөптер егілетін болады (пайызға шаққанда – 80% күйреуік, 10% изень, 10 % теріскен). Осы жұмыстар арқылы жайылымдық жерлердің өнімділігін 30%-ға арттыруға қол жеткізіледі. Сонымен қатар, осы жоба толық іске асқан жағдайда қой санының көлемін 600 бастан 2000 басқа көбейтуге мүмкіншілік болады, яғни 6000 га жердегі тәжірибелік жайылымдарда 60 мың бас мал өсіріп, мал шаруашылығын және орман көлемдерін көбейтуге жағдай жасалады.

Қазіргі уақытта тозған мал жайылымдығын қалпына келтіру үшін аталған жұмыстарды тек мемлекеттік орман қоры жерлеріне ғана емес, басқа да жерлерге құдық (шахтный колодец) орнатып, жайылымдық жерлерді көбейту жолдарын қарастыру қажет деп есептейміз.

Қазіргі таңда аудандар мен елді мекендерде жасыл белдеулер жасау үшін бірнеше шақырым каналдар қазу, оның сағасына өздігінен су бармауына байланысты насос қондырғыларын орнату, оған қажетті жанар-жағар май, электр қуатын пайдалануға көп шығындар жұмсалуда және ол жерлерге судың шамадан тыс баруына, тиісті минералдық, органикалық тыңайтқыштардың берілмеуіне байланысты егілген жасыл белдеулердің шығымдылығы 20-25%-дан аспауда.

Сондықтан бұл жерлерге егілетін жасыл белдеулер үшін жерді тегістеуге, канал қазу, насос орнатуды қажет етпейтін тамшылатып суаруға тиісті құдық қазып, күннің, желдің және қажет болған жағдайда аз мөлшерде жанар-жағар май көмегімен суды қамтамасыз ететін қондырғыларды орнату арқылы көгалдандыру жұмыстарын жүргізуді өндіріске енгізу қажет. Есептеулер көрсетіп отырғандай, 5 гектар жасыл белдеу жұмыстарына қажетті қаржы көлемі 7,7 млн. теңгені құрайды. Оның ішінде құдық қазу, қажетті құрал жабдықтары мен орнатуға 6,5 млн. теңге, жасыл белдеуді сумен қамтамасыз ететін тамшылатып суаратын қондырғысына 1,2 млн. теңге қарастырылған.

Қорыта келгенде, «Сырдария өзенінің арнасын және Солтүстік Арал теңізін сақтау» (САРАТС-2) жобасының екінші кезеңін іске асыру және «Орманды сақтау және республика аумағының орманды жерлерін көбейту» жобасының орындалуы Қызылорда облысының экологиялық ахуалын және Арал теңізі аймағы тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешудегі тиімді жолдардың қатарына енгізіліп, алдағы уақытта жалғасын табады деп сенім білдіреміз.

Резюме

В статье рассмотрены проблемы социально-экономического развития Аральского региона и пути их решения. Подробно проанализированы достигнутые результаты и эффективность проекта «Регулирование русла реки Сырдарья и сохранение северной части Аральского моря» (PPCCAM-1) по решению глобальной экологической проблемы Приаралья. Предложены рекомендации по внедрению в производство передовых технологий развития лесного хозяйства в Кызылординской области.

Summary

The article deals with the problems of socio-economic development of the Aral Sea region and ways of their solution. There were analyzed the achieved results in detail and efficiency of the project «Regulation of the Syrdarya riverbed and preservation of the Northern Aral Sea» for solving the global environmental issue of the Pre-Aral sea region. There were offered recommendations for introduction of advanced technologies in forestry development of Kyzylorda region.

УПРАВЛЕНИЕ МАРКЕТИНГОМ В ТУРИЗМЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Ж.Б. СМАГУЛОВА,

магистр международного бизнеса,

Кызылординский государственный университет имен Коркыт Ата

Развитие индустрии туризма в республике определено Главой нашего государства Нурсултаном Абишевичем Назарбаевым важным приоритетом Стратегии вхождения Казахстана в число 50 наиболее конкурентоспособных стран мира.

Как известно, при выборе страны посещения туристов привлекают природные ландшафты, географические особенности, культурное наследие, развитая инфраструктура и безопасность. В этом плане у Казахстана есть все возможности занять достойное место среди стран с благоприятным туристским имиджем. Туристский потенциал Казахстана богат и разнообразен. Он имеет уникальные возможности для развития почти всех видов туризма, начиная с познавательного, связанного с посещением культурно-исторических объектов, экологического, включающего наблюдение за редкими видами флоры и фауны, до приключенческого и других активных видов туризма.


На сегодняшний день в Казахстане имеется много уникальных природных заповедников и национальных парков, более 100 лечебно-оздоровительных учреждений, а также более 9000 археологических и исторических памятников.

В современных условиях туризм стал важным социальным и экономическим явлением, оказывающим решающее влияние на экономику многих стран. Являясь выгодной и высокодоходной отраслью, туризм играет значительную роль в формировании валового внутреннего продукта, активизации внешнеторгового баланса, создании дополнительных рабочих мест и обеспечении занятости населения. Туризм также оказывает стимулирующее воздействие на такие ключевые отрасли экономики, как транспорт и связь, строительство, сельское хозяйство, производство товаров народного потребления и другие, то есть выступает своеобразным катализатором социально-экономического развития. В свою очередь, на развитие туризма воздействуют различные факторы: демографические, природно-географические, социально-экономические, исторические, религиозные и политико-правовые.

Вопрос об актуальности развития туризма в республике стоит достаточно давно. В декабре 2002 года была разработана Программа развития туристской отрасли на 2003-2005 годы. В 2004 году в рамках реализации Послания Президента страны народу Казахстана от 19 марта 2004 года «К конкурентоспособному Казахстану, конкурентоспособной экономике, конкурентоспособной нации» по инициативе Правительства Республики Казахстан Центром маркетингово-аналитических исследований Министерства экономики и бюджетного планирования Республики Казахстан и американской консалтинговой компанией «J.E. Austin Associates Inc.» был осуществлен проект «Оценка конкурентоспособности действующих и потенциально перспективных секторов казахстанской экономики и выработка рекомендаций по их развитию». Цель проекта состояла в повышении конкурентоспособности несырьевых отраслей экономики Казахстана, имеющих потенциал для экономического роста страны. В итоге среди семи приоритетных несырьевых отраслей для создания индустриальной основы повышения конкурентоспособности и диверсификации экономики в числе первых был определен туризм. Туризм был признан одним из 7 кластеров, имеющих огромный потенциал и требующих пристального внимания для обеспечения дальнейшего его развития. В 2006 году Указом



Президента Республики Казахстан была принята Государственная Программа развития туризма в РК на 2007-2011 годы.

ПРОЦЕСС УПРАВЛЕНИЯ МАРКЕТИНГОМ В ТУРИЗМЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



Три приоритетных туристских рынка:

- 1) Россия, Германия, Великобритания, Южная Корея, Турция, Китай
- 2) Франция, Япония
- 3) США, страны Азиатско-Тихоокеанского региона



ПРОВЕДЕМ SWOT-АНАЛИЗ ТУРИЗМА В КАЗАХСТАНЕ

Таблица 1. SWOT-анализ туризма в Казахстане

<p>Сильные стороны:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Наличие инфраструктуры туристской индустрии • Законодательная и нормативно-правовая основа для развития туристской отрасли <p>Высокий интерес к экотуризму на международном рынке (8,9 млн. человек, или 63% от общего потенциала)</p> <ul style="list-style-type: none"> • Уникальная культура и история Казахстана, позволяющая развивать культурно-познавательный туризм • Природные условия для развития горнолыжного туризма • Обеспеченность кадровыми ресурсами • Быстрые темпы экономического роста в Казахстане (ежегодное увеличение ВВП, соответственно, покупательной способности населения, • Политическая стабильность в Казахстане • Наличие лучшего космодрома в мире 	<p>Слабые стороны:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Практически вся инфраструктура расположена в городах и крупных населенных пунктах • Несоответствие инфраструктуры международным требованиям • Отсутствуют условия для многодневного пребывания туристов на объектах, представляющих интерес • Отсутствие механизма дотаций, преференций и налоговых льгот инвесторам • Не сформированы подходы и политика экотуризма в Казахстане • Низкое качество/отсутствие подъездных дорог к туристским объектам • Программа подготовки кадров не соответствует реальным потребностям рынка
<p>Возможности:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Создание новых рабочих мест, в том числе и в сельской местности • Высокий уровень узнаваемости Казахстана на международном рынке туристских услуг, что обеспечит приток инвестиций и дохода в бюджет • Создание национального турпродукта • Увеличение туристских потоков по въездному и внутреннему туризму 	<p>Ограничения:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Увеличение количества однодневных маршрутов • Снижение объемов туристских потоков • Низкий уровень инвестиционной активности • Формирование образа Казахстана как страны, неблагоприятной для туризма, а также снижение ее инвестиционной привлекательности

Казахстан стремится к созданию нового туристского продукта, который будет отличаться от западного и российского туристского рынка. С этой целью для повышения эффективности функционирования данной отрасли необходимо определить наиболее оптимальную в условиях Казахстана траекторию развития туристского бизнеса и действенные рычаги внедрения на рынок. Интерес предпринимателей к туризму объясняется следующими факторами: туристскому бизнесу не требуется больших инвестиций; в данной сфере вполне успешно взаимодействуют крупные, средние и малые фирмы, что позволяет быстро оборачивать капитал; возможности в сфере международного туризма извлекать выгоды за счет валютных операций; решение важных социальных задач, таких как обеспечение отдыха и укрепление здоровья населения республики. В связи с этим Президент в своем Послании народу Казахстана от 18 февраля 2005 г. одним из семи кластеров, определяющих долгосрочную специализацию экономики страны в несырьевых отраслях, выделил туризм, который будет способствовать созданию современной инфраструктуры и развитию регионов республики.

Таким образом, Казахстан позиционирует себя на мировом рынке туризма как быстро развивающаяся страна с богатым историческим прошлым, с сохранившейся первозданной красотой природы и огромным потенциалом для развития практически всех видов туризма. В Кызылординской области будут развиваться следующие проекты:

Туристский центр «Коркыт Ата» будет туристским районом с направлениями: образовательно-познавательный туризм, экотуризм, аквапарк Коркыт-Ата. Планируется создать территории с просторными площадями, трансформируемые пространства, с функциональными возможностями для проведения различных мероприятий, торжеств, фестивалей и других культурных программ. Бюджет – 194,3 млн. долл. США.

Туристский центр «Байконур» – создание центра космического туризма: район Space World, село «Шелковый путь», район научных исследований в области космоса. Планируется создать объекты, символизирующие традиции и культуру стран Великого Шелкового пути, космический туристский центр и исследовательский центр космической науки. Бюджет – 328,5 млн. долл. США.

Туристский центр на озере «Камбаш». Предполагает создание курортной зоны отдыха для жителей региона, увеличение спроса на внутренний туризм, а также активизирование гостиничного бизнеса региона. Планируемый объект находится на берегу озера Камбаш, общая площадь объекта около 95 га. На территории зоны отдыха будут построены люкс-гостиницы, юртовый городок и кемпинг, объекты водного отдыха, такие как морской клуб с небольшим рестораном и баром. Бюджет – 76,7 млн. долл. США.

Литература:

1. «Туризм сближает народы». Выступление Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева на 18-й сессии Генеральной Ассамблеи ВТО ООН // Кызылординские вести. – 2009. – 7 октября.
2. Программа развития перспективных направлений туристской индустрии Республики Казахстан на 2010-2014 годы (октябрь 2010 года).
3. Указ Президента Республики Казахстан «О Государственной программе развития туризма в Республике Казахстан на 2007-2011 годы».
4. Дурович А.П. Маркетинг в туризме. – М.: Новое знание, 2007.
5. Прохоров И. «Вместе с природою кластер растим: туризм в Казахстане» // Казахстанская правда. – 2006. – 26 сентября.
6. Досмухамбетов Т. «Казахстан открыт для мира» // Казахстанская правда. – 2006. – 9 октября.
7. Квартальнов В.А. Туризм: Учебник. – М.: Финансы и статистика, 2000.
8. Голова О.Б. Менеджмент туризма: практический курс. – М.: Финансы и статистика, 2007.

Түйіндеме

Мақалада ҚР туризм саласын дамытудың мәні ашылған, туризм саласының әлеуеті зор экономика салаларының бірі екендігі айқындалған. Туризм саласының ролі, оның жалпы өнімдегі ішкі үлесімен, қосымша жұмыс орындарын қамтамасыз ету және тағы басқа да (көлік, құрылыс, ауылшаруашылық, байланыс және с.с.) салалармен тығыз байланыста болумен анықталатыны көрсетілген.

Сонымен бірге мақалада республикада маркетингті басқару процесі толық қарастырылып (нарықтық мүмкіндіктері талдау, мақсатты нарықтарды таңдау, маркетинг кешенін әзірлеу, маркетингтік шараларды жүзеге асыру), мысалдармен нақтыланған. Мақаланың соңында Қазақстанда туризм саласының дамуына SWOT-талдау жасалған, Арал өңіріндегі туризм саласының даму бағыттары («Қорқыт Ата» туристік орталығы, «Байқоңыр», «Қамбаш» туристік орталықтары) анықталған.

Summary

The article defined the role of tourism's development in Kazakhstan and described tourism as one of the most perspective branches in the article. The role of tourism, its shape in general internal product, providing with employment, linkage with the other branches (construction, agriculture, communications, etc.

The article describes the whole process of marketing management in tourism of the Republic of Kazakhstan is described accompanying with some modern examples.

The author made SWOT-analysis of tourism in Kazakhstan is provided (strengths, weaknesses, opportunities and threats).

There has been indicated main directions of tourism's development in Aral region, defined touristic centres as Korkyt Ata Tourist Centre, Baikonyr, Kambash Tourist Centres.

ТАБИҒИ ЖӘНЕ ТЕХНОГЕНДІ ШИКІЗАТ НЕГІЗІНДЕ ҰЯЛЫ БЕТОНДЫ ӨНДІРУДІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПАРАМЕТРЛЕРІН ЖАСАУ

Қ.А. БИСЕНОВ,

техника ғылымдарының докторы, профессор,

С.С. ҮДЕРБАЕВ,

техника ғылымдарының докторы, профессор,

А. БАЙКОНУРОВА,

магистрант,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Қазіргі уақытта құрылыстың тиімділігін жоғарылату жолдары құрылыс материалдары мен бұйымдары өндірісінде ресурстарды қайта қолдану және материал сыйымдылығын төмендету болып саналады. Бұған алдыңғы қатарлы ғылыми-техникалық жетістіктерді, ресурстарды және энергияны үнемдеуші технологияларды қолдану, өнім бірлігіне еңбек және отын энергетикалық ресурстар көлемін азайту арқылы жетуге болады.

Тиімді жылу окшаулағыш материалдарға арболитпен қатар ұялы бетонды жатқызуға болады. Соңғы жылдардағы ғылыми зерттеулерге талдау жасасақ, Қазақстанда автоклавты емес ұялы бетондаруы өндіру қажеттігі көрінеді. Атап айтқанда, оған энергия мен жылу көзі аз жұмсалады, меншікті капиталсалымдар төмен, шикізат базаларының және өнеркәсіп өндірісінің қалдықтарының мол болуы.

Ұялы бетондар негізінен кварц құмы, бейорганикалық байланыстырғыш және кеуек түзгіш қоспа негізінде автоклавтық әдіспен алынады. Шетелдік және отандық ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін талдасақ, автоклавты емес газды бетон өндірісінде жаңа технологиялық жетістіктерге қол жеткізуге, сол арқылы сапалы да тиімді бұйымдар мен конструкциялар жасауға мүмкіндіктер бар. Сонымен бірге әдеби шолу мен өндірістік тәжірибелерді сараптау арқылы газды бетон бұйымдарының сапалық көрсеткіштерін нормативтік талаптардың деңгейіне көтеру және одан әрі арттыру үшін зерттеу жұмыстарын жүргізу керек екені айқындалды.

Жұмыстың мақсаты – кварцты құмның орнына шағыл (бархан) құмын, ал байланыстырғыш есебінде жылу-электр орталығының (ЖЭО) күлі немесе металлургиялық өндірістен бөлінген қождарды пайдалану арқылы ұялы бетон алу. Металлургиялық қождар ұялы бетондарда толтырғыштар ретінде қолданудан басқа композициялық материалдарды жасау үшін пайдаланылады. Олар әр түрлі қайта өңдеу тәсіліне байланысты байланыстырғыш пен толтырғыш түрінде: тез салқындататын, жеңіл және аз салқындайтын кристалдықтар түрінде қолданылады. Сонымен қатар, Қызылорда облысында шағыл (бархан) құмның қоры мол. Осы аталған шикізат компоненттерінен сапасы жағынан жақсы ұялы бетон алу өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

Ұялы бетон өндірісінде ЖЭО күлі мен доменді түйіршіктелген қожды пайдалану материалдың өзіндік бағасын түсіруге мүмкіндік береді, сонымен қоса металлургия өндірісі дамыған аймақтарда кейбір экологиялық проблемаларды шешеді. Бұл қалдықтарды қарапайым және одан да басқа компоненттермен араластырсақ, байланысу қабілеті әлсіз болады. Сондықтан осы шикізаттардың потенциалды қасиеттерін толығымен пайдалану үшін тәжірибе жүзінде механикалық алдын-ала өңдеу, яғни майдалау немесе ұнтақтау, химиялық қоспаларды енгізу, жылу әдісімен өңдеу қолданылады.

Негізінен қожды белсенділендірудің кең тарағаны түрі болып химиялық әдіс саналады. Онда сілтілі қоспа ретінде әк, ал сульфат есебінде гипс қолданылады. Патент көздерінен өндірістегі қожды

қалдықтарды белсендіру үшін сульфатты және сілтілі қоспалар бұрын пайдаланылмағанын байқаймыз. Мысалы, тығыздығы 1000 кг/м^3 керамзитті бетоннан жасалған ғимаратты жылытуға 10 кг шартты отын жұмсалса, ал тығыздығы 600 кг/м^3 болатын ұялы бетоннан тұрғызылғын ғимаратқа отын шығыны 55 кг құрайды. Яғни керамзитті бетонға қарағанда энергия сийымдылығы 2 есе аз. Ұялы бетон улы заттар немесе зиянды газдарды бөлмейді.

Кірпіш және керамзиттібетон қабырғаларына қарағанда ұялы бетондар [1,2] ғимараттарды жылумен конструкциялау жағынан сапалы әрі тиімді болып саналады.

Негізінде ұялы бетондарда толтырғыш ретінде меншікті беттік қабатты $200-220 \text{ м}^2/\text{кг}$ ұнтақталған кварцты құм қолданылады, арасында ғана ЖЭО күлдері және доменді қождар пайдаланылады.

Автоклавсыз газды бетон технологиясын зерттеу оны қолдану жұмыстарының бас кезінде пайдалану аумағы мен жағдайларының материалдың өміршеңдігіне әсері толық анықталмағанын көрсетті. Сонымен қатар, автоклавсыз газды бетонның қасиеттеріне технологиялық факторлар, шикізат құрамы мен компоненттерінің ара қатынасы, пайдалану жағдайларының әсерлері де керекті деңгейде зерттелмей келді. Зауыттардың техникалық жабдықталуының жоғары деңгейге көтерілуі автоклавты емес газды бетон технологиясын жетілдіруге толық мүмкіндік береді, мұның өзі аталған материалдың физика-механикалық және пайдалану қасиеттерін арттыруға ықпал жасайтыны түсінікті.

Ұялы бетон құрамына ЖЭО күлдерін қоспа немесе толтырғыш есебінде қолдану бірнеше ғылыми зерттеулермен дәлелденген [1-5, 7-15]. ЖЭО күлдері, арзан және көп мөлшерлі шикізат көзі. Одан әр түрлі құрылыс материалдары мен бұйымдарын алуға болады. Оны кең бағытта жеңіл бетон, отын қоспасы ретінде керамикалық кірпіш дайындау үшін утилизациялауға болады. Сонымен қатар күлді майда толтырғыш және цементке қоспа ретінде қосуға, жасанды кеуекті толтырғыш дайындау үшін шикізат көзі түрінде қолдануға да жарайды.


Құрылыста күлді утилизациялаудың негізінен үш бағыты бар. Олар күлді ұялы бетонда пайдалану, жаңа толтырғыш өндіру және қолдануына қарай жеңіл бетон шығару. Қазіргі кезге дейін күлдің байланыстырғыш қасиетін пайдалану бойынша көптеген ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілген. Зерттеліп жүрген күлдің сипаттық ерекшелігі – химиялық құрамы жағынан біркелкі еместігі. Күлдің химиялық құрамы жағылатын қатты отын, көмірдің түрі мен генезисі және жағу кезіндегі түзілу жағдайына байланысты.

Көптеген күлдердің химиялық құрамдарында SiO_2 , Al_2O_3 , Fe_2O_3 , CaO қосылыстары бар. Егер $\text{SiO}_2 + \text{Al}_2\text{O}_3$ қосындаларының мөлшері көп болса, онда бізге керамикалық кірпішке қолданған тиімді, ал CaO мөлшері жақсы болса, бетон құрамы мен цементке белсенді зат есебінде пайдаланған дұрыс. Кейбір күлдердің құрамындағы толық жанбаған және көміртекес компоненттердің арқасында біз керамикалық бұйымдар жасауда немесе кірпіштерді күйдіру барысында отын мөлшерін үнемдейміз (кептіруге және күйдірілуге энергия аз жұмсалады).

Петрография және микроскопиялық талдау нәтижесінде Қызылорда күлі кристалды муллиттен, кварц, гематит және аморфталған шыны фазасынан тұрады екен.



Жоғарыда келтірілген мақсатқа жету үшін жаңа композициялық байланыстырғыштың құрамын жасап, шағыл құм және ұсақ ұнтақталған доменді қож негізінде автоклавты емес газды бетон алу міндеттері қойылды. Бұл бағытта келесі мәселелер шешілді. Шикізаттардың химиялық және минералды құрамының ерекшелігін есепке ала отырып шағыл құмды және қождың газды бетон қоспасының катаю және кеуектенудің физикалық-химиялық процесін зерттеу; қождар негізінде газды бетонды алудың техникалық параметрлерін оңтайландыру және бетондардың құрылыстық төзімділігін жоғары сапалы реттеу кинетикасына зерттеу жүргізу; құрылымдық беріктігін тұрақтандырушы есебінде әр түрлі минералды қоспалардан алынатын газды бетонның қасиеттеріне әсерін табу және газды бетонның эксплуатациялық қасиеттерін анықтау.

Зерттеулер нәтижесінің статикалық өңделуі компьютерде математикалық пакет Math Cad көмегімен жүргізілді. Шикізат материалдардың қасиеттері «Сәулет және құрылыс өндірісі» кафедрасының зертханасында анықталды. Эксперименттік жұмыстар 1-суретте көрсетілген құрылымдық-әдістемелік сұлба бойынша орындалды.



Сурет 1. Зерттеуді жүргізудің құрылымдық-әдістемелік сұлбасы

Сонымен қатар қожды толтырғыш және композициялық байланыстырғыш негізіндегі араласпа ерітінділердің қасиеттерін зерттеу және тығыз ерітінділерді алу, газды бетонды алуға арналған қалыптанған қойыртпақтардың қасиеттері, газды бетонды алуға рационалды параметрлерді таңдау бойынша көп факторлы тәжірибелерді жоспарлау, газды бетонның катаю режимін жасау және соңынан алынған газды бетонды үлгілердің қасиеттерін зерттеу жұмыстары жасалды. Келесі суретте алынған газды бетонның ісіну биіктігінің толтырғыш түріне тәуелділігі мен газды бетон массасының шөгуінің толтырғыш түріне тәуелділігі көрсетілген.




Сурет 2-3. Кеуектелген газды бетон массасы шөгугінің толтырғыш түріне тәуелділігі

Қоспадағы қожды толтырғыштың 10-15%-ға ұлғаюы, газды бетонның орташа тығыздығын 50-100 кг/м³ көбейтеді, сондықтан оптималды деңгей ретінде нөлдік деңгей алынады, бұл 1-ге тең С мәніне (толтырғыштың байланыстырғышқа қатынасы) сәйкес келді.

Қалыпталушы қойыртпақтың температурасының артуы материалдың орташа тығыздығының өсуіне әкеледі. Бұл ісінуге қарсыласатын құрылымдық беріктігінің тез өсуіне байланысты, сондай-ақ қатайған үлгілердің беттік қабаттарынан газдың бөлінуінен құрылым бұзылуға ұшырайды. Графиктерде көрсетілгендей, қойыртпақтың температурасының артуы газды қожды бетонның сығу кезіндегі беріктігін төмендетеді.

Қожды цементті ерітінділерінің үлгілері цементті құмды ерітінділер үлгілеріне қарағанда сығу кезіндегі орташа беріктігі және тығыздығы аз көлемге ие, бірақ конструктивті коэффициент сапасы 10-15%-ға жоғары. Бұл негізінен кальций силикатынан тұратын қожды толтырғыштың белсенділігімен және үйлесімді байланыстырғыш құрамындағы кварцтың әсер етуімен түсіндіріледі.

Қожды газды бетонның құрылымы кварц құмы негізінде алынған газды бетонмен салыстырғанда біртегіс орналасқан (2-3 сурет).


Исследования и практика показывают, что для районированного сорта «Карлыгаш» оптимальный срок посева – первая и вторая декада сентября, а для сорта «Прогресс» – с 20 по 30 сентября. Норма посева в этом случае должна быть 4-4,5 млн. всх. зер/га. При посеве в более поздние сроки норму посева увеличивают до 5-5,5 млн. всх. зер/га.

Посев проводят обычным рядовым (с междурядьем 15 см), узкорядным (с междурядьем 7,5 см) и перекрестным способами сеялками СЗ-3,6, СЗТ-3,6.

На формирование высокого урожая определенное влияние оказывает и глубина заделки семян. При глубоком посеве семян узел кущения также располагается глубже, в результате растения меньше повреждаются от мороза. При оптимальном сроке посева семена заделывают на глубину 5-6 см, а на песчаных почвах – на глубину 7-8 см. После посева почву прикатывают кольчатым катком. Этот агроприем способствует быстрому прорастанию семян и хорошей перезимовке растений озимой пшеницы.

Высокий потенциал урожая, сформировавшийся осенью, должен быть сохранен агротехническими мероприятиями весенне-летнего сезона. Ранней весной, во второй и третьей декаде марта, на посевах озимой пшеницы проводится подкормка азотными удобрениями в дозе N40-60кг/га, поперек рядков посева. С целью уничтожения проростков сорняков и заделки удобрений проводится боронование легкими боронами в два следа поперек рядков, которое способствует сохранению влаги и предупреждению засоления верхних слоев почвы.

Высокий урожай формируется только при поливе, получение максимального урожая зерна озимой пшеницы возможно при оптимизации режима орошения. После внесения подкормки сразу же производят полив нормой 1500-2000 м³/га с быстрым затоплением и сбросом воды. При таком способе полива соли на поверхности почвы растворяются и фильтруются вниз. Повышается также усвояемость и эффективность минеральных удобрений, внесенных при подкормке. Одновременно с этим создаются благоприятные условия для прорастания семян многолетних трав (люцерны или донника).

Способы уборки озимой пшеницы определяются в зависимости от высоты растений в посевах, густоты стеблестоя покровной культуры и многолетних трав, засоренности посевов сорняками. На чистых посевах пшеницы при одновременном созревании колосьев уборка проводится прямым комбайнированием; при неравномерном созревании или при более густом стеблестое многолетних трав уборку производят раздельным способом. При прямом комбайнировании сначала скашивают края чехов и через 2-3 дня их обмолачивают. Затем убирают весь посев.

Литература:

1. Уразалиев Р.А. Производство пшеницы в странах ЦАР // Вестник Региональной сети по внедрению сортов пшеницы и семеноводству. – Алматы, 2003. – № 3.
2. Атақұлов Т.А., Кененбаев Т.С. Ауыл шаруашылық мелиорациялары. – Алматы: Агроуниверситет, 2000.
3. Ауыл шаруашылығын өркендету жүйесі жөніндегі ұсыныстар. – Алматы: «Қайнар», 1980.

Түйіндеме

Мақалада Арал өңірінде күздік бидайды көпжылдық шөптермен бүркемелеп себіп, аймақтың агротехникалық шараларды толық сақтағанында ғана мол сапалы өнім жиналатыны дәлелденген. Аймақтың ерекшеліктерін ескере отырып, ауыспалы егістің жаңа ауыспалы егіс нобайларында күріш үлесі 50%бен 37,5% болуын камтамасыз ету бағдарламасы ұсынылған.

Summary

The article considers the possibility of gathering large quality harvest in the Aral Sea region by sprinkling masking autumn wheat with perennial grasses under keeping agro-technical measures. Taking into account the peculiarities of the region there was recommended the program of rotation rice crops in the new rotation crop fields as 50% to 37,5%.

ӘОЖ 528.9:626.862.91:631.53.04

ЕГІС ТАНАПТАРЫ ЛАСТАНУЫН ЕСЕПТЕУ ЖӘНЕ КАРТАҒА ТҮСІРУ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ

М.М. ЖАНЗАҚОВ,

ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, профессор,

А.Т. ШЕГЕНБАЕВ,

техника ғылымдарының кандидаты,

А.Е. БЕКЕНОВА,

техника және технология магистрі,

«Ақмешіт» гуманитарлық-техникалық институты

Арам шөптермен күресу егістік жерлер жоспарлы жүйелі зерттелген және ластану картасы құрастырылған болса тиімді. Танаптардың ластануы топырақ және метеорология жағдайларына, себілетін дақылға, топырақ өңдеуге, тыңайтқыштар жүйесіне, агротехникалық тәсілдерге және т.с.с. байланысты. Сондықтан ластануды жыл сайын ескеріп отыру қажет. Жыл бойына алынған деректерді талдау және оларды салыстырып отыру, нақты жағдайда арам шөптерді жоюдың жақсы тәсілдерін белгілеуге мүмкіндік береді. Ластануды бағалау үшін егістердегі арам шөптердің көптігі (саны, массасы, көлемі, проективті жабыны), сондай-ақ кездесетіндігі мен қабаттылық сияқты көрсеткіштері пайдаланылады [1-3].

Танаптардың ластануын есептеу үшін көзбен өлшеу (көзөлшем) немесе визуальді және сандық-салмақтық әдістер қолданылады. Өндірістік жағдайларда онша қиындық тудырмайтын және жеткілікті деректер беретін көзөлшемдік әдіс көп қолданылады.

Егістің ластануын көзөлшем әдістерімен анықтау. Бұл әдістің өзінің бірнеше түрі белгілі: А.И. Мальцевтің көзөлшем-сандық, Н.Ф. Комаров – В.В. Алехиндердің көзөлшемдік-проективтік әдістері және бұрынғы КСРО-дағы Оңтүстік-Шығыс АШҒЗИ-дің көзөлшемдік-құрамалық әдісі. Осылардан А.И. Мальцевтің әдісі кең таралған. Оның негізіне ауыл шаруашылығы дақылдары сабақтарының жиілігімен салыстырғандағы арам шөптердің шамасын бағалау қойылған. Танаптардың ластануы бұл әдісте шкала бойынша балмен көрсетіледі (*1-кесте*).

Кесте 1. Арам шөптер көптігі сатысының шкаласы

Балл	Мәдени дақылдар мен арам шөптер қатынасының сипаттамасы	Ластану дәрежесі
1	Егісте бірлі-жарым арам шөп кездеседі.	нашар
2	Арам шөптер егісте аз мөлшерде кездеседі, әдетте олар мәдени өсімдіктер массасынан байқалмайды.	орташа
3	Арам шөптер егісте көп, бірақ мәдени өсімдіктер басым.	күшті
4	Арам шөптер мәдени өсімдіктерден көп болғандықтан оларды тұншықтырады.	өте күшті

Ластанудың көзөлшемдік әдісі өндірістік жағдайда көлемі үлкен жерлерді есептеуде қолданылады. 1982 жылы КСРО-да бірегей егістік жерлер ластануын анықтау әдістемесі мен болжам элементтері бойынша арам шөп – егістік өсімдіктері картасын жасау әдістемесі бекітілді және олар қазір де қолданыста. Танаптардың ластануын тексеру вегетация бойына кемінде екі рет жүргізген дұрыс. Бірінші тексеру (шұғыл) – көктемде ауыл шаруашылығы дақылдары вегетациясының бастапқы кезеңінде егісті күтіп-баптаудың (егісті тырмалау, қатараралық өңдеулер, химиялық отау және т.с.с.) қолайлы мезгілін белгілеу мен ең жақсы тәсілдерін таңдау үшін орындайды. Екінші тексеру (жүйелі) дақылдар жинаудың аз-ақ алдында. Ол егістер ластануын азайту бойынша көктемнен бергі атқарылып жатқан тәсілдердің тиімділігін бағалап қана қоймай, күз кезеңіне дайындалған әр танапта арам шөптерді жоюға арналған шараларды нақтылауға мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығы жерлерінің ластануын анықтау техникасы.

Негізгі жаппай тексеру. Әр танап пен учаскені үлкен қиғашы бойымен жүріп өтеді және шамамен бірдей қашықтық аралығына размері 50x50 см (0,25 м²) қалыпты ауданы 50 га болатын танап пен учаскенің 10 нүктесіне, 50-ден 100 га – 15, ауданы 100 га және одан да үлкен болып келетін танаптардың 20 нүктесіне қояды. Сонан соң қалыптың ішіндегі арам шөптердің әр түрін санайды. Олардың нәтижелерін танаптың немесе учаскенің ластануын есептеу парағына түсіріп отырады (1-форма).

Егістерді тексергенде арам шөптердің барлық түрлерін есептейді. Есептеу қалыбының ішіне түспей қалған, бірақ танапта болған, әсіресе қауіпті және карантинді арам шөптерді де жазып алып отырады. Әр түр жеке қатарға жазылады. Тексерушіге белгісіз арам шөптер деректері «Басқа түрлер» деген қатарға түсіріледі.

Танаптың ластануының бірінші есептеу нәтижелері 1-ші формадан (дақыл бойынша) 2-ші формаға (қорытынды мәлімет қағазына) ауыстырылады. Тексерілген жерлерді ластану дәрежесі (1м²-дегі арам шөптер мөлшері) бойынша топтарға бөледі: 5-ке дейін, 6-15, 16-50, 51-100 және 100-ден көп. Әр танап бойынша ластанудың біріншілік (алғашқы) есептеу мәлімет қағазы шаруашылықтың бас агрономында кемінде 10 жыл сақталады және ол танаптар ластануының динамикасы туралы ақпарат көзі болып саналады.

Ластанған танап, учаскенің есеп парағы

Шаруашылық Бөлім (бригада) Ауыспалы егіс Танап (учаске) Ауданы (га) Топырақ (типi, механикалық құрамы, қарашірінді мөлшері) Топырақ өңдеу (түренді, түренсіз)	Дақыл, сорт Өсіп-жетілу фазасы Өсімдік жиілігі (бірқалыпты, сирек) Алғы дақыл Тыңайтқыш (түрі, енгізу мөлшері) Есептеу жылындағы гербицид (препарат, жұмсалы мөлшері, өңдеу мерзімі) Есеп жүргізген мерзім (күні, айы, жылы)
---	--

Арам шөп шифры	Арам шөп түрі	0,25м² қалыптағы арам шөптер мөлшері (дана)						Барлығы	Орташа			Басқа түрлер
		1	2	3	және т.с.с.	19	20		*0,25м²	*1м²	Барлық түрлермен ластануы (дана/м²)	

- Атқаратын қызметі
 Тексерушінің аты-жөні Қолы

* Барлығын қойылған қалыптың мөлшеріне (саны) бөлу.
 ** «0,25м² қалып» көрсеткішін 4-ке көбейту.

1-форма

Ауыл шаруашылығы дақылдары ластануының қорытынды мәліметі														
Мекен-жайы	Аты	Шифр	Дақыл		Егістік жер көлемі (га)		Арам шөп түрі		Барлық ластанған егістік жер (га)	Ондағы егістік жерлер (га) ластану градациясы (дана/м ²) бойынша				
			шифр	аты	жалпы	тексерілген	шифр	аты		5 дейін	6-15	16-50	51-100	100-ден көп
Дақылдар бойынша жалпы ластану														
Ондағы арам шөптер түрлері бойынша														
Басқа түрлер														
Шаруашылықтың бас агрономы														
Мерзімі														

2-форма

Шаруашылық 2-форманы аудандық (ауданаралық) өсімдік қорғау станциясына өткізеді.

Негізгі тексеру материалын арам шөптермен біріктірілген күрес шараларын атқаруға және гербицидтерге тапсырыс беруге пайдаланады. Аудандық «Ауыл шаруашылығы техникасы» бірлестігі шаруашылықтарға тек танап ластануын есептеу мәлімет қағазы болғанда ғана гербицидтерді бөледі және жеткізіп береді.


Шұғыл тексеру. Шаруашылықта арам шөптермен күресу жұмыстарын бастамас бұрын мына мерзімдерде визуальді шұғыл тексеру жүргізеді: жаздық дәнділер мен күріште – түптену фазасының басында; күздік дәнділерді – күздік вегетацияның соңы мен көктемде өсіп шыққаннан соң; жүгеріні – 2-3 жапырақ фазасында; дәндібұршақтарды – 8 см-ге дейінгі биіктікте, талшықты зығырды – «шырша» фазасында; судан шөбі, итқонақты – түптену фазасында; отамалы дақылдарды – қатараралық өңдеулердің алдында; көпжылдық шөптерді – астықтыларын түптену фазасына дейін, бұршақтық компоненттерін – бірінші үштік жапырақ немесе өсу фазасында; таза сүрі жерлер мен өңделмеген жерлерді – арам шөптердің жаппай пайда болуында; жеміс-жидектерде – қатараралықтарды бірінші өңдеу алдында. Шұғыл тексеру нәтижелері бойынша гербицидтермен өңдеу немесе басқа да әдістермен күресу үшін түрлік құрамды, ауыл шаруашылығы жерлерінің көлемін нақтылайды.

Егістің ластануын есептеудің сандық-салмақтық әдісі. Бұл әдіс еңбекті салыстырмалы көп қажет етеді және негізінен ғылыми-зерттеу жұмыстарында, сондай-ақ көзөлшемдік әдіспен алынған деректерге түзетулер, өзгерістер енгізу үшін қолданылады. Есеп жүргізу техникасы тексеретін танапқа немесе мөлдекке белгілі бір мөлшерде қалыптар қойып, ондағы арам шөптерді санау мен олардың массасын (жаңа және құрғақ) анықтау.

Арам шөптермен ластану картасын жасау.

Тексерулер нәтижелері бойынша ауыл шаруашылығы жерлерінің ластану картасы құрастырылады (*2-сурет*). Ол ауыспалы егістер танаптары мен басқа да ауыл шаруашылығы жерлеріндегі арам шөптермен кешенді күресу шаралары жүйесін жасау және қолдану үшін тексеру нәтижелерін тиімді пайдалануға мүмкіндік жасайды.

Әдетте арам шөптердің негізгі биологиялық топтары мен түрлік құрамын картамен көрсеткен дұрыс. Ол бір мезгілде арам шөптердің бірнеше түрлерімен күресу шаралары жүйесін тиімді жоспарлау мен қолдануға көмектеседі.



Сурет 2. Егістердің ластану картасы

Картада биологиялық топ төңірегіндегі негізгі арам шөптерді көрсету келесі жылдар егістерінде олардың пайда болуын жорамалдауға, олармен күресуге арнайы механикалық тәсілдерді таңдауға, ауыспалы егісте гербицидтердің тиімді жүйесін жасау мен қолдануға мүмкіндік береді. Мәлімет қағаздың деректерін өңдегеннен кейін әр танап бойынша карта жасауға кіріседі. Онда барлық танаптарды белгілі бір бояу түсімен немесе штрихтермен басым арам шөп топтарын (жаздық, қыстайтын және күздік, тамырөркенді, тамырсабақты және басқалары) белгілейді. Сол жақтағы төменгі бұрышта танаптың арам шөптермен жалпы ластану балы қойылады. Әдетте арам шөптердің әр танапта көрсетілген басқа биологиялық топтарын шеңбер секторымен белгілейді. Картаға арам шөптердің өте көп таралған түрлерінің тізімін қосымша етіп береді.

Көзөлшеммен есеп жүргізу негізіне ластанудың типі алынған. Әр тип арам шөптердің екі-үш тобынан құралады: басымы ластанудың негізгі фонын жасаушы болса, қосақталушылар дарақтарының саны шектеулі, кейде карантинді, қауіпті, қиын ажыратылатын немесе улы арам шөптер болып келеді. Әрқайсының аталуы басым арам шөп тобымен және келесідей ластану типтері болады: тамырөркенді вегетативтік көбею мүшелерінің негізгі мөлшері топырақтың 100 см дейінгі тереңдігінде орналасқан өте төзімді көпжылдық қосжарнақты арам шөптерден құралады. Олар – егістік сарықалуен, егістік шырмауық, егістік қалуен, татар сүтшөбі; тамырсабақты вегетативтік қайта жаңару мүшелері жырту қабатында болатын тамырсабақты қоңыр басты арам шөптердің (жатаған бидайық, бұтақты жау-шалғын, қарашағыр және т.б.) үйлесуімен және көпжылдық тамырөркенділердің бірлі-жарым дарақтарымен құралады.

Азжылдық тип – кіндік тамырлы және тамырөркенді көпжылдықтардың шашыранды және сирек дарақтары қосарлана, барлық азжылдық арам шөптер жиынтығынан тұрады. Егістік жағдайда кездесетін қаралған жай типтердің комбинациясы ластанудың тағы да күрделі типтеріне бөліну қажеттігіне алып келеді: тамырсабақты-тамырөркенді, тамырөркенді-азжылдық, тамырсабақты-азжылдық және тамырөркенді-тамырсабақты-азжылдық. Барлық осы типтердің әрқайсысымен егістің ластану дәрежесі төрт сатылы шкала бойынша балмен, мәдени өсімдіктер жиілігіне салыстырмалы бағаланады: 1 – бірлі-жарым арам шөптер кездеседі (ластану төмен); 2 – арам шөптер жалпы оттылықтың төрттен бірінен

көп емес (орташа ластану); 3 – арам шөптердің көптілігі мәдени өсімдіктердің жиілігіне жақындайды (қатты ластанған); 4 – арам шөптер мәдени өсімдіктерден көп (өте қатты ластанған) [4-5] .

Карта жасағанда ластанудың әр типі белгілі бір бояу түсімен немесе штрихпен белгіленеді: азжылдық – сары немесе нүктелермен; тамырөркенді – қызыл немесе тік сызықпен; тамырсабақты – көк немесе көлденең сызықтар; тамырөркенді-азжылдық – қызғылт-сары немесе тік сызықтар арасында нүктелерімен; тамырсабақты-азжылдық – жасыл немесе көлденең сызықтар нүктелерімен; тамырөркенді-тамырсабақты – сиякөк немесе тік және көлденең қиғаш сызықтар; тамырөркенді-тамырсабақты-азжылдық – қоңыр немесе айқасталған тік және көлденең сызықтар торына нүктелердің үйлесуі. Картада әр танап бойынша ластану баллын боялмаған шеңберде көрсетеді, карантинді арам шөптер ошақтарын үшбұрыштайды, ал қауіпті, улы немесе қиын ажыратылатын арам шөптерді шаршылап қояды. Карталар мен егістің ластану мәлімет қағазын танаптың тарихы кітабына қосып қояды.

Топырақтың арам шөптер тұқымдарымен және вегетативтік ұрықтарымен ластануын есептеу. Бұл әдістің принципі – алынған топырақ үлгілерінен арам шөп тұқымдарын ажыратып, олардың түрлік құрамын анықтау.

Топырақтағы арам шөптердің мүмкіндік қорын анықтау үшін Шевелев немесе Калентьев бұрғыларын пайдаланады. Алынған үлгіні ашық ауада кептіріп барып талдауға кіріседі. Ол үшін массасы 10 г немесе 1 кг топырақ шөкімдерін тесіктерінің размері 0,25 мм елеуішке салып, одан сумен топырақтың ұсақ бөліктерін шайып өткізеді. Сонан соң лупаның көмегімен тұқымдарды коллекциялық үлгілер, сүреттермен салыстыра және анықтауыш-кілтті пайдаланып анықтайды. Топырақ үлгілері талданғаннан кейін, алаң бірлігіндегі тұқым қорын есептеу қиындық тудырмайды. Арам шөптердің вегетативтік көбею мүшелері қорын есептеу үшін түрлі размердегі қалыптар пайдаланылады. Олардың егістік танабына қойылған жерінің топырағын қабат бойынша қазып алып, топырақтан қолмен арам шөптердің вегетативтік болашақ ұрықтарын аршып алады. Сонан кейін олардың түрлік құрамын, қайта жаңару бүршіктерінің мөлшерін, тамырдың ұзындығы мен массасын және басқа да көрсеткіштерін анықтайды.

Әдебиеттер:

1. Воробьев С.А., Буров Д.И., Туликов А.М. Земледелие. – М.: Колос, 1977. – 480 с.
2. Жанзақов М.М. Егіншілік. – Қызылорда – Алматы: Тұмар – Атамұра, 2010. – 400 б.
3. Жаңабаев Қ.Ш. Қазақстанда жиі кездесетін арам шөптер және олармен күрес. – Алматы, 1994.– 84 б.
4. Справочник по защите растений / Под ред. А.О. Сагитова, Ж.Д. Исмухамбетова – Алматы: РОНД, 2004. – 320 с.
5. Фисюнов А.В. Сорные растения. – М.: Колос, 1984. – 105 с.

Резюме

В статье приводятся наиболее часто используемые при учете засоренности полей методы – глазомерный, или визуальный, и количественно-весовой, техника определения засоренности сельскохозяйственных угодий – основное сплошное обследование и оперативное обследование, также методика составления карты засоренности сельскохозяйственных угодий и техника учета засоренности почвы семенами и вегетативными зачатками сорняков.

Summary

This article describes the most commonly used in the debris fields accounting methods – by eye, or visual and quantitative weighting, debris technology definition of agricultural land – main entry screening and rapid survey methods, also mapping the debris of agricultural land and machinery accounting weed seeds and vegetative soil rudiments of weeds.

КАРАНТИНДІК АРАМ ШӨПТЕР ЖӘНЕ ОЛАРМЕН КҮРЕСУ ШАРАЛАРЫ


М.М. ЖАНЗАҚОВ,

ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, профессор,

А.Т. ШЕГЕНБАЕВ,

*техника ғылымдарының кандидаты,
«Ақмешіт» гуманитарлық-техникалық институты*

Карантиндік арам шөптер өте зиянкестігімен ерекшеленеді. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Өсімдік қорғау және карантин басқармасы деректері бойынша республикада карантинді арам шөптің 5 түрі тіркелген: жатаған уекіре барлық жерлерде 2,15 млн га, жусан жапырақты ойраншөп Алматы облысында 3,89 мың га, көпжылдық ойраншөп Батыс Қазақстанда 3,47 га, арамсоюу барлық жерлерде 168 мың га және тікенекті алқа Жамбыл облысында 100 га жерге таралған (1-сурет) [1].



*Сурет 1. Карантиндік арам шөптердің Қазақстан территориясында таралуы
(2008 жылғы деректер бойынша)*

Реті	Карантиндік арам шөптер	Облыстар		
1	көпжылдық ойраншөп	1 – Ақмола	6 – Жамбыл	11 – Маңғыстау
2	жусан жапырақты ойраншөп	2 – Ақтөбе	7 – Батыс Қазақстан	12 – Павлодар
3	жатаған уекіре	3 – Алматы	8 – Қарағанды	13 – Солтүстік Қазақстан
4	тікенекті алқа	4 – Атырау	9 – Қызылорда	14 – Оңтүстік Қазақстан
5	арамсоюлар	5 – Шығыс Қазақстан	10 – Қостанай	

Карантиндік арам шөптер тұқымдары басқа аймақтарға ағын су, еріген қар суы, жануарлар, құстар, өсімдік өнімі, техника және т.с.с. арқылы таралады. Карантинді арам шөптермен күресу уақытылы, жүйелі және барлық жерлерде шаруашылық-ұйымдастыру, карантиндік, агротехникалық, сондай-ақ биологиялық және химиялық шараларын қолданумен іске асырылуы керек [2-3].

Шаруашылық-ұйымдастыру шаралары. Карантинді арам шөптермен тиімді күресуді ұйымдастырудың негізі – мониторинг. Тексеру жаздың басында арам шөптердің гүлдеуіне дейін маршрутты әдіспен нақты учаскені екі қиғаш бағытта өтумен жүргізіледі. Тексеру нәтижелері негізінде карантинді арам шөптердің таралуы және олармен күресу жоспары картасы жасалынады. Жоспарда қатты және аз ластанған учаскелер, түрлі құралдар қажеттілігі, агротехникалық, биологиялық шаралар, қажетті гербицидтер мөлшері, оларды қолдану кезектілігі, мерзімі, мөлшері және қолдану тәсілдері көрсетіледі. Бұндай карта әр шаруашылықта, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің аудандық және облыстық территориялық басқармаларында болуы қажет.

Карантиндік шаралар. Шаруашылық территориясында карантиндік арам шөптің бар екендігі анықтала қалған жағдайда оған қарсы карантин жарияланады. Карантинді арам шөптер тұқымдары таралуының алдын алу үшін барлық жер пайдаланушылар карантиндік ережені қатаң орындауы қажет.

Агротехникалық шаралар. Карантиндік арам шөп жатаған уекіремен күресудің агротехникалық тәсілінің негізгі міндеті – тамыр жүйесінде қоректік заттардың жиналуына және оның қайта өсуіне кедергі келтіретін көп қайтара қырқу. Жаппай ластанғанда (А.И. Мальцев шкаласы бойынша) танапты сүрі жерге қалдырады.

Уекіремен күресу үшін Қазақстанның оңтүстік-шығысында топырақты негізгі өңдеу жүйесі – тамырларды қырқу және жаңа өркендердің пайда болуын үдету мақсатында аңызды сыдырту (12 см тереңдікке 2-3 қайтара), әрі қарай шолақ түренді соқамен сүдігер жырту. Солтүстік Қазақстан жағдайында жинаудан кейін уекіренің ошақтарын КПП-250 сыдыра қопсытқышымен 10-12 см тереңдікке өңдеу жүргізу қажет. Бұнда ұзындығы 8-10 см вегетативті бүршіктері бар кесінділер күз-қыс кезеңінде қоректік заттардың жеткіліксіздігінен толық жойылады. 20-25 см тереңдікке сыдыра қопсытып өңдеудегі ұзындығы 15-18 см кесінділерден және қию сызығынан төмен тамырлардан келесі жылы көктемде өркендер пайда болады. Уекіренің өркендері пайда болғаннан бір аптадан кейін 10-12 см, 14-16 және 18-20 см тереңдікке КПП-250 немесе КПЭ-3,8А құралдарымен үшқатарлы сыдырту жүргізу керек. Өңдеудің арқасында майдаланған ұзындығы 4-5 см шамасындағы кесінділер тамырлануға қабілетсіз болғандықтан өліп қалады. Қайта механикалық өңдеуді жоспарлауда тамырлардағы қию сызығынан төмен орналасқан бүршіктерді оятуға апта жеткілікті екендігін және де өсу жылдамдығы шамамен тәулігіне 1 см болатындығын ескеру қажет. Сүрі жерді механикалық өңдеу уекірені толық басып

тастай алмайды, тек сүрі жердегі бірінші дақылдың ластануын ғана азайтады. Уекіремен ластануды шаруашылықты сезінбеу деңгейіне дейін төмендету үшін агротехникалық тәсілдер химиялық тәсілдермен кешенді жүргізілуі қажет. Көпжылдық ойраншөп өте қатты ластаған танапты таза сүрі жерге жібереді. Сүрі жерді күту арам шөптер тұқымы өніп шығуы мен топырақ қабыршақтануына қарай бірнеше қабат бойынша қопсытудан, тырмалаумен бірге тұрады. Танаптарды карантиндік арам шөптерден (егістік арамсоюу, жусан жапырақты ойраншөп, тікенекті алқа) тазалауда ауыспалы егістерде дақылдардың дұрыс ауысуын, топырақты уақытылы және тиянақты өңдеуді, егісті қолайлы мерзімде себу және күтіп-баптауды қарастыратын агротехникалық шаралар кешені шешуші рөл ойнайды. Ерте жинайтын дақылдардан кейін аңызды 10-12 см тереңдікке сыдыртып, сонан соң шолақ түренді соқамен жыртады. Топырақтың беткі қабаттарында арамсоюу тұқымдарының болу-болмауына байланысты қайырмалы және қайырмасыз жыртыуды ауыстырып отыру керек. Қайырып жыртықанда арамсоюуға сезімтал – жоңышқа, қант қызылшасы және басқа техникалық дақылдар мен көкөніс дақылдарын себу қажет, себебі егістік арамсоюудың тұқымын топыраққа тереңге сіңіргендіктен, оның және басқа арам шөптердің көктері топырақ бетіне жете алмай өліп қалады. Қайырмасыз өңдеуде бұл паразитке төзімді дәнді дақылдар мен жүгеріні егу керек. Ластанған танаптарда дақылдардың себу мерзімін созыңқырап жіберіп, пайда болған арам шөптер көктерін егісалды қопсытулармен, сондай-ақ көктеуге дейінгі және көктеуден кейінгі тырмалаулармен жою қажет. Тырмалау жүйесі (егуге дейінгі, егуден кейінгі, көктеу бойынша) карантинді арам шөптер көктерінің мөлшерін қант қызылшасы егісінде 90,8% дейін, жүгері егісінде 74,3, майбұршақта 77,0% азайтады. Жоңышқалықты күзде екі ізбен тырмалау арамсоюумен ластануды 84,0-93,0%-ға төмендетеді. Жоңышқалықты көк азыққа төмендетіп (2-3 см) орудан егістің арамсоюумен ластануы азайған, себебі арамсоюудың шырматылған сабақтарының негізгі массасы 5 см-ден жоғарыда орналасады.

Арам шөптермен фитоценоздық күресу шаралары белгілі бір агротехника (мерзім, тәсіл, себу мөлшері, ауысу тәсілі) қолданудан арам шөптермен бәсекелестік қабілеті артатын дақылдар пайдалануға негізделген. Бұндай дақылдар агрофитоценоздың доминанты болып арам шөптерге қарсы тұрып қана қоймай, олардың тіршілігін басып тастайды. Нақты мәдени өсімдіктің оттылығының (жиілігі, биіктігі, өсіп-жетілу динамикасы) ерекшелігі өсімдіктің арам шөптермен күрестегі артықшылығын немесе кемшілігін анықтайды.

Ойраншөп табиғи өсімдік жамылғысы бұзылған жерлерде пайда болады және ашық тіршілік орындарында құралатын арам шөптер топтарының доминанты. Жыртылған егістік жерлерге көпжылдық шөптер егу, жусанжапырақты ойраншөп және басқа арам шөп түрлерінің таралуына кедергі келтіреді. Жусан жапырақты ойраншөптің өсіп-жетілуін басып тастау үшін жоңышқаның 1м² жердегі оттылығы 450-500 дана, жоңышқаның шөп-қоспасында: жоңышқа 300, еркекшөп 300 болуы тиіс. Арам шөптермен химиялық күресу шараларының агротехникалық тәсілдермен үйлесуі өсімдікті қорғау жүйесінде маңызды орын алады [2-6]. Дәнді дақылдар егістеріне жатаған уекіренің зиянды әсерін төмендету үшін дақылдың түптену фазасында гербицидтер – диален супердің 48%-дық с.е. (0,5-0,7 л/га) немесе лонтримнің 39,5%-дық э.к. (1,5-2л/га), болмаса экстеронның 85%-дық э.к. (0,6-0,8 л/га) қолдану ұсынылады. Сүрі жерде топырақты механикалық өңдеудің гербицидтердің қоспасы – ураганды 48%-дық с.е. (4,0 л/га) немесе раундапты 36%-дық с.е. эстеронмен 85%-дық э.к. (1 л/га) немесе диален супермен 48%-дық с.е (1 л/га) жертаған жапырақтану-сабақтануда күзде өңдеумен үйлестіре қолдану тиімді. Арам шөптегі фотосинтез өнімдерінің жерүсті мүшелерден жерастыларға қарай қатты ағылып жатқандағы осы өңдеу, сүрі жердегі уекірені толық жоюды қамтамасыз етеді. Жусан жапырақты ойраншөппен күресу үшін дәнді дақылдар егісінде өсімдіктің түптену фазасында диаленнің 40% э.к.(2,5 л/га) немесе базаранның 48%-дық с.е. (3,0 л/га), басқаша ковбойдың 40%-дық с.е. (190 мл/га) пайдаланылады. Жоңышқаның егістік жеріне арам союумен күресте тұқым сепкенге дейін трэфланның 24%-дық э.к. (5-6 л/га) бүркіп, дереу оны топыраққа енгізеді. Арамсоюумен өте қатты ластанған жоңышқалық химиялық өңдеуден бұрын гүлдеуге дейін орылып алынады. Жоңышқаны ору арамсоюу тұқым салып қоймай тұрып жүргізіледі. Орылған шөпті дереу алып кетіп, танапты пивоттың 10% с.к. (0,8 л/га) не-

месе ураганның 48%-дық с.е. (1,0 л/га) бүркеді. Тікенекті алқамен күресу үшін дәнді дақылдардың түптену фазасында диаленнің 40%-дық э.к. (2,5 л/га), жүгерінің егістік жерінде оны егуге дейін топыраққа харнестің 90% э.к.(2-3 л/га), өсімдік 3-5 жапырақ болғанда диаленнің 40%-дық э.к. (2,5 л/га) қолданады.

Әдебиеттер:

1. Справочник по карантинному фитосанитарному состоянию Республики Казахстан. – Астана, 2008.
2. Лыков А.М., Коротков А.А., Громакова Т.Г. Земледелие с почвоведением. – М.: Агропромиздат, 1985.
3. Жанзақов М.М. Егіншілік. – Қызылорда – Алматы: Тұмар – Атамұра, 2010.
4. Жаңабаев Қ.Ш. Қазақстанда жиі кездесетін арам шөптер және олармен күрес. – Алматы, 1994.
5. Справочник. Список пестицидов (ядохимикатов), разрешенных к применению на территории Республики Казахстан на 2003-2012 гг. / Под ред. С.С. Хасанова – Астана: Asia MIX, 2003.
6. Справочник по защите растений / Под ред. А.О. Сагитова, Ж.Д. Исмухамбетова – Алматы: РОНД, 2004.

Резюме

В статье освещаются карантинное фитосанитарное состояние сельскохозяйственных земель Республики Казахстан, организационно-хозяйственные, карантинные, агротехнические, химические и биологические мероприятия по защите сельскохозяйственных растений от сорняков. Рассматривается организация наиболее эффективной борьбы с карантинными сорняками, сочетающая химические меры борьбы с агротехническими приемами в системе защиты растений.

Summary

The article considers the quarantine phytosanitary condition of agricultural land of Kazakhstan, organizational and economic, quarantine, agronomic, chemical and biological activities to protect crops from weeds. It also deals with the organization of the most effective weed control quarantine, combining chemical control measures with cultural practices in the protection of plants.

ҚҰМКӨЛ МҰНАЙЫНЫҢ ТОЛЫҚ ҚҰРАМЫН, ШЫҒУ ТЕГІН ЖӘНЕ ҚАСИЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Н.О. АППАЗОВ,

химия ғылымдарының кандидаты,

М.І. СЫЗДЫҚБАЕВ,

химия ғылымдарының кандидаты,

Р.Ә. НАРМАНОВА,

техника ғылымдарының кандидаты,

Н.И. АҚЫЛБЕКОВ, Д.Ж. НИЯЗОВА,

ғылыми қызметкерлер,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті


Қазіргі таңда мұнай өнеркәсіптік органикалық синтездің негізгі шикізат көзі болып табылады. Мұнай көміртек, сутек, күкірт, оттегі және азот сияқты бес негізгі элемент кіретін күрделі заттардан тұрады. Көмірсутектер (парафиндер, нафтендер және арендер) мұнайдың негізгі компоненттері болып табылады, ал гетероорганикалық қосылыстар негізінен ауыр фракцияларда, әсіресе шайыр-асфальтендік бөлігінде шоғырланған [1]. Өнеркәсіптерде барлық синтезделетін органикалық заттардың 90%-дан астамы мұнайдан алынады [2].

Мұнайлардың құрамын зерттеу мұнай өңдеудің тиімді кешенін таңдауға, оларды модельдеуге, мұнай өңдеу қондырғыларының қуатын негіздеуге, мұнай генезисі жайлы ұғымды дамытуға және мұнай геологиясының мәселелерін шешу үшін өте маңызды болып табылады.

Бұл жұмыста Құмкөл кенішінің мұнайы мысалында оның құрамын және қасиеттерін зерттеу нысаны ретінде алдық.

Хромато-масс спектрометриялық зерттеулер жүргізу үшін мұнай алдын ала силикагель және алюминий оксиді сорбенттері көмегімен құрамындағы асфальтендер мен шайырлардан тазартылды.

Мұнайдың толық құрамы Agilent 7890A/5975C хромато-масс спектрометрі көмегімен анықталды, құрам жайлы толық мәлімет 1-сурет және 1-кестеде келтірілген. Асфальтендер мен шайырлардан тазаланған мұнайдың құрамындағы қосылыстардың саны – 228.



Сурет 1. Құмкөл мұнайының масс-хроматограммасы


Хроматографиялау жағдайы: буландырғыш температурасы – 350°C, колонка термостаты 70-тен 290°C-ге дейін минутына 4°C-ға көтеріледі, 290°C-де 30 мин тұрады, жалпы анализ уақыты – 80 мин. Детектор ретінде масс-спектрометр қолданылды, масс-спектрлер Scan режимінде алынды. Капиллярлы колонка (HP-5 MS) ұзындығы – 30 м, ішкі диаметрі – 0,25 мм.

1-кестеден Құмкөл мұнайының құрамында көмірсутектердің жалпы мөлшері 92,73%-ды құрайтындығын байқауға болады, 7,27% әр түрлі күкіртті, оттекті, азотты, галоидты қосылыстардан тұрады.

Кесте 1. Құмкөл мұнайының толық құрамы

Алкандар, масс.%	Циклоалкандар, масс.%	Арендер, масс.%	Басқа да қосылыстар, масс.%
80,45	6,83	5,45	7,27


Әдеби мәліметтерде [3] мұнайлардағы пристанның (2,6,10,14-тетраметилпентадекан) фитанға (2,6,10,14-тетраметилгексадекан) қатынасы арқылы олардың шығу тегін анықтауға болады. Егер пристанның фитанға қатынасы 3 немесе одан жоғары болатын болса, ол құрлықта түзілген болып есептеледі, ал 1 немесе одан төмен болатын болса, ол теңіз табанында түзілген, екеуінің аралығындағы болса, жағалауға жақын теңіз табанында түзілген болып есептеледі. Біздің алған мәліметіміз (2-сурет) бойынша пристанның фитанға қатынасы – 1,8-ге тең, сол себепті Құмкөл кенішінің мұнайы жағалауға жақын теңіз табанында түзілген деген қорытынды жасауға болады.




Сурет 2. Құмкөл мұнайының құрамындағы пристан мен фитанның қатынасы (хроматограмма)

Мұнайдың құрамындағы өнімдердің шығымын анықтау мақсатында атмосфералық қысымда бензин және керосин фракциясы айдалып алынды, айдауды шыршалы дефлегматор көмегімен іске асырдық, бензиннің көлемдік үлесі 26,8% (33-180°C), керосиннің көлемдік үлесі 11,2%-ды (180-250°C) құрады. Алынған бензиннің октан саны ОКТАН-ИМ қондырғысының көмегімен анықталды, оның зерттеу октан санының шамасы 72,4-ке, ал моторлы октан санының шамасы 71,1-ге тең. Алынған бензиннің, керосиннің және мазуттың жылу бергіштік қасиеті ІКА-WERKE C2000 калориметрі көмегімен зерттеліп, бензиннің жану жылуы 46,679 кДж/г, керосин мен мазуттың жану жылулары 45,500 және 31,414 кДж/г-ға тең екендігі анықталды.

Алынған бензин мен керосиннің фракциялық құрамы иммитациялық дистилляция көмегімен анықталды, алынған мәліметтер 2-кесте мен 3–4-суреттерде келтірілген.



Сурет 3. Құмкөл мұнайынан алынған бензиннің фракциялық құрамы



Сурет 4. Құмкөл мұнайынан алынған керосиннің фракциялық құрамы

Кесте 2. Құмкөл мұнайынан алынған бензин мен керосиннің фракциялық құрамы жайлы мәлімет

Бензин		Керосин	
ШЫҒЫМ, %	Қайнау температурасы, °С	ШЫҒЫМ, %	Қайнау температурасы, °С
0%	33,1	0%	129,7
1%	33,6	1%	148,9
2%	39,2	2%	161,1
5%	42,7	5%	174,3
10%	56,3	10%	180,7
50%	118,3	50%	220,7
90%	182,5	90%	288,6
95%	238,1	95%	317,1
98%	585,7	98%	357,1
99%	624,1	99%	383,2
100%	643,5	100%	413,2

Осылайша, Құмкөл кеніші мұнайының хромато-масс-спектрометрия көмегімен толық құрамы және мұнай құрамындағы пристан мен фитанның қатынасы арқылы оның шығу тегі анықталды. Мұнайды айдау арқылы өнімдер алынып, олардың фракциялық құрамы иммитациялық дистилляция арқылы зерттелді және қасиеттері анықталды.

Әдебиеттер:

1. Суербаев Х.А., Нарманова Р.А., Аппазов Н.О., Жаксылыкова Г.Ж. Химия и технология нефти и газа: Учебное пособие. – Алматы: Полиграфическая фирма «Инжу-маржан», 2011. – 152 с.
2. Чердабаев Р.Т. Нефть: Вчера, сегодня, завтра. – Алматы, 2009. – 352 с.
3. Гордадзе Г.Н., Гируц М.В., Кошелев В.Н. Углеводороды нефти и их анализ методом газовой хроматографии: Учебное пособие. – М.: МАКС Пресс, 2010. – 240 с.

Резюме

В статье описывается ход применения физико-химических методов при анализе нефти Кумколского месторождения. Проведен детальный анализ и определены происхождение (по соотношению пристана к фитану), фракционный состав (имитационная дистилляция) и свойства продуктов разгонки нефти.

Summary

The is article describes physical and chemical methods used under analysis of oil in the Kumkol oil-field. Here is also given detailed analysis and determined the origin (ratio of pristine to phytane) and, the fractional composition (simulative distillation) and the properties of oil distillation products.

УДК: 551.462: 551.799 (262.9)

ГОЛОЦЕНОВАЯ ИСТОРИЯ АРАЛЬСКОГО МОРЯ: УРОКИ ПРОШЛОГО ДЛЯ ПОНИМАНИЯ ЕГО СОВРЕМЕННОГО СОСТОЯНИЯ

С.К. КРИВОНОГОВ,

*доктор геолого-минералогических наук, профессор,
Институт геологии и минералогии Сибирского отделения Российской Академии наук*

Т.И. КЕНШИНБАЙ,

кандидат филологических наук, доцент,

Р.Х. КУРМАНБАЕВ,

*кандидат биологических наук,
Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата*

Важной практической задачей является сокращение рисков, вызванных современной экологической катастрофой Аральского моря, в частности путем восстановления его экосистем или адаптации к новым условиям. Ценным источником информации об этом служат геологические исследования и реконструкции прошлых состояний Арала. Обширными исследованиями, начатыми в конце XIX века и продолжающимися в наши дни, установлены значительные трансформации Аральского моря в прошлом. В принципе доказано, что современное усыхание и экологическая катастрофа были не единственными в его истории, и Арал неоднократно исчезал и возобновлялся. Поэтому знания о том, как экосистемы реагировали на прошлые экологические катастрофы и восстанавливались после них, чрезвычайно ценны. Прежде чем сделать шаг в этом направлении, необходимо восстановить достоверную последовательность изменений уровня Арала. Однако до настоящего времени не выполнен критический анализ ранее накопленных данных и их синтез с новыми данными, что является целью данной публикации.

Первые научные сведения об изменениях уровня Арала были собраны Л.С. Бергом в 1908 г. [1]. Эти работы были продолжены советскими учеными в течение XX века [2-5]. Знания этих лет были обобщены в нескольких обзорах [6-9]. Из этих начальных исследований было получено несколько важных выводов: 1) Аральское море очень молодо, примерно 10-12 тысяч лет; 2) Характерный моллюск *Cerastoderma* spp. (*Cardium edule* L.) проник в Арал из Каспийского моря около 5 тысяч лет назад (т.л.н.); 3) Самый высокий уровень Арала был в среднем голоцене, а глубокая регрессия 1.6 т.л.н. Новые данные, полученные международными командами (проекты ИНТАС и РФФИ-CRDF), значительно улучшили эти результаты [10-17].

Террасы

Изменения уровня Арала зафиксированы в 8 террасовых уровнях, расположенных в пределах 72-31 м. над у.м. [7, 9]. Однако эта схема «идеализирована» и не отражает многообразия точек зрения. Разногласия, в основном, касаются высоких уровней. Одни исследователи находят их [18-20], а другие отвергают [1, 14, 21]. Аргументом против существования высоких уровней является преграда между Аралом и Каспием, следов которой в рельефе не установлено [14]. Аргументами в его пользу являются находки раковин моллюсков *Cerastoderma*, *Dreissena* и др. на отметках более 60 м. Менее дискуссионными являются низкие террасы, однако радиоуглеродные даты [21] заставляют усомниться в правильной интерпретации их последовательности. Также слабо аргументирован возраст низких (45-31 м), террас, которые, как показывает современное отступившее море, могли образоваться совсем недавно, то есть в предыдущую фазу регрессии/трансгрессии, а не в раннеголоценовое «пашкевичевское время» [2]. Таким образом, проблема террасовых уровней очень неясна и требует ревизии.

Отложения

Из более ста колонок донных отложений Аральского моря, собранных исследователями в 1940-1990-х годах, комплексно исследованы были всего несколько: скв. 15, 48 и 86 в центральной части Большого Арала [6, 22-24]. Вскрытые отложения состоят из следующих толщ (снизу вверх): 1) коричневые глины не-озерного происхождения, субстрат; 2) светло-серые грубо-слоистые глины, илы и пески с гипсом, отражающие условия нестабильных маленьких озер и солончаков; 3) зеленовато-серые глины и илы, серые пески Аральского моря [6]. Отложения были датированы более 70 ¹⁴C дат, однако из-за методических сложностей полученные результаты были признаны неудовлетворительными [5, 24]. Тем не менее, даты по скв. 15 и 86 могут быть использованы. В отложениях выделяются глубоководные (глины) и мелководные (пески) фации, по которым можно идентифицировать фазы трансгрессий и регрессий. Так, по скв. 15 и 86 регрессии были 1.5-1.4, 0.8-0.65 и 0.3-0.2 калиб. т. л.н.

Нами исследованы три новых керна: М-2003-1, М-2003-2 (Муйнак) и В-2008-1 (Барсакельмес) [16, 17]. Две скважины М-2003-2 и В-2008-1 прошли всю толщу озерных осадков и вскрыли неозерные коричневые глины. По ним установлен возраст пограничных отложений, накапливавшихся до образования Аральского моря: 23800 ± 435 калиб.л.н. Наибольший возраст отложений Аральского моря – 10930 ± 285 калиб.л.н. Понижения уровня происходили 11-8, 7.5, 6.3-5.5, 4.8, 1.6-1 и 0.5 калиб. т.л.н. Самая древняя *Cerastoderma* – 6230 ± 55 калиб.л.н.

В глубоководной северо-западной части Большого Арала (зал. Чернышова) было получено несколько кернов длиной 6-11 м [10, 25, 26]. Эти даты показали очень молодой возраст отложений и большие скорости осадконакопления. По-видимому, эта область моря не пересыхала в течение последних 2 тыс. лет. Тем не менее, по слоям, обогащенным гипсом, установлены регрессии 1,4, 0,8, 0,5 калиб. т.л.н. и около современности.

По береговым обнажениям установлены фазы высокого уровня Арала. Обнажение Караумбет в бывшем заливе Айбугир на южном краю Арала свидетельствует о трансгрессиях 1.4 и 0.4 калиб. т.л.н. [14]. В обнажении Аклак в дельте Сырдарьи вскрыты прибрежные отложения, свидетельствующие о трансгрессии 1.4 калиб. т.л.н. [16, 17].

Многие геологи использовали археологические памятники для датирования изменений Аральского моря. Большинство памятников, расположенных далеко от побережья, характеризуют процесс засе-

ления речных дельт и отражают климатические изменения, миграцию русел и ирригацию. В последнее время исследовано большое число памятников мезолита, неолита, бронзы, железа и средневековья вблизи Арала, дающие более достоверную информацию, в частности, свидетельствующие об отсутствии трансгрессий выше 54 м над у.м. [11, 27, 28]. Поселение Пулжай, очевидно заливавшееся морем, расположено близ впадины Караумбет в пределах бывшего залива Айбугир. Артефакты датируют поселение XII – концом XIV веков н.э. [11, 27]. То есть, трансгрессия произошла не ранее 0.5 т.л.н. Уникальными находками последних лет явились поселение Арал-Асар и мавзолей Кердери-1 и Кердери-2, расположенные на дне Аральского моря к северо-востоку от о. Барсакельмес [29-32]. Археологические находки датируют эти памятники XIII-XIV веками н.э. [11, 12, 15, 30-32]. Проведенное авторами данной статьи радиоуглеродное датирование костей и древесин этих памятников дало более широкий диапазон возрастов: от 0.5 до 1.7 т.л.н. Полученные даты образуют две группы: 0.5-1.0 и 1.5-1.7 т.л.н. Таким образом, даты позволяют предполагать два периода обитания человека на дне Аральского моря, а, значит, и две глубокие регрессии.

Таким образом, тщательный анализ полученных ранее и новых седиментологических и археологических данных с использованием радиоуглеродных датировок позволил получить довольно стройную картину колебаний уровня Аральского моря в голоцене. Надежная последовательность событий получена для последних двух тысяч лет его истории. Глубокие регрессии происходили 1.7-1.4, 1.0-0.5 т.л.н. и в современное время (0.05-0 т.л.н.). В промежутках были трансгрессии, следы которых найдены на отметках 52-54 м. Менее надежно восстановлены более древние колебания уровня. Регрессии, по-видимому, происходили 11-8, 7.5, 6.3-5.5 и 4.8 т.л.н.

Литература:

1. Берг Л.С. Аральское Море. – СПб.: 1908.
2. Вейнбергс И.Г., Стеле В.Я. В кн.: Колебания увлажненности Арало-Каспийского региона в голоцене. – М.: Наука, 1980. – С. 176-180.
3. Кесь А.С. В кн.: Палеогеография Каспийского и Аральского морей в кайнозое. – М.: Изд-во МГУ, 1983. – С. 103-106.
4. Шнитников А.В. В кн.: Палеогеография Каспийского и Аральского морей в кайнозое. – М.: Изд-во МГУ, 1983. – С. 106-108.
5. Рубанов И.В., Ишниязов Д.П., Баскакова М.А., Чистяков П.А. Геология Аральского моря. – Ташкент: Фан, 1987.
6. История озер Севан, Иссык-Куль, Балхаш, Зайсан и Арал. – Л.: Наука, 1991.
7. Аладин Н.В., Плотников И.С. Биологические и природоведческие проблемы Аральского моря и Приаралья. Часть 1. – СПб.: ЗИН РАН, 1995. – С. 17-46.
8. Tarasov P.E., Pushenko M.Ya., Harrison S.P., et al. Lake Status Records from the Former Soviet Union and Mongolia. Documentation of the Second Version of the Data Base. NOAA Paleoclimatology Publications Series Report 5. Boulder: NOAA/NGDC Paleoclimatology Program. 1996.
9. Boomer I., Aladin N., Plotnikov I., Whatley R. // Quaternary Science Reviews. 2000. 19. P. 1259-1278.
10. Nourgaliev D.K., Heller F., Borisov A.S., et al. // Geophysical Research Letters. 2003. 30(17). Doi:10.1029/2003GL018145.
11. Boroffka N.G.O., Oberhäsli H., Achatov G.A. et al. // Mitigation and Adaptation Strategies for Global Changes. 2005. 10. P. 71-85.
12. Boroffka N.G.O., Oberhäsli H., Sorrel P., et al. // Geoarchaeology. 2006. 21. P. 721-734.
13. Oberhäsli H., Boroffka N., Sorrel P., Krivonogov S. // Irrigation and Drainage Systems. 2007. 21. P. 167-183.
14. Reinhardt C., Wünnemann B., Krivonogov S.K. // Geomorphology. 2008. 93. P. 302-315.
15. Boomer I., Wünnemann B., Mackay A.W. et al. // Quaternary International. 2009. 194. P. 79-90.
16. Krivonogov S.K., Kuzmin Y.V., Burr G.S. // Nuclear Instruments and Methods in Physics Research Section B: Beam Interactions with Materials and Atoms. 2010. 268. P. 1080-1083.

17. Krivonogov S.K., Kuzmin Y.V., Burr G.S., et al. // Radiocarbon. 2010. 52. P. 555-568.
18. Яншин А.Л. Геология Северного Приаралья. – М.: МОИП, 1953.
19. Епифанов М.И. В кн.: Геология и перспективы нефтегазоносности некоторых районов СССР. – М.: ГНТИ НГТЛ, 1961. – С. 164-169.
20. Городецкая М.Е. Геоморфология. – 1978. – № 1. – С. 46-54.
21. Вейнбергс И.Г. Древние берега советской Балтики и других морей СССР. – Рига: Зинатне, 1986.
22. Маев Е.Г., Маева С.А., Николаев С.Д., Парунин О.Б. В кн.: Палеогеография Каспийского и Аральского морей в кайнозое. – М.: Изд-во МГУ, 1983. – С. 133-144.
23. Маев Е.Г., Карпычев Ю.А. // Водные ресурсы. – Т. 26. – № 2. – С. 212-220.
24. Ферронский В.И., Поляков В.А., Брезгунов В.С. и др. // Водные ресурсы. – Т. 30. – № 3. – С. 281-288.
25. Sorrel P., Popescu S-M., Head M.J., et al. Palaeogeography, Palaeoclimatology, Palaeoecology. 2006. 234 (1-4). P. 304-327.
26. Austin P., Mackay A., Palagushkina O., Leng M. Quaternary Research. 2007. 67 (3). P. 383-393.
27. Ширинов Т., Алимов К., Баратов С. и др. // Археологические исследования в Узбекистане. – 2003 год. Выпуск 4. – Ташкент: 2004. – С. 197-205.
28. Байпаков К.М., Бороффка Н., Савельева Т.В. и др. // Известия НАН РК. Серия общественных наук. – 2007. – № 1. – С. 236-254.
29. Смагулов Е. // Отан тарихы. – 2001. – № 4. – С. 77-81.
30. Смагулов Е. // Кумбез. – 2002. – № 4. – С. 50-52.
31. Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Кызылординская область. – Алматы: Аруна, 2007.
32. Сорокин Д.В., Фофонов К.А. // Известия НАН РК. Серия общественных наук. – 2009. – №1. – С. 230-236.

Түйіндеме

Мақалада Арал теңізі деңгейінің өзгеруі қайта жаңғырту терең регрессия кезінде бұзылып, трансгрессия кезінде қалпына келген оның экожүйесіндегі өзгерістерді түсінуге мүмкіндік беретін маңызды құрал екені көрсетілген. Сонымен қатар геоморфологиялық, седиментологиялық және археологиялық нысандар арқылы мерзімдері анықталған радиокөміртегіне айрықша мән бере отырып, Арал теңізі деңгейінің өзгерісі туралы жаңа білімдер жинақталған.

Алынған нәтижелер негізінде 1.7-1.4, 1.0-0.5 мың жыл бұрынғы және қазіргі уақыттағы терең регрессиялар дәлелденген. Бұл регрессиялар трансгрессиялар кезектесіп, теңіз деңгейінен 52-54 м биіктікте жағажай фациялары байқалатыны негізделген.

Summary

This article touches upon the changes of the Aral Sea level which had been destroyed during deep regression, recovered transgressions and former transformations of its ecosystem and as an important tool to understand these changes. Furthermore, using the geomorphological, sedimentological and archaeological objects there was obtained new knowledge about the Aral Sea level changes, paying special attention to the radiocarbon dates. There has been proved deep regressions of ancient and modern times based on the results 1.7-1.4, 1.0-0.5. thousands years ago and nowadays. These regressions are interleaved by transgressions, traced by littoral facies at the altitudes of 52-54 m.

АРАЛ ӨңІРІНІҢ ӘР ТҮРЛІ АЙМАҚТАРЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ ҚАН САРЫСУЫНДАҒЫ КРЕАТИНИН МӨЛШЕРІНІҢ МОНИТОРИНГІ

С.Ж. ИБАДУЛЛАЕВА,

биология ғылымдарының докторы, профессор

Г.Р. ОҢҒАРБАЕВА,

магистрант,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Арал өңірінде қоршаған орта жағдайына әсер ететін мынадай экстремалды факторларды атауға болады:

- 1) климаттың құрғауы және судың аздығы;
- 2) ауыз судың жетімсіздігі және оның химиялық құрамының санитарлық нормаға сәйкес келмеуі;
- 3) жердің беткі қабатының тұздануы және түрлі жіктелмеген токсинді заттармен улануы;
- 4) табиғи ортаның өндірістен бөлінетін, ауылшаруашылықтық, тұрмыстық-шаруашылықтық қалдықтармен және түрлі химиялық тастандылармен ластануы [1,2,3,4].


Осындай жағдайдағы экологиялық дағдарыс аймағында тұратын адамдардың бірқатар органдары мен жүйелерінде патологиялық өзгерістерге дейін дамиды функционалдық жағдайдың өзгерістері болатындығы айқындалды [4,5].

Сонымен қатар, Арал өңірі тұрғындарының зәр шығару жүйесі мүшелерінің жағдайы және маусымдық өзгерістері соңғы жылдары зерттелмеген. Арал өңірінің экологиялық жағдайымен байланысты әр түрлі аймақ тұрғындарының қан сарысуындағы мочевиная мен креатинин деңгейі мен ауыз судың байланысының ара қатынасы қарастырылмаған [5,6]. Сондықтан жоғарыда айтылғандар ғылыми зерттеу жұмысының бастамасына негіз болды.

Алға қойылған міндеттерді шешу үшін 2008-2010 жылдар аралығында Арал өңірінің әр түрлі аймақтарында тұратын ер адамдар мен әйелдердің қан сарысуы құрамындағы креатинин мөлшеріне мониторинг жүргізілді.


2008-2010 жылдардағы Арал өңірі тұрғындарының қан сарысуындағы креатинин деңгейіне талдау көктемде солтүстіктіктегі ер адамдардың көрсеткіші жоғары болса (0,90 ммоль/л), оңтүстіктікте (0,80 ммоль/л) қызылордалықтарға қарағанда (0,82 ммоль/л) төмен болғанын көрсетті. Жазда солтүстіктікте бұл көрсеткішті өте жоғары (0,86 ммоль/л), ал қызылордалықтардың көрсеткіші (0,83 ммоль/л) оңтүстік тұрғындарынан (0,81 ммоль/л) жоғары болды. Күзде қызылордалықтар мен оңтүстіктің тұрғындары қан сарысуындағы креатинин деңгейі бірдей (0,85 ммоль/л) болып, солтүстік тұрғындарының мөлшері (0,84 ммоль/л) төмен болды. Қыстағы ер адамдардың қан сарысуындағы креатинин деңгейінде аймақтар бойынша ауытқушылық аса (СБ – 0,86 ммоль/л, ҚҚ – 0,84 ммоль/л, ОШ – 0,83 ммоль/л) байқалмады (*I-super*).

Арал өңірінің әр түрлі аймақтарында тұратын әйелдердің қан сарысуындағы креатинин деңгейіне салыстырмалы талдау нәтижесінде көктемде солтүстік тұрғындарының көрсеткіші (0,83 ммоль/л) басқа аймақтардың көрсеткішінен (ҚҚ – 0,82 ммоль/л, СБ – 0,80 ммоль/л) жоғары болғанын көрсетті. Жазда аталған аймақ тұрғындарының қан сарысуындағы креатинин мөлшері бір деңгейде (0,86 ммоль/л), күзде солтүстік аймақ пен Қызылорда қаласы тұрғындарының қан сарысуындағы креатинин мөлшері бірдей (0,86 ммоль/л) болса, оңтүстік аймақ тұрғындарының көрсеткіші 0,85 ммоль/л болды.



Сурет 1. 2008-2010 жылдардағы ер адамдардың қан сарысуындағы креатинин деңгейі (ммоль/л).

Қыстағы ең жоғарғы көрсеткіш солтүстікте тұратын әйелдерде (0,83 ммоль/л), одан төменірек көрсеткіш қызылордалық әйелдерде (0,81 ммоль/л), ал ең төменгі көрсеткіш оңтүстікте тұратын әйелдерде (0,79 ммоль/л) байқалды (2-сурет).



Сурет 2. 2008-2010 жылдардағы әйел адамдардың қан сарысуындағы креатинин деңгейі (ммоль/л).

Осылайша, жүргізілген зерттеулерден Арал өңірінде тұратын ер адамдардың қан сарысуындағы креатининнің минималды мөлшері оңтүстік аймақ және қызылордалықтар үшін көктемде, солтүстік аймақ тұрғындарында жазда, ал максималды көрсеткіш көктемде солтүстік аймақ тұрғындарында екені белгілі болды. Қызылорда облысында тұратын әйелдердің қан сарысуындағы креатинин деңгейі жаз бен күзде жоғары болып, қыста төменгі деңгей тіркелді. Солтүстік аймақ тұрғындарында қыстан басқа жылдың барлық мезгілінде де креатинин мөлшері жоғары болғанын көрсетті.

Қызылорда облысында тұратын ерлер мен әйелдердің қан сарысуындағы креатинин мөлшерін талдай келе, жылдың барлық мезгілдерінде де осы көрсеткіштің жынысқа сай айырмашылығы болғаны туралы қорытынды жасадық.

Әдебиеттер:

1. Баймуратов У. О решении социально-экономических и экологических проблем Приаралья // Вестник АН КазССР. – 1990. – № 9. – С. 55-56.
2. Шарипова М.А., Бигалиев А.Б., Жунусова К.Х., Халилов М.Ф. Использование патогенетических критериев для экологической оценки состояния окружающей среды // Вестник КазНУ. Серия экологическая. – 2000. – № 1(8). – С. 42-44.
3. Сидоренко Г.И., Можаяев Е.А. Санитарное состояние окружающей среды и здоровья населения. – М., 1987.
4. Девятко В.Н. Приаралье – зона экологического бедствия // Здравоохранение Казахстана. – 1992. – № 6. – С. 51.
5. Баевский Р.М. Методико-экологический мониторинг здоровья населения // Медико-экологические проблемы Приаралья и здоровья населения: Сб.науч.тр. – Нукус, 1991. – С.65-68.
6. Исламкулова И.Б. Изменение некоторых показателей системы крови на воздействия комплекса факторов производственной среды // Автореф... дисс.канд.мед. наук. 14.00.07 – гигиена. – Алма-Ата, 1989. – 24 с.

Резюме

В статье приводятся данные по содержанию креатинина в плазме крови у жителей Кызылординской области. Достоверно установлены изменения креатинина в различные сезоны года. Изучена корреляционная изменчивость креатинина в различные сезоны года. Делается вывод о повышенном содержании креатинина в зимний период.

Summary

This article deals with the data by the content of creatinine in the blood plasma of Kyzylorda region residents. Credible creatinine changes set in different seasons. Variability of the correlation of creatinine has been studied in the different seasons of the year. There is conclusion about the increased creatinine content in winter period.

АРАЛ ТЕҢІЗІНІҢ ҚҰРҒАҒАН ОРНЫ МЕН ЖАҒАЛАУЫНДАҒЫ ЖЕРЛЕРДІҢ АГРОМЕЛИОРАТИВТІК КҮЙІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

А.М. НҰРҒЫЗАРЫНОВ,

ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор,

Е.Ж. АРЫСТАН,

жаратылыстану ғылымдарының магистрі

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Арал теңізінің құрғаған орнында шаруашылық айналымға қосатын әлеуетті жер қорларының ауқымы аз емес. Бірақ теңіз астынан шыққан жерлер әзірге шаруашылық айналымнан тыс қалып тұр. Өйткені ол жерлердің агромелиоративтік күйін бағалайтын мәліметтер жеткіліксіз болғандықтан бірден игеру, әсіресе суармалы егіс егу өте қауіпті. Мұнда топырақ құрылу процесі құрамы өте күрделі теңіз шөгінділерінде жүруде. Олардың құрамында көпшілігі терригендік материалдар мен бірге органогендік және химиялық шөгінділер бар. Сол шөгінділердің сандық қатынасы жаңадан қалыптаса бастаған қарапайым топырақ түрінің қасиеттерін анықтайды, ал олар өз кезегінде жердің агромелиоративтік күйіне ықпалын тигізеді. Бар мәліметтерге қарағанда [1,2], Арал теңізінің құрғаған орнындағы химиялық шөгінділердің негізгісі карбонаттар болса керек. Теңізге құятын өзендердің аллювийлік шөгінділерінің астында көбінесе теңіздің (көлдердің) шөгінділері жатады, ал олардың белгілі бөлігі химиялық шөгінділер болуы мүмкін [3].

Өткен ғасырдың 50-ші жылдарында Сырдарияның атыраулық аумағына жыл сайын 7,6 км³ өзен ағысы келіп тұрды. Оның құрамындағы қалқыған заттардың көлемі 12 млн тоннаға дейін болды. Демек, Сырдарияның ағысымен теңізге түскен шөгінділердің құрамында химиялық заттар аз есес. Сол аллювийлік шөгінділердің астында жиналған химиялық шөгінділер грунттың қабатындағы судың химиялық құрамына әсері етеді, ал тұзды су топырақтың мелиоративтік күйіне теріс ықпалын тигізеді [4].

Теңіздің құрғаған орнындағы шөгінділер екі топты құрайды – байырғы терригендік және өзеннің теңізге құйған тұсында жиналған аллювийлік. Басым көпшілігі – терригендік материалдар. Олардың құрамында тұз көп. Массажет даласында шөптесінсіз жалаңаш, механикалық құрамы саз бөлшектерден жиналған грунтте тұздың мөлшері 3,5-4,0%, кейде 6,0%-ке жетеді. Ондай телімдерде топырақ құрылу процесі өте баяу сорлану қатарымен дамуда. Шаруашылық маңызы жоқ.

Біздің зерттеулеріміз көрсеткендей, көне дәуірден бері теңіздің астында қалып белгісіз болып келген Аралдарияның ескі арнасындағы аванатырауда едәуір кеңістікті аллювийлік шөгінді алып жатқаны анықталды. Оның құрамы өте майда құм-лайдан жиналған. Сол аллювийлік шөгінділерде пайда болған топырақ өзінің құрамы жағынан лесс шөгінділерде пайда болған сұр топыраққа өте ұқсас. Құрамында карбонаты көп, тұз аз (құрғақ қалдықпен 0,5-0,7%), қуыстылығы өте жоғары, сондықтан агромелиоративтік күйі тәуір.

Ондай жерлер Құйылыс ойпатының шығыс жағында 3,5-4,0 мың гектар аумақты алып жатыр. Бұл телім қазіргі Солтүстік Арал теңізіне құйып жатқан Сырдарияның сулы арнасына жақын орналасқан, яғни егін суаратын су көзінен алыс емес. Осы телімде егін егілетін болса, су мәселесінде проблема болмайды. Аванатыраулық лесс тәріздес лайдан жиналған алювилік шөгінділерде, Сырдарияның арналық қырқасында, ағынсыз көл суларынан түскен өте майда алеврит шөгінділерінде пайда болған

топырақ түрлері және көларалық ойпаттардағы гидроморф жерлерде топырақтың мелиоративтік күйі егін егуге қолайлы. Сол телімдердің бәрін қосқанда 10-12 мың гектардай жерді бірінші кезекте жеңіл-желпі мелиоративтік жұмыстарды орындау арқылы дәнді дақылдар (бидай, арпа, жүгері, көкөніс, бақша, жеміс-жидек, мал азықтық дақылдар, асқабақ, т.б.) егуге болады.

Ағын судың құрамындағы лайдан түскен аллювийлік шөгінді Құйылыс жазығында бар. Бұл алқап – көне дәуірде Құйылыс өзегінің баяу аққан суы жайылған жазық жер. Көне дәуірде Сырдария өзені тасу жылдары оның Тастақ қырқасына жақын бөлігінде өзен арнасының сол жақ қырқасынан асып жайылған су Жыланды және Ақкөл ойпаттарын толтырып, сосын Кәртiма ойпатына құйған. Кәртiма толған соң өзек арқылы шыққан су Қаратерең қыратының оңтүстік батыс мүйісін айналып, теріскей бағытпен жылжиды, сөйтіп, Аралдарияның аяғындағы Құйылыс көліне құйған. Яғни, бұл – Құйылыс өзегі. Оның арнасының ені – 12-13 км-дей. Ол Қаратерең қыратынан батысқа, ал массагет даласынан шығысқа қарай қаусырма бағыттағы еңістікпен баяу ылдилап, орта тұсында қабысатын астау тәрізді жазық дала. Сол жазық жермен баяу аққан судың құрамындағы лайдан шөгіндіге түскен алеврит саз грунттың механикалық құрамы өте ауыр, тығыз, құрғақ күйінде кубик тәрізді текшеленіп жиналған, су өткізгіштігі өте нашар, құрамындағы тұздың концентрациясы – 2,5-3,0% (құрғақ қалдықпен), яғни мелиоративтік күйі өте ауыр, егіншілікке жарамайды. Күз айларында мал жайылымына пайдаланады.

Өткен ғасырдың 60-шы жылдарында Арал теңізінің деңгейі қауырт төмендей бастаған кезде суы кетіп, құрғап қалған Ақкөл теңіз қолтығында 2005-2006 жылдары ауыл шаруашылық дақылдарымен далалық тәжірибе жүргізілген болатын. Тәжірибелік дақылдар көкөніс (капуста, сәбіз, жуа, қияр), қауын, жоңышқа дақылдарымен жүргізген тәжірибелерде егін қалыпты өсіп-жетіліп, ортадан жоғары сапалы тәуір өнім берді. Жергілікті тұрғындар Сырдарияның арналық қырқасына сусорғышпен суарып, бақша, көкөніс, картоп егеді және тәуір өнім алып жүрген бай тәжірибелері бар. Соған қарағанда теңіз жағалауындағы аллювийлік шөгінділерде пайда болған топырақты егіншілікке пайдаланып, осы саланы өрбітуге болатыны дәлелденіп отыр. Демек, қазір теңіз жағалауындағы байырғы тұрғындар суармалы егіншілікпен айналысуға толық мүмкіндік бар. Өңірде табиғат қорғау жобалары (САРАТС) жүзеге асқаннан бері экологиялық ахуал тұрақтанды. Теңіз жағалауындағы құрғап жатқан көлдерге (Кәртiма, Жыланды, Қызылжарма, Домалақ, Қарашалан) 2011 жылдан бері су түсе бастаған соң өңірдің табиғи-климат жағдайы өзгеріп, табиғат қайта түледі, көптүрлі биологиялық әлем жаңаланып, молаю жолмен даму жолына түсті. Тұзды шаңның ауаға тарауы саябарлады, мал-жанға жайлы микроклимат қалыптасты. Соның айғағы ретінде Солтүстік Арал теңізі мен су түскен көлдердің төңірегі шөбі мөлдіреген қалың шабындық пен мал жайылымына айналды. Көл жағалауындағы қалың шөп су ценозымен байланысты құстардың (қаз, үйрек, сүңгуір, шағала, құтан) және аңдардың мекеніне айналды. Теңіз бен көл суларында балық түрлерінің (сазан, ақбалық, торта, жайын, тыран, доңмаңдай, т.б.) биомассасы молайғанын айтуға болады. Қазір Солтүстік Аралдан жыл сайын 3,5-4,0 мың тонна балық ауланады. Бұл бұрынғы ауланған көлемнен он (10) есе артық. Сонымен бірге шабындық пен мал жайылымының көбеюі мал шаруашылығын өркендетуге қолайлы жағдай туғызды. Осы жағымды экологиялық процесті пайдаланып, теңіз жағалауында суармалы егіншілікті тәжірибеге енгізу қажет деп санаймыз. Бұл жағдайда жергілікті тұрғындар өздерінің ата кәсібі ретінде бұрыннан келе жатқан балық аулау мен мал өсіру кәсіптеріне жаңа кәсіпті, яғни суармалы егіншілікті дамытатын болады. Сонда олар көпсалалы шаруа қожалығын жүргізеді. Олардың ең бастысы егіншілік болады. Ол бүкіл әлемде ежелден тұрақты кәсіп, суармалы егіншілік сыртқы қолайсыз құбылмалы процестердің әсеріне көнбісті келеді. Жерді күтіп баптаса жыл сайын күткендей өнім береді.

Арал өңірінде өндірістің осы үш саласын қатар жүргізгенде экологиялық және әлеуметтік-экономикалық пайда беретініне күмән жоқ. Салалардың тұрақты, әрі тиімдісі егіншілік дейтініміз – балықты жергілікті тұрғындардың бәрі ауламайды, оған мүмкіндік жоқ. Рас, малды бәрі өсіреді, бірақ оның басы мен өнімі сыртқы факторлардың әсерінен құбылып тұрады. Сондықтан үш саланы қатар дамытқанда шаруа қожалығы жоғары тиімділікке қол жеткізеді. Егін еккен шаруа тұрған жерін көгалдандырады. Жергілікті жердің табиғи климат жағдайына бейім ағаш-бұталар, жеміс-жидектер отырғызады, көкөніс,

бақша егеді. Бос жатқан жерлерді жасанды шабындық, мал жайылымдыққа айналдырады, яғни малын жазы-қысы жем-шөппен қамтамасыз етеді.

Сонымен бірге құрғап жатқан бұрынғы теңіз қолтығы Ақкөлдің табанында 15-20 мың гектардай жерге іркіп суаратын дәнді дақылдардың (бидай, арпа, көпжылдық шөп) ауыспалы егісін орналастыруға болады. Бұл жұмыс облыс деңгейінде арнайы бағдарлама бойынша суармалы егіншіліктің көлемін көбейту үшін жаңа жерлерді игеру жобасы бойынша орындалуы тиіс.

Атап айту керек, Арал өңірінде Қазақстан Республикасының орнықты дамуға көшу бағдарламасы аясында жұмыс орындауға қажетті теңізі мен көлі, егін егетін жерлері, суында балығы, тағы басқа табиғи қорлар мол.

Біздің пікірімізше, Арал өңірінде экологиялық тоқырау бәсеңдеді, табиғи процестердің бағыты адам қолымен басқаруға көшті, енді соны бақылаудан шығармауымыз керек. Өңірде табиғи-шаруашылық кешенінің ендігі дамуы бірнеше бағытта жүреді:

– өңірде табиғи процестердің қазіргі күйін бақылаудан шығармай басқару және оларды онан ары жетілдіру үшін табиғат қорғау жобаларын жалғастыру;

– өңірдің табиғи қорларын (жер, су, флора, фауна) тиімді пайдалану арқылы шаруашылық кешендерін көтеру;

– теңіз жағалауындағы байырғы тұрғындарды егіншілікке жұмылдырып, олардың көпсалалы (егіншілік, мал шаруашылығы, балық өндірісі) шаруа қожалықтарын жүргізуге жағдай жасау;

– балық өндірісінің әлеуетін (потенциалын) толық пайдалану үшін Солтүстік Арал теңізінің айдынын 330 мың гектарға және құрғап жатқан көл жүйелерін суға толтырып, бұл соңғыларының айдынын қосымша 60 мың гектарға жеткізу;

– өңірді жаппай көгалдандыру мен бос жатқан жерлерде жасанды шабындық пен мал жайылымын жасау.

Бұл жағдайда орнықты дамудың Арал өңірілік моделін жасауға мүмкіндік бар.

Әдебиеттер:

1. Бродская Н.Т. Данные отложения и процессы осадкообразования в Аральском море // Тр. ин-та геол. наук. Вып. 115. – 1952.
2. Страхов Н.М. и др. Образование осадков в современных водоемах // Изд. АН СССР. – М., 1954.
3. Егоров В.В. Почвообразование и условия проведения оросительных мелиораций в дельтах Арало-Каспийской низменности // Изд. АН СССР. – М., 1959.
4. Нұрғызарынов А.М. Аралдың экологиялық тынысы. Монография. – Алматы: «Ғылым», 2006. – 224-б.

Резюме

В статье отмечается, что на высохшем дне Аральского моря почвообразование идет на терригенных и аллювиальных отложениях. Для хозяйственного освоения под орошение пригодны почвы аллювиальных отложений, что подтверждается результатами полевых опытов с сельскохозяйственными культурами. Авторы считают, что в Приаралье можно внедрить в практику орошаемое земледелие и вести многоотраслевые крестьянские хозяйства.

Summary

This article shows the dried Aral seabed soil formation which takes place on clastic and alluvial deposits. For the development of soil alluvial deposits suitable for irrigation, that confirmed by the results of field experiments with agroindustrial cultures. The authors suppose that the Pre-Aral Sea region can be inculcated into the practice of irrigated lands and lead multi-branched farmer enterprises.

СҮТҚОРЕКТІЛЕРДІҢ КӨБЕЮ БИОЛОГИЯСЫНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ж. ӨТЕСІНОВ,

*биология ғылымдарының докторы, профессор,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті*


Биологияның іргетасы – көбею, өніп-өсу белгілі бір мезгілдің өтуінде жеке тіршілік иелерінде өмірдің процестерін тоқтатады. Көптеген зерттеулер, ізденулер, қойылған арнайы тәжірибелер, бақылаулар мен фундаментальды теориялық еңбектерді талдай келе тіршілік иелері 2-4 млрд. жыл бұрын пайда болғанын айқындайды. Бағалаулар әр түрлі. Өте ежелгі тіршілік формалары сансыз өзгерулерден соң және бұтақталынумен миллионға тарта жануарлар және 500 мыңнан астам өсімдіктер түрлері пайда болғаны кәзіргі таңда айқын дәлелденген [1, 218].

Бұл жағдайлар биологияда нақты фактілермен және теориялық түсініктемелері көрсетілген. Осы өзара әрекеттерді ғылыми тәсілдер дейді. Бұл мәселелер жасушаның элементтерін жеке алу, құрамын нақты функциясын жеке-жеке алумен фрагменттеріне арнайы көптеген эксперименттер жүргізіліп, нәтижелері дәйектерге арқау болды.

Жалпы «ағза – бұл реттелген аралшық, бірақ ешқандай реттелінбеген мұхит», -делінеді. Бұның мағынасы бір жасушада жүретін тіршіліктің әлі күнге дейін білінбегендері өте көп дегенге саяды. Шынында да биологиялық денелерде сансыз құпиялар әлі ашылуын күтіп тұр [2, 178]. Дегенмен, тіршілік сан жетпейтін фактілер жиынтығы және тірі ағзалар салыстырмалық теорияларға сүйенеді. Осыларды қазіргі таңда медицина, денсаулық сақтауда, ауыл шаруашылығында және табиғатты қорғау іс-шараларында пайдаланып, көп нәтижелерге қол жеткізілуде.

Биологияның өзі көп салалы ғылымдар жиынтығы есебінде әрқайсысы өз бағыттарын еселеп дамытуда. Соның ең ірі саласы – көбею биологиясы және оның эволюциясы.

Қазіргі кезеңде электрондық микроскоппен ағзадағы морфологиялық ашу, оны молекулалық тұрғыдан тереңдетіп зерттеу биология ілімін өте жоғары деңгейде дамытуда.



Сурет 1. Ұрықтану Вассерман бойынша: 1,2,3,4 – акросома реакциясының сатылары; 5 – мөлдір аймағы; 6 – перивителлин кеңістігі; 7 – плазма мембранасы; 8 – кортикаль түйіршігі; 8 а – кортикаль реакциясы; 9 – спермийдің жұмытқа жасушасына енуі; 10 – аймақтық реакция.

Мысалы, ұрықтануды Вассерман бойынша көрсетсек, биологияның микро әлемінен көп мәліметтер арқау етіледі (*1-сурет*). Ол жетістіктердің деректері бойынша ооплазмаға енген спермияда басындағы ядро домалақтанып, аналық ядромен (хромосома жиынтықтары гаплоидты) қосылып, диплоидты жасуша – синкарион пайда болады. Онда метоболизм қарқынды жүріп майдалану сатысына дайындық жүреді. Соның деректігі ұрықтық дамудағы көптен белгілі болған эмбрионмен жатырдағы ұрпақтың арақатынасы имплантация және плацентация негізінде де байқауға болады.

Имплантация (лат.сөзі – біріге даму, тамырлану, түбірлену) – эмбрионның (ұрықтың) жатырдың шырыштық қабығына енуі. Бұның екі кезеңі белгілі, біріншісі: адгезия (жабысу) – ұрық жатырдың ішкі қабығына жанасып ене бастайды, екіншісі: инвазия (жұғылу немесе тереңдеу) – эмбрион жатырдың шырыштық қабығына тереңдей енеді. Эмбрионның 7-тәуліктік дамуында трофобласт және эмбриобластарда өзгерістер жүреді, бұл оның имплантацияға дайындалуы болады. Бластоциста ұрықтану қабығын сақтай отырып трофобластта лизосомалардың ферменттері көбейеді. Олар жатырдың шырыштық ұлпасының қабаттарын ыдырата бастайды (лизис). Соның нәтижесінде эмбрион беткейіндегі қабықтардың жатырдың шырыштық қабаттарына енуі басталады. Трофобластағы микроворсинкалар біртіндеп жатырдың шырыштық қабатын бұзып, ұрықтану қабықтарын ыдыратады. Ұрпақтық түйіні жуандап, ұрпақтық қалқаншаға айналады, содан әрі қарай гастрюляция жүреді.

Имплантация 40 сағатқа созылады. Осы кезеңде бір уақытта эмбрион қабықтары пайда бола бастайды. Бұл – бірінші дағдарысты уақыты.

Алғашқы кезеңде трофобласт жатырдың шырыштық қабатына жанасып байланысу процесі жүреді және эмбрионның дифференциациясынан кейін екі қабық – цитотрофобласт және симпластотрофобласт немесе плазмодиотрофобласт түзеді. Екінші фазасында симпластотрофобласт протеолитикалық ферменттерді шығара бастайды, олар жатыр эндометрийін бұзып ішіне ену басталады.

Осы уақытта трофобластың ворсинкалары пайда болып, әйелдердің эндометрийінен эпителийін бұзып-жарып, одан әрі дәнекер ұлпадан және капилляр қабырғасынан өтеді де, трофобласт ана жатыры қан тамырындағы қанмен тікелей шектеседі. Одан имплантациялық шұңқырша пайда болады, оның айналасында эмбриондық шеңберде қанның құйылуы жүреді. Әуелі трофобласт (алғашқы 2 аптада) ыдыраған аналық жатыр ұлпасымен қоректенеді (гистотрофтық қоректік тип), сосын эмбрион қоректік заттарды тікелей аналықтың қанынан алады (гематотрофтық қоректік тип). Бұл кезде дамушы ұрық қоректік заттарды ғана алып қоймай, дем алуға қажет оттегіні де пайдаланады. Осы мезгілде эндометрийді дәнекер ұлпасының жасушаларынан гликогенмен байытылады, децидуальдық жасушалар көбейеді.

Эмбрион толық эндометрийдің имплантациялық шұңқыр тесіктері қанмен толады және эндометрий бұзылған ұлпалық өнімдерімен толады. Мысалы, энтодерманың ұрықтық бөлігі жиектері өзара қосылып, сарыуыз қапшығымен жіңішке түтік арқылы байланысатын ішек түтігіне айналады. Тұлғалық қатпар пайда болған соң, барлық ұрықтан тыс қабықтар майысып, ұрық үстінде қосқабатты амнион қатпары қалыптасады, ол эктодерма мен мезодерманың париеталды жапырақшасынан құралады. Қатпар жылдам өсіп, өзара қосылады, нәтижесінде бірден екі уақытша мүше қабық – амнион және хорион түзіледі.

Плаценталық дамулар, бұл – хориондық емізік қантамырлары мен эндометрияда орналасқан анасының ағза қантамырларымен жалғасатын орын. Плацентаның негізгі қызметі – ұрықты қоректік заттар, оттегімен қамтамасыз ету, көмірқышқыл газы мен метоболизмнің улы заттарын шығару, нейрогормондық (ұрықтық) реттелу, жүктілік кезеңінің қалыпты өтуін қамтамасыз ету. Гематоплацентарлық кедергі арқылы заттардың белсенді тасымалдануы үшін энергия шығын болады. Ұрық пен ананың қантамырлары тығыз қатынаста болғанымен, ана мен ұрпақтың қандары араласпайды. Ұрпақ жатын бездерінің секреті жатыр сүтімен қоректеніп, ол хорион емізіктерінің қантамырлары арқылы сорылады. Туу кезінде хорион емізіктері қоршаған ұлпаларды зақымдамай жатыр бездерінен бөлінеді, сондықтан да қан ағу құбылысы болмайды.

Имплантациялық дамудың периодтарында бұдан әрі қарай плацента (баланың орны) дамиды. Бұны адамда «дискоидальды гемохориальдық плацента» деп атайды. Плацента – уақытша өте көптеген функциялар орындайтын аса қажетті орган. Соңғысы ұрпақ пен аналық ағзаларды байланыстырады. Сонымен қатар плацента ана мен баланың қанының араласуына тосқауыл болады. Плацента екі бөліктен тұрады: ұрықтық (фетальдық) және аналық бөлігі (Pars Materna). Фетальды жағы бұтақталған хорион, ішкі жағында бірге бітіп өскен амнион қабығы, ал аналықтық бөлігі эндометрий өзгеруінен пайда болған, туылған соң сыртқа түседі.

Плацентаның өсуі 3-аптадан басталады да, үшінші даму айында аяқталады. 6-8 аптада қан тамырлары айналасындағы дәнекер ұлпа элементтерімен толығады. Фибробласт дифференцировкасында және оның коллаген синтездеуінде А және С дәрумендерінің рөлі аса қажет. Егер осы дәрумендер аз болса өздігінен түсік болады.

Хорионның дәнекер ұлпасында негізінен көптеген мөлшерде гиалурон және хорионтин күкіртті қышқылдары болады, соның негізінде плацентаның (сіңіру) өтімділігінің реттелуі жақсы жүреді. Плацента дамыған гистрофты қоректі гемотрофпен алмасады да, оған хорионның протеолитикалық белсенділігіне байланысты екені белгілі. Бұл жағдайда хорион ворсинкаларын қан жуып өтеді, бірақ эмбриондық қанмен ана тамырындағы қан ешуақытта араласпайды, эндометрийдің бұзылған қантамырынан лакундеріне құйылады.

Гемотохорион тосқауылы (барьері) екі қан айналымын бөліп тұрады. Оның құрылымы: ұрпағының қантамыры эндотелий делінеді, оның сырты дәнекер ұлпасымен қапталған, хорион эпителийі (цитотрофобласт және симпласттрофобласт) фиброидтан құралып, кейбір орындарды ворсинкалар жауып тұрады. Плаценттің ұрықтық бөлігі 3 айлық даму мезгілінде хорионның бұтақталған пластикаларынан құралады, оның негізі коллагендік (жіпшелер) дәнекер ұлпасынан жаралады, сыртынан цито және симпластотрофтық элементтері жауып тұрады. Хорионның бұтақталған ворсинкалары эндометрий жағында жақсы жетілген. Бұнда олар плацентадан өтеді де, өзінің жоғарғы жағымен бұзылған эндометрийдің базальды бөлігіне батырылып тұрады.

Хорион эпителийі немесе цитотрофобласт ерте даму кезінде овальды ядролары бар бір қабатты эпителийлер, митозбен көбейеді. Одан симпласттрофобластқа айналады. Бұл құрылымында протеолитикалық және тотықтырушы ферменттер өте көп болады (АТФ-аза, негіздік және қышқылдық фосфотаза, цитохром-оксидаза НАМФ-диафераза, т.б. 60-қа жуық ферменттер). Олар бәрі аналық пен ұрықтық зат алмасу процесінде аса қажет.

Екінші айдағы дамуынан бастап хорион эпителийлік құрылымы жұқара бастайды да, біртіндеп симпластотрофобластпен алмастырылады, осы кезеңде осы құрылым, жуандығымен цитотрофобластан асып түседі. 9-10 аптада симпласт беткейі лакундерге қарай дами бастайды, содан көптеген микроворсинкалар дамып, оның түрі щеткалық әдіпке ұқсайды. Сонымен көбеюдің биологиялық мәселерінің көптеген үдерістері эволюциялық дамудың негіздерімен тығыз байланысты екен. Болашақ ұрпақ өз түрін сақтауға биологиялық заңдылықтарға сүйеніп, ерте дамудағы қысқа ғана кезеңді (9 айдан аз ғана жоғары) қайталап, орта жағдайына бейімделуден өтеді де, жаңа ағзаның негізін қалайды, көбейеді, сол жолмен өніп-өсуі жүретінін білдіреді.

Әдебиеттер:

1. Вилли К., Детье В. Биология. – М.: Мир, 1974. – 822 с.
2. Өтесінов Ж.Ө. және басқалары. Сүтқоректілердің көбею биотехнологиясы және эмбрионженерия негіздері. – Қызылорда, 1998. – 236 б.

Резюме

В статье дается филогенетическое обоснование раннего внутриутробного развития у млекопитающих. Рассматриваются различные методы оплодотворения, этапы развития эмбрионов. Приводятся примеры по размножению млекопитающих.

Summary

This article touches upon the phylogenetics basement of earlier fetal development in mammals. In addition, different methods of fertilization and the stages of embryo development are considered. There were given examples according to mammal breeding.

ӘОЖ 612.15+612.398.1

АРАЛ ӨңІРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫН ШЕШУДІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Б.Ж. ШІЛДЕБАЕВ,

*педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*

XXI ғасырда тіршіліктің көзі саналатын су тапшылығы адамзат үшін өте үлкен мәселеге айналып барады. Күннен-күнге оның әлеуметтік, экологиялық маңызы артпаса, кеміп отырған жоқ. Тіпті қазірдің өзінде ол өзінің жетіспеушілігі жағынан көмір, мұнай, газ сияқты қазба байлықтармен бәсекелесе бастады. Сондай-ақ су барлық тіршіліктің қозғаушы күші, тетігі ретінде Жер шарындағы тіршіліктің тұрақтылығын қамтамасыз етудегі рөлі айқын білініп отыр. Оның үстіне Гоби, Такламакан, Қызылқұм, Қарақұм сияқты алып шөлдері бар Орталық Азия мен Қазақстан тұрғындары үшін судың маңызы бағасыз табиғи қорға айналды. Жасыратыны жоқ, Қызылорда өңірінде адамның өз қолымен жасалған Арал апаты орын алды. Құрлықтың миллион жылдар бұрын қалыптасқан табиғат биоценозы бұрын-соңды болмаған апатқа ұшырады. Миллиондаған халқы бар елді мекенді асырап отырған Сырдария өзенінің ауқымы қусырылып, тіршілік тынысы тарылды. Аралға су жетпей, теңіз шөлге айналып, ондаған балық комбинаттары мен балық өңдеу зауыттары жабылып, мыңдаған отбасы ішіп-жеп отырған несібесінен айрылды. Елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы нашарлап, туған қоныс-мекенін тастап үдере қоныс аударды. Осының бәрі 50-60 жылдың ішінде ғана жүзеге асып, Арал апатының шындыққа айналғанына баршамыз куәміз.

Бүгінгі мақсат – Арал өңірінде орын алған апаттың себеп-салдарын көпшілік қауымға түсіндіру. Әрине, Арал теңізін құтқару және қалпына келтіру төңірегінде 30-40 жылдай мемлекеттік, халықаралық деңгейде талай ғылыми тәжірибелік конференциялар, семинарлар мен дөңгелек столдар үстінде ғалымдар мен ауыл шаруашылығы практиктерінің пікірлері айтылып, ірі ғылыми жобалар тіркелді. Осының бәрін Арал апатының тағдырына бүкіләлемдік мән берілуі деп түсіну керек. Оны біз осы өңірде 2010-2011 жылдар аралығында өткен бірнеше халықаралық конференциялар материалдарынан жақсы білеміз. Соның ішінде мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей қолдауымен қолға алынып отырған бірнеше ғасыр құрылыстары жүзеге аса бастағаны белгілі. Соның ірілерінің бірі – «Сырдария өзені арнасын реттеу және Солтүстік Арал теңізін қалпына келтіру» (САРАТС) бағдарламасы өз кезегінде «XXI ғасырдың жобасы» деген атаққа ие болуы тегін емес еді. Аталмыш жобаның бірінші кезеңін жүзеге асыру нәтижесінде Аралдың қазақстандық солтүстік бөлігінің әлеуметтік-

экологиялық ахуалы жақсара бастады. Яғни, Кіші теңіз суының деңгейі 42 метрге жетсе, су айдынының аймағы 2606-3156,6 шаршы шақырымға артты. Құрғап қалған көлдер жүйесі суға толып жоғалып кеткен балықтың 13 түрі қайта пайда болды. Елбасы Кіші Аралды қалпына келтіруді қайта-қайта тапсыруы аралдықтардың көңіліне үміт отын ұялатып, Арал тұрғындарының әлеуметтік-экологиялық проблемаларын шешу мүмкіндігінің бар екеніне көздерін жеткізді. Оның айғағы – Көкарал бөгетінің салынуы және Көксарай су реттегішінің жасалуы. Бұл жобалардың маңыздылығы сонда – Көксарай су реттегішіне 3 млрд. су берілмек. Демек, Кіші Арал орнына келеді. Ол өз кезегінде Қызылорда облысын жыл сайынғы су басып қалу қаупінен біржола құтқармақ. Ең бастысы, Көксарайға көктемде арнадағы артық су жиналып, ал жаздай ауызсудан тапшылық көретін Сыр тұрғындарын сумен қамтамасыз ету мүмкіндігі туып отыр. Сондықтан да болар, бүгінгі конференция алда тұрған Арал проблемасын шешуге бағытталған ең маңызды жиын болып отыр. Бүгін біз білікті ғалымдар мен тәжірибелі су шаруашылығының қызметкерлерінің аузынан «XXI ғасырдың жобасы» атанған Арал проблемасын шешудің жаңа жобаларының куәсі болатынымызға кәміл сенемін.

Әрине, Арал проблемасын аралдықтардан жақсы білмейтіміз рас. Бірақ Арал апатының ғылыми-экологиялық негізін, себеп-салдарын жақсы білеміз. Арал өңірінен алшақ жатқан қандастарыңыздың көбі «Арал теңізінің болашағы жоқ» деп есептейді. Тіптен кейбір пайымдаушылар шамамен 2050 жылдары «Арал теңізінің орнында Аралқұм шөлді аймағы пайда болады» деп те отыр. Осының бәрі Арал өңірі тұрғындарының әлеуметтік, психологиялық, экологиялық жағдайына кері әсерін тигізуі мүмкін. Сондықтан Арал өңіріндегі бүгінгі жақсы бетбұрыстарды халыққа жеткізіп, көпшіліктің жақсы ой-пікірін қалыптастыру сіздер мен біздердің міндетіміз деп санаймыз. Бұл бағытта ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізіп, Арал тағдырын зерттеп, кемел ой айтып, ғылыми жобалар ұсынып жүрген ғалымдарымыз бен зиялы қауым өкілдері аз емес. Сондай көрнекті ғалымдардың ішінде ғылым докторлары – А. Тұрсынов, А. Нұрғызарынов, А. Саданов және т.б. еңбегі зор. Сол сияқты Арал өңірін қайта түлетуге еңбек сіңіріп жүрген облыс әкімі Б. Қуандықов, САРАТС жобасының үйлестірушісі С. Смайылов, Н. Қыпшақбаевтардың және т.б. аудан әкімдерінің Арал өңірінің экологиялық проблемаларын шешуде сүбелі еңбек етіп, қоғамдық пікір туғызып жүргені көпшіліктің көңілінен шығуда. Әсіресе, профессор А. Тұрсынов мырзаның «Арал теңізін құтқаруға болатынын» ғылыми-практикалық тұрғыдан дәлелдеуі бүкіл қазақстандықтарды дүр сілкіндіріп үлкен сенімге жетелеп отыр. Ғалымның Арал апатының себеп-салдарын экологиялық тұрғыдан дәлелдей отырып, болашақта оны құтқаруға болатын дәйекті ғылыми тұжырымдарын ұсынды. Шын мәнінде, профессор А. Тұрсыновтың Арал апатының қолдан жасалғандығын дәлелдеуі ащы да болса шындық еді. Бұрынғы Кеңес үкіметінде қалыптасқан тоталитарлық жүйе табиғат заңдарымен ешбір санаспаған еді. Яғни, табиғаттың біртұтастылық заңын бұзып, жер, су ресурстарының, қазба байлықтардың сарқылатынын біле отырып, саналы түрде жасаған экологиялық сауатсыздық пен қатыгездіктер еді. Мәселен, Сырдария мен Әмудария өзендерінің бойына ата-дәстүрімізде жоқ күріш, мақта дақылдарын барынша өсіру қаншалықты қажет еді? «Судың да сұрауы бар» деп табиғат заңдылықтарын жақсы білген ата-бабалар дәстүрін бұзу неге әкеліп соқты? Осы өңірде мыңдаған жыл шаруашылық жүргізіп, экологиялық тепе-теңдікті ғылыми негізде сақтай білген ата-бабаларымыз туған өлкесінің төл табиғатын бізге жеткізгенін қалай ұмытамыз? Бас-аяғы 40-50 жылдың ішінде Арал апаты орын алды. Ал «Іле-Балхаш» проблемасы Аралдан да кем емес екенін кеш түсініп отырған жоқпыз ба? Семей полигоны, Байқоңыр ғарыш айлағы, Саршаған, Нарын, Тайсойған полигондары, Каспий теңізі проблемалары ешкімді бейжай қалдырмауға тиіс. Бүгін осы проблемалар да қамтылуы керек деп ойлаймыз.

Профессор А. Тұрсынов көтерген Аралды құтқару жобаларының ішінде «Сібір өзендерін Аралға бұру» жобасы көңілге қонады дер едім. Себебі бұл жоба сонау 1986 жылға дейін өз күшінде тұрып, оның жобасы мемлекеттік деңгейде бекітілгені белгілі. Бірақ бұрынғы КСРО президенті М.С. Горбачевтың бұйрығымен тоқтатылды. Себебі біздің егеменді ел болатынымызды алдын-ала сезе білген әккі басшы Ресей өзенінің экологиялық жағдайын, елінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын болжап үлгірген еді. Осы жобаның болашағы зор екенін бағдарлай білген Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев 2010 жылы

Шығыс Қазақстан облысында Ресей президенті Д. Медведевпен кездесу кезінде осы аталған проблеманы жүзеге асыруды ресми түрде айтқан болатын. Бірақ, өкінішке орай, түбегейлі жауап әзірше жоқ. Бұл нені білдіреді? Ол туралы А. Тұрсынов мырзаның пікірін 100 % қолдауға әбден болады. Расында да Байқоңыр ғарыш айлағын 10-20 жылдап Ресейдің пайдалануы Қазақстан тұрғындарына, табиғат тіршілігіне қаншама зардаптар әкелуде. Зымырандардың қаншасы төбемізге құлап, жерімізді улап, денсаулығымызды құртып жатыр. Соның өтемі ретінде неге Сібір өзендерін Аралға бұрмасқа? Міне, осы проблеманы аяғына жеткізуде Елбасына қолдау көрсетіп, қоғамдық пікір туғызуымыз керек. Оның үстіне Арал апаты аймағында өмір сүріп жатқан 5 миллионнан астам халықтың тағдырын бүгін шешпесек, ертең кеш болары сөзсіз.

Арал тағдыры бүкіл жер шары тұрғындарына ортақ проблема екенін бүкіл әлем біледі. 2010 жылы Қазақстанға арнайы сапармен келген БҰҰ-ның Бас хатшысы Пан Ги Мун Аралда болып, «Жаһандағы ең ірі экологиялық апат аймағы» деп атауын қалай түсінеміз?! Бұл сөздің мағынасын көзі ашық, көкірегі сергек, бойында ұлттық намысы бар әрбір қазақстандық азаматтардың түсінуі тиіс деп ойлаймын. Бүгін Арал, ертең Балқаш пен тағы біраз көлдеріміз, өзендеріміз шөлге айналса, келесі ұрпақтарымыздың тағдыры не болады, ағайын? Сондықтан бір кісідей жұмылып президентіміздің көтерген мәселесін зиялы қауым, көпшілік қолдайық. Өйткені Арал апатына белгілі бір деңгейде Ресей жауапты екені анық. Елбасымыздың Аралға Сібір өзендерін бұру мәселесін көтеруі аяқсыз қалмайтынына сенеміз.

Қорыта келгенде, Арал төңірегіндегі проблемаларды сараптай келіп, оның экологиялық негізі мынада екенін назарларыңызға ұсынамыз. Олар:

– Елбасының Аралға деген кемел саясатына қолдау көрсете отырып, БҰҰ-ның Бас хатшысы Пан Ги Мунның Арал проблемаларын шешудегі ынтасын ескеріп халықаралық қор жұмысының рөлін күшейтуге игі ықпал ету;

– Орталық Азия республикаларының Аралды құтқаруға деген ортақ пікірін туғызып, теңізді қалпына келтіруге бағытталған іргелі жобаларға қатысуын мемлекетаралық деңгейде шешуге жұмылдыру жоспарын жасау;

– Теңіз табанынан көтерілген улы тұз қосылыстарын азайту және жаңа биоценоз қалыптастыру мақсатында фито-мелиоративтік жұмыстарын күшейту үшін бүкіл қызылордалық «Экотеңіз-12» акциясын ұйымдастыру («Жасыл Ел» бағдарламасы негізінде);

– «Арал апатын» одан әрі ушықтырмау мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінен Аралды құтқаруға бағытталған инновациялық іргелі ғылыми жобаларға ерекше статус беріп, қомақты қаржы бөлуге ұсыныс жасау;

– Арал проблемасын шешуге оңтүстік-батыс өңірдегі барлық жоғары оқу орындарының (Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің базасы негізінде) білікті ғалымдар потенциалын пайдаланып «Арал және инновациялық жоба» атты конкурс ұйымдастыру;

– Арал апатын Қазақстанның басқада аймақтарында қайталамас үшін көпшілік арасында, барлық білім беру жүйелерінде экологиялық білім мен тәрбие беруге негізделген экологиялық білімді акпараттандыру жұмыстарын ұдайы жүргізу;

– 12 жылдық білім беру жүйесіне көшуге байланысты жалпы білім беретін орта мектептің оқу жоспарына «Экология негіздері» пәнін енгізуге ұсыныс беру (11-12 сыныптар негізінде);

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі және қоршаған ортаны қорғау министрлігімен бірлестікте Арал апатының бүгінгі күнге дейінгі табиғат кешендеріндегі антропогендік өзгерістерге экологиялық мониторинг және сараптама жасау арқылы Аралдың болашағына баға беру болып табылады.

Резюме

В статье анализируются причины возникновения Аральской экологической катастрофы. Рассматриваются способы разъяснения общественности ее последствий. Подробно излагаются меры, предпринимаемые в Республике Казахстан, по оздоровлению экологической обстановки Приаралья, а также до-

стижения в данном направлении. Предлагаются научно обоснованные рекомендации по дальнейшему оздоровлению экологии Приаральского региона.

Summary

The article analyzes the causes of the Aral Sea ecological disasters and considers the ways of public implications concerning the disaster. There was described detailed measures in the Republic of Kazakhstan on the way of ecological situation rehabilitation in the Pre-Aral Sea region, also given achievements in this field. There are scientific based recommendations for the further ecological betterment of the Pre-Aral Sea region.

МАЗМҰНЫ

<i>Бисенов Қ.А.</i> «Білім – ғылым – инновация» постиндустриалды үштігі аясында инженерлік кадрлар даярлаудың өзекті мәселелері	3
---	---

ҚОҒАМДЫҚ ҒЫЛЫМДАР

<i>Кәрібаев Б.Б.</i> Бұқарбай батыр және XVIII ғ. II жартысы мен XIX ғ. I жартысындағы қазақ мемлекеттілігі мәселесі	8
<i>Қойгелдиев М.Қ.</i> Естекбайұлы Бұқарбай батыр және оның заманы	14
<i>Нұрымов Ә.С.</i> Қазақстан Республикасындағы миграциялық саясаттың кейбір мәселелері	20
<i>Сейсенов Б.</i> Орталық Азия – «Азиль мәдениетінің» ең ежелгі ошағы	22
<i>Сейсенов Б.</i> Адамзат өркениетіндегі ғаламдық проблемалар және оны шешудің жолдары	27

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ

<i>Абиыр Қ.Е.</i> Қазақ тілін оқытудағы қатысым теориясының негізі	33
<i>Әшірбекова Г. М.</i> Қаратаевтың әдеби-сын мақалалары	37
<i>Дүйсенгазин С.</i> Мұхамеджан Қаратаев және XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясының зерттелуі	39
<i>Кеншинбай Т.И., Амиралиева Э.А.</i> Способы передачи примеров переводческих трансформаций по роману Л.Н. Толстого «Хаджи-Мурат»	43
<i>Шандыбаева А.Б.</i> Мұхамеджан Қаратаев – көркем аударма өнерінің теоретигі	46

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫ

<i>Асылбекова Ж.О.</i> Ұлттық ойындар арқылы мектепке дейінгі балалардың танымдық әрекетін дамыту	49
<i>Тұрбаев Б.Е., Қанибайқызы Қ., Жаңабаева Г.</i> Үздіксіз білім беру үдерісінде өндірістік мазмұнды есептер шешудегі сабақтастық	52

ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫ

<i>Абдулхаирова Э.М.</i> Современные тенденции развития Аграрного рынка труда в процессе глобализации	55
<i>Болатқызы С.</i> Жаңаратын энергия көздерінің дамуы	63
<i>Дузельбаева Г.Б.</i> Механизм стратегического управления инвестиционными процессами в экономике	67
<i>Жүнісова Б.Т.</i> Банк саласындағы маркетингтік зерттеулердің ерекшеліктері мен бағыттары	72

Көшербайұлы А. Арал өңірі аймағын дамытудың әлеуметтік-экономикалық проблемалары және оларды шешу жолдары 75

Смагулова Ж.Б. Управление маркетингом в туризме Республики Казахстан 80

ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

Бисенов Қ.А., Үдербаев С.С., Байконурова А. Табиғи және техногенді шикізат негізінде ұялы бетонды өндірудің технологиялық параметрлерін жасау 84

Мамырбек А. Beysenbi, Pazharbek Y. Saparkhojayev, Nurbek P. Saparkhojayev Introduction to RFID technology 90

Мырзахметов М. Вопросы подготовки кадров и реализации инновационных проектов в рамках правительственных программ модернизации и развития жилищно-коммунального хозяйства и «Ак-булак» 93

Өтетілеу А.Ө., Кенесары А.Б., Бақалбаева Г.А. Объектіге бағытталған тәсілдің принциптері және негізгі идеялары 97

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ

Абилдаева Ж., Демесинова А.А. Вредители и болезни сои в рисовом севообороте Кызылординской области и меры борьбы с ними 100

Бегалиев К.Б., Байжанова Б.К., Отемисова А.С. Технология выращивания озимой пшеницы в условиях Кызылординской области 102

Жанзақов М.М., Шегенбаев А.Т., Бекенова А.Е. Егіс танаптары ластануын есептеу және картаға түсіру әдістемелері 105

Жанзақов М.М., Шегенбаев А.Т. Карантиндік арам шөптер және олармен күресу шаралары 110

БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ХИМИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ

Аппазов Н.О., Сыздықбаев М.І., Нарманова Р.Ә., Ақылбеков Н.И., Ниязова Д.Ж. Құмкөл мұнайының толық құрамын, шығу тегін және қасиеттерін зерттеу 114

Кривоногов С.К., Кеншинбай Т.И., Курманбаев Р.Х. Голоценовая история Аральского моря: уроки прошлого для понимания его современного состояния 117

Ибадуллаева С.Ж., Оңғарбаева Г.Р. Арал өңірінің әр түрлі аймақтары тұрғындарының қан сарысуындағы креатинин мөлшерінің мониторингі 121

Нұрғызарынов А.М., Арыстан Е.Ж. Арал теңізінің құрғаған орны мен жағалауындағы жерлердің агромелиоративтік күйі және оларды пайдалану жолдары 124

Өтесінов Ж. Сүтқоректілердің көбею биологиясының эволюциялық негіздері 127

Шілдебаев Б.Ж. Арал өңірінің әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешудің экологиялық негіздері. 130

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің

ХАБАРШЫСЫ

1999 жылғы наурыздан бастап шығады Издаётся с марта 1999 года

Жылына екі рет шығады Издаётся два раза в год

Редакция мекен-жайы:
120014,
Қызылорда қаласы,
Әйтеке би көшесі, 29»А»
Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда
мемлекеттік университеті

Телефон: (7242) 26-17-95

факс: 26-27-14

E-mail: ksu@korkyt.kz

Адрес редакции:
120014,
город Кызылорда,
ул.Айтеке би, 29 «А»,
Кызылординский
государственный
университет
им. Коркыт Ата

Құрылтайшысы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
Учредитель: Кызылординский государственный университет им. Коркыт Ата

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі
Берген 450-Ж бұқаралық ақпарат құралын есепке алу куәлігі, 29 қазан, 1998 ж.

Техникалық редактор: **Кұлманова С.А.**

Теруге 29.02.2013 ж. жіберілді. Басуға 29.03.2013 ж. қол қойылды.
Форматы 60x84 ¹/₈. Көлемі 18,14 шартты баспа табақ. Таралымы 500 дана.
Тапсырыс 0062. Бағасы келісім бойынша.

Сдано в набор 20.09.2012 г. Подписано в печать 07.12.2012 г.
Формат 60x84 ¹/₈. Объем 18,14 усл.п.л. Тираж 500 экз. Заказ 0062. Цена договорная.

*Жарияланған мақала авторларының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.
Мақала мазмұнына автор жауап береді.
Қолжазбалар өңделеді және авторға қайтарылмайды.
«ХАБАРШЫДА» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.*